

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Бекжігіт СЕРДӨЛІ

АРТ-ЖУРНАЛИСТИКА

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

ТҮРКІСТАН
2020

ББК 81.2 - 5
С 90

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Академиялық комитетінің кеңесі басып шығаруға ұсынды (№ 2 хаттама, 2020 жылдың 14 қазаны)

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Сұлтанбаева;
филология ғылымдарының докторы, профессор М. Шындалиева;
филология ғылымдарының кандидаты, доцент С. Садықов

Сердәлі Б.

С 90 Арт-журналистика: Оқу құралы. – Түркістан, 2020. – 88 бет.

ISBN 978-6-1565-5785-8

Қандай қоғамда болмасын, мемлекеттік идеологияны қалыптастыруда сөз өнері тізгінін қолға ұстаған тұлғалардың шешуші рольде болғандығы ақиқат. Күшпен, қарумен дүниеге келген идеологиялық мұраттың ғұмыры баянды болып көрген жоқ. Сондықтан бұл курс идеология саласындағы практик-журналистердің тәжірибесінен хабар береді.

Оқу құралы журналистерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ББК 81.2 - 5

ISBN 978-6-1565-5785-8

© Сердәлі Б., 2020

КІРІСПЕ

Қандай қоғам болмасын мемлекеттік идеологияны қалыптастыруда сөз өнері тізгінін қолға ұстаған тұлғалардың шешуші рольде болғандығы ақиқат. Күшпен, қарумен дүниеге келген идеологиялық мұраттың ғұмыры баянды болып көрген жоқ.

Өркениетті заман саналатын қазіргі ХХІ ғасырда да сөз өнері, яғни, Әдебиет пен Баспасөздің қоғамға тигізер әсер-ықпалы зор. Журналистиканың төртінші билік атануы да бекерден-бекер емес.

Жыраулар поэзиясы бәсеңдей бастаған ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамында би-шешен, ақындық тұлғалардың тарих сахнасына шығып, ел мүддесіне ықпал етуі де табиғи заңдылық.

Қазақ даласында болып жатқан түрлі өзгерістер қоғамдық болмыстың барлық салаларына өз әсерін тигізе бастады.

«Қазақ жеріне, қала түсті, бекіністер салынып, орыс әскерлері кірді. Шұрайлы жерлер тартып алынып, орыс шаруалары қоныстандырылды. Ел тіршілігінің шеңбері тарылып, отаршылдық темір құрсаудай қыса бастады. Осыған орай дербес ақындық поэзия қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайларын жырлауға бет бұрып, ел басындағы ауыр мұңды, қайғыны суреттеуге ойысты».

Қоғамдық формациялардың өзгеруі халықтың рухани ой-өрісіне де белгілі дәрежеде әсер-ықпалын тигізеді. Мәселен кеңес заманында көркем әдебиет алдыңғы орынға шықса, өтпелі кезеңде публицистиканың ықпалы зор болды. Мұндай өзгерістер әр дәуірде, әр қилы қоғамдық жағдайларға байланысты орын алып отырды. ХІХ ғасыр айтыс өнерінің өркендеп, қанатын кеңге жайған тұс еді. Қазақ даласында бағзыдан келе жатқан айтыс, шешендік сөз өнері қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге араласып, өз үнін, ықпалын таныта бастады. Ортақ жаудың тарих сахнасынан жойылуы, қазақ тайпа-руларына бүтіндей тыныштық әкелгенімен, өз ішіндегі жер дауы, жесір дауы, барымта сияқты ежелден келе жатқан ескі әдет етекпен тартуын қоймады. Қазақ үшін мұндай келеңсіздіктер кейде рулық, жүздік сипат алып, мемлекеттің іштен іруіне әкеліп соқтыратын.

Қазақтың осындай кеселден арылтуда немесе ел ішіндегі тыныштықты, бейбітшілікті сақтауда би-шешен, ақындардың рөлі ерекше болды. Мұндай жағдайда ел басқарып отырған хан-сұлтандардың өзі халық ішінен шыққан қабырғалы билер мен от ауызды, орақ тілді шешендерге, ақындарға арқа сүйегендігі тарихи шындық еді.

Белгілі ғалым Нысанбек Төреқұл: «Қазақта би-шешендер ерекше тұлға. Ерекше тұлға дейтін себебіміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда мұндай тұлға, мұндай елді аузына қаратқан адамдар болған емес. Шығыс халықтары арасында біздің билерімізге ұқсас бірлі-жарым

болуы мүмкін, бірақ олар дәл қазақтағыдай еместін. Демек, би-шешендер тек қазаққа ғана тән құбылыс. Олар айтқан билік, шешендік сөздер тек қазақ арасында кездесетін халықтық асыл қазына болып табылады», - деп жазады.

Ғалым пікіріне сүйене отырып, ұлтымызға тән осынау ұлы тұлғалардың ел тарихындағы еңбектерінің елеулі екендігіне олардың бүгінге жеткен шығармашылық мұрасын зерделей отырып көз жеткіземіз. Тіпті, қара қылды қақ жарып, төрелік айтқан билер дәуірі біздің заманымыздан бұрынғы II-III ғасырларда болғандығын зерттеушілеріміз дәлелдеп жазу үстінде. Қазақ халқының тарихында Төле би, Қазыбек би, Әйтек би есімдері ел бірлігі мен ынтымағы, мемлекет іргесінің нығаюы жолында ұлт болып қалыптасудың негізін қалаған қайраткерлер ретінде бағаланады.

1. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗЕКИ КӨСЕМСӨЗІ

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - дейді халық даналығы. Би болу, билік айту сөз білетін кісінің бәріне бірдей бұйырмаған. Жоғарыда келтірілген халық даналығы би-шешеннің өзін ар тезіне салатын қағида іспеттес.

Журналистертер де би-шешендер сияқты қашанда әділ, адал болып, кез-келген даулы мәселенің анық-қанғына жетекенсоң сол күйінде тыңдарманына, көрерменіне жеткізе білуі керек.

Қазақ елі танымдық-тағылымдық, тәрбиелік-тәжірибелік мәні бар өнегенің, өсиеттің көбін ауызша айтып, ауызша таратты. Ұрпақ қамын ойлағанда, ең әуелі бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Өмірге жаңа келген сәбидің бойына қарапайым әуені бар бесік жырынан бастап, жаңылтпаш, жұмбақ, тақпақ, өлең, ән, жыр, ойын арқылы азаматтық, адамгершілік қасиеттердің сынығын ер жеткенге дейін сыналап ендіре берді. Ес білген жайда осындай өнеге үйретер тәлім айтар, тағылым берер шешенсөз - терме болды.

XIX ғасыр шығармашылық қана емес, орындаушылық өнердің де ерекше қарқынмен дамыған кезеңі. Бұл кезде бұрынғы жыраулардың ел ісіне араласу, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қозғау, ой салу, бағыт беру, жөн сілтеу қызметі бәсеңсіп, яғни қайраткерлік функциясы төмендеп, тек үгіттік, насихаттық іске бой ұрып, орындаушылық өнерге бет алған шағында, олардың заман жайында, өмір турасында, қоғам хақында, адам туралы, тіршілік жөнінде сөз қозғаған толғауларының ең ұтымды, өткір заманға, адамға қажет нұсқаларын жыршы-термеші, өлеңшілер іліп алып, елге таратуды жөн көрді. Сөйтіп үлгілі сөзді теріп айту, нұсқалы ойды насихаттау бел алды. Мұның тарихи-әлеуметтік себептері бар еді.

Бұрын ел шетіне жау тиіп, тынымсыз өмір, аласапыран күн кешіп келген қазақ еліне қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман туып, аттың жалы, түйенің қомы қалып, бейбіт өмір кешті. Елді сыртқы жаулардан сақтандыру, бірлік пен ынтымаққа, адамгершілік қасиеттерге үндеу уақыт сұранысының алдына шықты. Бұл сұранысты өтеуді ақын-жыраулар, термеші-жыршылар, сал-серілер мен өлеңшілер өз міндетіне алды. Осы міндетті атқару жолында олар әр түрлі әдістер, көркемдік құралдар, эстетикалық тәсілдер қолданды. Біреулер жыр жаттап айтты, енді біреулері өсиет-өнеге сөздер айтты, сан алуан аңыз-ертегілер шығарды, осылардың ішінде ақыл айтудың ең ұтымды да пәрменді тәсілі ретінде терме жанры да алдыңғы қатарлардың біріне көтерілді. Өйткені терме жыр, толғау секілді ұзақ болмады, тақпақ секілді тым қысқа да болмады. Оның үстіне ақыл-нақыл, үлгі-нұсқа, үгіт-насихат қара сөзбен емес, ырғақты сөзбен, ырғақты сөзбен ғана емес, әуенді сөзбен,

бұл әуенді сөз музыка аспабының сүйемелімен орындалды. Сөйтіп оның әсерлілігі де, әсемдігі де, пәрменділігі де, ұтымдылығы да өзіндік мақсатқа ие болып, жанр ретінде дара өмір сүре бастады.

2. ШЕШЕНДІК ӨНЕР ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ

Сөйлеу мәдениетінің негізі әдеби тіл болып табылады. Ол ұлттық ана тілдің ең жоғарғы көрсеткішін құрайды. Бұл - мәдениеттің, әдебиеттің, білім берудің, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі.

Әдеби тіл адамдар қызметінің әр түрлі саласында қызмет көрсетеді. Ең негізгілеріне тоқтасақ, олар - саясат, ғылым, мәдениет, сөз өнері, білім беру, заң шығару орындары, ресми-іскерлік қарым-қатынас, тұрмыстық тіл қатысу, ұлтаралық қарым-қатынас, баспасөз, радио, телевидение.

Ұлттық тілдің әр алуан түрлерін, мәселен, қарапайым ауызекі сөйлеу тілі, аймақтық және әлеуметтік диалектика, жаргондарды салыстырсақ, әрине, әдеби тіл басты роль атқарады. Әдеби тіл ой-түсініктер мен атаулардың мағынасын танытуда, эмоция мен ойды білдіруде ең ұтымды тәсілдерге құрылған немесе бойына жинақтаған.

Әдеби тіл мен тілдің әдеби нормаға жатпайтын түрлерінің арасында өзара ықпал ету процестері үздіксіз болып жатады, әсіресе ауызекі сөйлеу стилінде көбірек байқалады.

Ғылыми лингвистикалық әдебиетте әдеби тілдің негізгі белгілері былайша көрсетілген:

Бірінші - сұрыпталған, яғни М.Горькийше айтсақ, әдеби тіл - жазушылар, ақындар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері сияқты сөз шеберлері сұрыптаған, жетілдірген тіл; Екінші - тұрақтылық; Үшінші - тілді қолданушылар мен жеткізушілердің барлығына жүктелген міндеттеме; Төртінші - жүйелілік;

Бесінші - функционалды стильдердің болуы.

Тартымды көркем сөйлеу тәсілдері:

М.В. Ломоносов: "Шешендік дегеніміз кез келген материя туралы әсерлі (красно), бейнелі баяндау, сол арқылы өз пікіріңе басқаларды ұйыта білу қабілеті", - деген болатын.

Көркем тілде сөйлеу әңгімеңіздің тиімділігін арттырады, айшықты сөз тыңдаушылардың қызығушылығын және тақырыпқа деген адамның ықыласын оятады, адамның ойына ғана емес, сезіміне, көзге ойша елестету қабілетіне әсер етеді.

Көркем, бейнелі, айшықты тілмен тыңдаушылардың ықыласын игеріп, оларға белгілі бір дәрежеде ықпал ете білу өз сөзіңізге ұйыту мақсатынан туындайды. Айшықты, мәнерлі, көркем тілде сөйлеу сіздің сөзіңіздің тиімділігін арттырады, тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады, әңгіме өзегі болып табылатын мәселе төңірегінде барлық

адамдардың ықыласын топтастырып, олардың санасына, сезіміне, елестету қабілетіне әсер етеді.

Ғылымда айқын сөйлеу, айшықты сөйлеу деген ұғымның бір ізге түскен анықтамасы жоқ, ғалымдар барлық деңгейдегі тіл құралдарының көмегімен тіл анықтығы пайда болады дейді.

Б. Головин деген орыс ғалымы жекелеген адамның сөйлеу тілінің айшықты болуы төмендегідей шарттарға байланысты болады дейді:

- сөйлеуші адам санасы қызметінің, ойлау қабілетінің ерікті болуы;
- сөйлеуші адамның өзі айтып немесе жазып жүрген мәселесіне деген қызығушылық сезімінің болуы, сонымен қатар кімдерге арнап сөйлеп және жазғанын сезінуі керек;

- тілді және оның көркемдеу тәсілдерін жетік білу;

- тіл стильдерінің ерекшеліктері мен құрылымдарын жақсы білу;

- дұрыс сөйлеуге, әдеттеріне жүйелі және саналы түрде жаттығып отыру;

- өз сөзіңді бақылай білу қабілеті, сөздік қорыңда құрғақ қарабайыр сөздер кездесе ме немесе сөзіңнің көркемдік деңгейі қандай, осыларды ескеріп отыру;

- сөйлеушінің көркем, көрнекті тілде сөйлеуге немесе жазуға саналы түрде икемделуі, ниеттің, құлшыныстың болуы және соған деген психологиялық негізделген шарттар немесе талаптарды орындау.

Сөйлеуші адамға өз сөзін образды, әсерлі етіп шығару үшін көркем тәсілдер, тілдің бейнелеу және көркемдеу құралдары, яғни троптар, фигуралар, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, қанатты сөздер көмекке келеді.

Тілдің көркемдік құралдарын талдамас бұрын, сөйлеушінің басты қаруы, негізгі пайдаланушы құрал - сөздің ерекшеліктері және оның мүмкіндіктеріне бір сәтке тоқталып көрейік.

Адамды қоршаған заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің бәрінің атауы сөзден тұрады. Мұнымен қоса сөз эстетикалық функцияны да атқарады, ол тек қана затты, қимылды, сапаны атау мүмкіндігімен қоса, көз алдыңызға олардың бейнелі, суретті образын ойша сомдап бере алады. Сөз бейнелілігі деген түсінік көп мағыналылық деген сипатпен тікелей байланысты. Мәселен, нақты бір затты атаған сөз бір мағыналы (троллейбус, машина, қант т.б.), ал бірнеше заттардың, шындықтың құбылыстарын білдіретін сөз көп мағыналы сөздер деп аталады. Белгілі бір дәрежеде көп мағыналылық шынайы өмірдеге бар күрделі қатынастарды білдіреді. Егер заттардың сыртқы бейнелерінде ұқсастық немесе жасырын ортақ белгілер болса, бір нәрсеге тең дәрежеде деңгейлес болса, бұл жерде бір заттың атауы екінші заттың атауына сәйкес келуі мүмкін. Мәселен: ине - тігу машинасының құралы, ине - кірпікшешеннің инесі т.б.

Алғашқы кезде тілде пайда болған сөз мағынасы тікелей деп, ал қалғандары жанама деп аталады. Жанама мағыналы сөздер көбіне

бейнелік көркемдік дәрежеде пайдаланылады. Жанама мағыналы сөздерді қолдану метафора, метонимия, синекдоха сияқты ауызекі тілде пайдаланылатын көркемдік тәсілдерге тікелей байланысты.

Сөздің реңін кіргізу, әдеби тілмен ажарлау жайлы сөз еткенде тілді көркемдеудің тәсілі ретінде ең алдымен *эпитет* ауызға оралады. Эпитет дегеніміз заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Бұл аталған тәсілсіз айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау қиын. Әрине, бұрын-соңды сан мәртебе қолданылып, ығыр болған эпитеттерді қайталай берудің керегі жоқ. Мысалы, эпитет жөнінде Абайдың:

Сур бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан, -

деген өлең жолдарын мысалға алуға болады. Бұл жерде эпитет өлеңге айрықша өң беріп, табиғат суреттерін дәл өрнектеуге қызмет етіп тұр.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі - *теңеу*. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе. Мысалға Ғафу Қайырбековтың өлеңін сыналауға болады:

Шілдеде қандай момақан,

Толқының майда мақпалдай.

Бірнеше жұмсақ алақан

Көтеріп бара жатқандай...

Толқынды осынша жанды суреттеу ақын шеберлігі.

Әдеби тілді ажарлап қана қоймай оны құбылта білу керек. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ, бір сөз бір-ақ нәрсені танытса, оны түрлендіріп құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады. Демек, троптың ең басты мәні таныту тарапында жатыр.

Құбылтудың түрлері көп. Журналистикада ең басты құбылтулардың бірі - ауыстыру, яки метафора - сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

Гималай - көктің кіндігі,

Гималай - жердің түндігі,

Жансүгіров)

Бұл өлең жолдарынан Гималай тауының шынайы образын көреміз, яғни оның биіктігін көкпен таласқан асқақтығынан, алыптығын түндіктей

жер бетін көмкеріп тұруынан тануға болады. Ақын таудың өмірдегі шынайы баламасын дәл таба білген.

Ауыстыру жеке сөздерде немесе сөйлем ішінде ғана ұлғаюмен тынбай, кейде бүкіл шығарманың өн бойындағы бейнелеу тәсіліне көшуі мүмкін, мұны кейіптеу деп атаймыз.

Троптың бір түрі - астарлау, яки символ - бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Мұның өзі ой мен образға әрқашан астыртын, бұлдыр мағына береді деу қате (символды символизмнен айыра білу керек); ең бастысы - символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялы астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат береді.

Топтың келесі бір түрі - алмастыру, яки метонимия (грекше - қайтадан атау) - өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың, өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану. Мұның да әдеби тілде атқарар қызметі әжептәуір: кейде ой ықшамдығы үшін, кейде образ нұсқалылығы үшін қажет. Чехов былай депті: "Сұраншы әйелдің жоқ-жітігін аңарту үшін көп сөз жұмсап, оның бейшара мүшкіл қалпын қазбалаудың қажеті жоқ, иығындағы өрім-өрім жирен жамылғысын әншейін атап өтсең жетіп жатыр".

Әдеби тілді ажарлаумен, құбылтумен қатар, керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл - айшықтау, яки фигура (латынша-келбет, бейне) - сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат - сөздерге ерекше леп, екпін, тыныс беру, сөйтіп, олардың оқырманға әсерін күшейту.

Айшықтаудың түрлері көп. Арнау - адамның, яки ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі. Арнауды Ахмет Байтұрсынов әуелден үш түрге бөлген: жарлай арнау, сұрай арнау және зарлай арнау. Кейін бұл үлгіге айналды.

Сөздің эмоционалдық бояуын, айшықтылығын, бейнелілігін артырып, жандандыру үшін стилистикалық, синтаксистік тәсілдерін қолданады, яғни антитеза, инверсия, қайталау және т.б. Мысалы, Марк Туллий Цицерон билікті тұрпайы түрде тартып алу үшін жасырын әрекеттер жасаушылардың басшысы Луций Сергииге қарсы былай деп сөйлеген:

"...На нашей стороне сражается чувство чести, на той наглость; здесь - стыдливость, там - разврат; здесь - верность, там - обман; здесь - доблесть, там - преступление; здесь - непоколебимость, там - неистовство..."

Бұл жерде қарама-қарсы түсініктер салыстырмалы түрде алынған, мұндай шындықты көлеңкелі жайттармен қарсы қою арқылы ой сабақтау

тыңдаушылардың санасына қатты әсер етеді, мұндай қарама-қарсы келетін құбылыстар мен белгілерді жұптастыру антитеза деп аталады.

Сөз көркемдігін арттырушы бағалы тәсілдердің бірі - инверсия, яғни мағыналық және стилистикалық мақсатпен сөйлемдегі өздердің қалыптасқан орналасу ретін бұзу.

3. ЖУРНАЛИСТИКАДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Оратор үшін нағыз таусылмас кеннің көзі - мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер ойдың мағынасын бейнелі, өте қысқа пішінде білдіруге мүмкіндік береді. Көп жағдайда сөзді бастаудың көзі ретінде, тақырыпты дамыту үшін, айтылған ойды жетілдіру үшін, жағдайды толыққанды ашу үшін, қорытынды жасаудың, шешім айтудың соңғы иүктесін қою үшін пайдаланылады.

Мақал-мәтелдер айтылған ойға иллюстрация, бейнелі параллельдер ретінде келтіріледі, бұл ойды айшықты, сенімді айтуға мүмкіндік береді. Бейнелі иллюстрациялар тыңдаушылардың есінде көпке дейін сақталады. Мақал-мәтелдер сөзді жандандырады, тыңдаушылардың ықыласын аударады, нақты бір психологиялық ахуал қалптастырады, кей кезде сөзге ойнақы әрі мысқыл бояу беру үшін пайда болады.

Тек төмендегідей жағдайларды ескергенде ғана тыңдаушылардың сенімінен шығуға сенім артуға болады: өз тақырыбыңды жетік білу, аудиторияға беймәлім қызықты, жаңа көптеген деректерді баяндап алу, өз әңгімесіне қатысты туындаған сұрақтарға сауатты әрі нанымды түрде жауап беру.

Оратор көп оқыған, жан-жақты білетін, әдебиет, өнер, ғылым, техника саласындағы соңғы жаңалықтардан хабардар адам болуы шарт.

Оратор сөзді құрастырушы ғана емес, ол сол сөзді баяндаушы, тыңдаушыға жеткізуші адам. Сондықтан да мазмұны қызықты мәтінді әзірлеу жеткіліксіз, оны ауызша пішінде жеткізу үшін ауызекі тілдің заңдылықтарын жақсы біліп, шешендік өнердің әдістемесін меңгерген болуы керек. Бұл жерде дауыс деңгейі, интонация, сөйлеу мәнері мен ырғағы кідірістер, жестер мен мимикалар, трибунадағы тұрыс, өзін-өзі ұстау дағдысы маңызды болып табылады. Егер бір оратор екі рет мазмұны бір, орындалу деңгейі екі бөлек сөз сөйлесе, тыңдаушылар ол адамды екі түрлі бағытта бағалайды.

Аудиторияны өз-өзіне деген сенімділігімен, кішіпейілдігімен, тартымды дауысымен, әдемі жымысымен тартып алған оратор тыңдаушылар тарапынан табысқа жетеді, керісінше, оратор өзіне-өзі сенімсіз болса, тақырыбын селқос әңгімелесе, дауысында жігер болмаса, тыңдаушылар қабылдамайды.

Ораторлардың екі түрі бар:

шешендік өнердің негізгі құралы - кез келген мәселені талқылай білуге, өзіндік ой қорыта білуге қабілетті жандар (логика рассуждении);

тыңдаушыларға эмоционалдық тұрғыдан әсер ете білетіндер. Академик И.П. Павлов ғылыми еңбектерінде адамда жоғарғы жүйке қызметінің екі түрі болады деп көрсетеді: көркемдік және ойлай білу (художественный и мыслительный). Осы түрдің қайсысына жатуына байланысты, адам әр түрлі сөйлейді, осыған байланысты ораторлардың түрлері бар. Сонымен қатар ораторлардың түрлерін айтқанда оның сөзінің эмоционалдық немесе логикалық жағының қайсысы басымырақ екенін де ескерген жөн. Бірақ сөз эмоционалдық бояулы және ойға сыйымды болуы керек, олай болмаса, оған қоса талқылау логикасы кездеспесе, сөз тартымсыз болмақ.

Кез келген адам жақсы оратор бола ала ма?

Пікірлер әр түрлі, біреулер адам табиғатынан оратор болып жаратылуы тиіс десе, келесілері жақсы болу қабілетін адам игеруі керек, дамыту керек және тәрбиелеу керек деген тұжырым жасайды.

Ежелгі Римнің белгілі ораторы, шешендік өнердің теоретигі Марк Туллий Цицерон бұл жөнінде былай деген болатын: "Поэтами рождаются, ораторами делаются".

Мақал-мәтелдердің сәтті қолданылуы олардың сөйлеушінің ойымен дәл үндес келіп, нақты үйлесім табуында жатыр.

Қанатты сөздер де сөзге көркемдік пен айшықтылық береді. Бұлар өте дәл, өткір, бейнелі айтылған сөздер және халықтың арасына кен тарап, жалпыхалықтық қолданысқа түскен сөздер.

Фразеология. Сөздің бейнелілігі мен әсер-ықпалын арттыру үшін қолданылады.

4. ЖУРНАЛИСТІҢ РИТОРИКАЛЫҚ ӘДЕТ-ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ШЕБЕРЛІГІ

Көпшіліктің алдында сөйлеу үшін ораторға арнайы дағды-әдеттерді игеру шеберлігімен қатар ептілік және іскерлік қабілет қажет, Психологтардың айтуынша, дағды дегеніміз нақты бір жұмысты жоғарғы деңгейде ұйымдастыра білу қабілеттілігі. Оратордың негізгі әдет-дағдыларына тоқталсақ:

Бірінші - қажетті әдебиетті таңдай алу дағдысы;

Екінші - жинақталған материалдарды толықтай игере білу әдеті;

Үшінші - жоспар құра білу әдеті;

Төртінші - сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін жаза білу әдеті;

Бесінші - аудитория алдына өзін-өзі ұстай білу әдеті;

Алтыншы - уақытты ұтымды әрі нақты пайдалану дағдысы.

Осы жинақталған әдет-дағдылар негізінде оратордаң іскерлігі құралады. Олар:

сөйлейтін сөзіне сауатты түрде әзірлене білуге қабілетті болу;

материалды ептілікпен және нанымды түрде тыңдаушыларға жеткізе білу шеберлігі;

тыңдаушылардың сұрақтарына сауатты жауап беруге қабілетті болу; аудиториямен дұрыс байланыс орната білу шеберлігі;

техникалық құралдарды, көрнекілік заттарды орынды қолдану машығы.

Қандай да бір дағдылар мен қабілеттілік, іскерлік сөйлеушінің бойында болмаса, оның аудиториямен тіл қатысуының тиімділігі төмендейді. Мысалы сіз мәтінді жақсы жазғаныңызбен, оны көпшілік алдында қарапайым және түсінікті тілде айтып бере алмауыңыз мүмкін. Сіз өз сөзіңізбен аудиторияны қызықтырғаныңызбен, қалыптасқан дағды жоқтығынан берілген уақытқа негізгі айтар ойыңызды айтып үлгере алмай қалдыңыз немесе тыңдаушылардың сұрағына жауап бергенде абдырап қалдыңыз. Мұның бәрі сіздің сөзіңіздің құнын түсіреді.

Көпшілік алдында сөйлеудің табысты болуы сөйлеушінің өзі баяндап тұрған тақырыпты жетік білуіне байланысты болады.

Бұл тәсілдер біз үшін тосын жаңалық көрінбегенімен, онда нақыл сөздерді, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді қолдану тәжірибесі нақ-нақ баяндалады. Әсіресе ақпараттық материалдарды оқылықты, әрлі, көз тартар етіп беруде осынау үрдісті қазақ басылымдары бүгіндері масс-медиа өрісіндегі өз орнына сай дамытып, жетілдіріп келеді. Бір сөзбен айтқанда, форматы мен деректілік мәні жағынан бір-біріне жақын мәтін мәдениет пен өркениет ілгерілеуінің қолайлы кезеңінде өздерінің үндестігін, информациялық сапарластығын, жақын-жұрағаттығын таныта біледі, ұлттық информациялық хабарлардың ежелгі образдылық, жәдігерлік түп-тұқиянын айқындап береді. Мақал-мәтел тиісті тұста ойға таяныш, мақалаға сүйеніш те бола біледі. Мысалы, «Ана тілі» газетінің 2008 жылғы 7 тамыздағы санынан: «1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыста қазақ халқынан небәрі 96 Кеңес Одағының Батыры шықты. Қазақта жүздің үстінде ру бар. Батыс Қазақстан облысынан шыққан батырлардың ішінен үш адам шеркеш руынан, олар: М. Мәметова, Т. Масин, Е.Ниетқалиев. Бұл өзі қазақ халқының арасында кең тараған «Кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген мақалменен расталатын сияқты», - деген жолдарды оқимыз. Автор қазақ этносының әлеуметтік-экономикалық еңбек бөлінісі туралы көркем тұжырымын аргумент ретінде ұсынады, бұл жерде аргумент пен нақты мысал бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі демеп әкетеді.

Адамзат интеллекті туғызған мақал-мәтел - ұшқыр, оперативті ой ағымының жиынтығы, ғасырлар бойы ұлт зердесі екшеген өмірлік тәжірибенің формулалық көрінісі. Әлем таныған байырғы халық тіршілігінде, мәдениетінде, өркениетінде қалыптасқан қысқа да

нұсқа пікірлер миға таңбаланады, ойда қалады, ұранға, жарнамаға, пиарға айналады. Әсілі, мән-маңызы жағынан қарапайым көрінер құбылыс тым күрделі келеді, ал мән-маңыздының өзі қарапайымдылығымен күрделі. Яғни формасы қарапайым, мазмұны күрделі қанатты сөз сонау әріден сыр тартады, ақпараттық үні дараланады, автономияланады. Олардың өмірге келген уақыты, географиялық аймағы, кейпкерінің мамандығы да белгілі болып тұрады. Қазақ халқының сөз бостандығы, ой еркіндігі сияқты қазіргі демократиялық қоғам талаптарымен үндес мақал-мәтелі оның ежелгі мемлекеттік дәстүр иесі екендігін аңғартады.

Ұлт зердесі - көсемсөзіміздің, әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тарихымыздың, дәстүріміздің гендік, биологографикалық қоры. Ал тарих дегеніміз әркелкілік заңына (закон неравномерности) сәйкес уақыт аясында дамудың айқын көрінісі.

Ұлы М. Әуезов кезінде: «Қазақ әдебиеті де құр өлең, жыр болып қоймай, ескі заң, ескі мінез, ескі білім тәжірибені білдірудің үстіне, қазақтың шаруа тіршілігі мен тұрмыс түрінен туатын ұғымын да айқын көрсетеді. Көшпелі салт, бақташылық кәсібі қазақ елінің ой-сезімін, мінезі мен ұғымын өзгеден бөлек пішінде қалыптаған. Қазақтың алғашқы өзгешелігінен туатын айқын, бөлек тұлғасы бар. Ерекше біткен ұлы денелі қол батыры, жан батыры болатын геройы мен героинялары бар», - деп, әдебиеттің өмірмен, этностың тұрмыс-салтымен тығыз байланысты екеніне, қазақ халқының өзгелерге ұқсамайтын көшпелі өркениеті, қоғамдық формациясы арқасында ерекше ойлау жүйесі орныққанына, дара менталитеті көрініс беретініне назар аударады.

Филология ғылымдарының докторы, академик Қ. Жұмалиев Г.Э.Лессингтің Грекия суреткерлері мен ақылгөйлерінің бір тектілігі туралы тұжырымын дамыта келе: «Қазақтың ауыз әдебиеті - халықтың дін, философия, этнография, саясат, тәлім-тәрбие, ғылым, тарих сәулесі – бәрінің басы түйіскен үлкен қазына. Мәдениеттің сәбилік дәуірінде дін, философия, этнография, тәлім-тәрбие, ғылым - бәрінің функциясын әдебиет, поэзия атқаратыны әр елдің тарихына тән нәрсе. Қазақ елінің ескіден қалған тарихи, әдеби мұралары да осыны көрсетеді», - деп жазады, келер, ізденер ұрпаққа анық бағдар нұсқап береді. Демек, халық ауыз әдебиетінен бастау алатын бұл тізімге, әрине, баба журналистиканың шешендік өнерін (ораторское искусство), эссе элементтері бар поэзиялық үлгілерді, репортаждық сарыны бар эпостық материалдарды, сұхбат бастамалары бар диалогтарды, полемика заряды мол айтыс өнерін, журналистік тексерімнің алғашқы пішіндері мен әдістері бедерленген фольклорлық шығармаларды да кіргізуге әбден хақылымыз деп ойлаймыз. Біздіңше, ұлттық ауызша көсемсөз формалары ұлттық ауыз әдебиетімен қоса көктеп шықты, үзеңгілес, қатарлас дамыды, қазіргі журналистік жанрлар пішіні сол кезден бастау алып, өсіп-өне бастады. Өйткені, С. Жукастың пікірінше,

«фольклор мен әдебиет принципінде сөз өнерінің біртұтас кеңістігін құрайды». Ал ол кеңістікте, сөз жоқ, журналистика жанрларының бастапқы мәтіндері де бар.

Қазіргі журналистика теориясында батыстан келген (ағыл-шынша - «лид» - өткізу) деген ұғым бар, ол - журналистік мәтіндегі негізгі ойды ықшамдап, жылдам, көз тартатындай жарнамалай берудің он алты жолы. Журналистика теориясында лидтік мәтіндер қатқыл және жұмсақ болып үлкен екі топқа жіктеледі. «Қазақтың жаманы орыс болмас», «Қазақтың жаманы ноғай болмас», «Қазақтың бір жігіті оқыса, татардың бір қызының маңдайы жарқырайды» және т.б. қысқа да айшықты тіркестерге тарихи-этнографиялық, әдет-ғұрыптық, менталитеттік сипаттағы көп мағына сиып жатыр. Осы тектес тұрақты тіркес, мақал-мәтел орыс халқында да бар. Мәселен, олар «Незванный гость хуже татарина», «Хохол не поверит, пока не пощупает», «Ах, ты, японский городской», «Вот тебе, бабушка, и Юрьев день», «Фу, ты, голландский черт» деген қанатты сөздерді осы күнге дейін ауыздарынан тастамайды. Орыс арасында татарлар туралы сөз түркі-монғол жаугершілігіне байланысты айтылса, украиндықтар жөніндегі қағытпа нақыл Переяславль радасынан кейін дүниеге келген, басыбайлық заман көрінісі Юрий күнмен есте қалған, ал Петр патша реформасы голланд сайтанын дүниеге әкелген, тақ мұрагері Николайды Жапонияда жарақаттаған городскойды да Ресей халқы жадынан шығармаған.

Оқиға мен құбылыс астрономиялық уақыт, ғаламдық кеңістік шеңбері аясында өтеді. Сондықтан әр халық көрген-білгенін жамағатқа жедел жеткізу үшін уақыт пен кеңістік категорияларын еске алып отырады. Ғалым Хасен Әбішев: «Қазақ халқы ежелгі түркі тайпаларының жұрағаты екені мәлім. Түркілердің әжептәуір астрономиялық білімі болған, олар ерте заманның өзінде-ақ мүшел календарын қолданған... Қазақтың астрономиялық ұғымдарының тағы бір өте құнды жері - олардың дені - халық шығармалары», - деп жазады. «Ай толғанын білмес, жігіт болғанын білмес», «Күйеу келсе қыз тұрмас, бесін болса күн тұрмас», «Ай жарығы әлемге, шам жарығы түбіне», «Ай қораланса арысыңды сайла, күн қораланса күрегінді сайла», «Дүние кезек», «Жаз мереке, қыс келеке», «Жыл деген ат басын бұрғанша, ай деген аунап тұрғанша», «Заманына қарай заңы, тоғайына қарай аңы», «Заманың қалай болса, бөркінді солай ки», «Заманың түлкі болса, тазы боп шал», «Сәуір болмай тәуір болмас», «Сүмбіле туса су суыр», «Үркерлі айдың бәрі қыс» сияқты философиялық түйіндеулер тіршілік байланысын, рухани мен материалдық игіліктер бірлігін, уақыт пен заман ағысына тәуелділікті аңғартады. «Киіз кімдікі болса, білек соныкі», «Малдың жайын баққан білер, отынның жайын жаққан білер», «Шаруаның түбі - кеніш, сауданың түбі - борыш», «Ат мінбеген ат мінсе, шаба-шаба болдыртар, тон кимеген тон кесе, сілке-сілке тоздыртар», «Темірші көміршіге үйір» деп, ұлттық кәсіби ерекшеліктерді кеңінен ораса, зерттеушілер орыс

халқының өзіндік «менін», оның ішінде, мәселен, адамның айналысқан кәсібінің индивидке тигізер әсерін образды-деректі, психологиялық ерекшелікті автономиялық сипатта алға тартады. Демек, әр халық өзіндік сыр-сипатын, тұрмыстық стилін сөз өнерінде, ауызекі публицистикасында да жоғалтпай, сақтай білген. Психолінгвистика мен биологияда адамның өткенді естен шығармау қабілетін гиппокамп феноменімен байланыстырады. Біз осы ретроспектива арқылы перспективаға қол созған қазақ мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін ауызекі публицистиканың жеке-дара жанрына балар едік. Әрі жазбаша журналистикада бұл мәтіндерді дербес философиялық ақпарат ретінде қабыл алуға әбден болады ғой деп ойлаймыз.

Мақал мен мәтелдің қандай заманда да ескірмейтіндігі оның фактілік негізінде, деректілік пен көркемдікті қатар алып жүруінде, ішкі потенциалында, мәдени-ақпараттық алаңдағы ролінде, жинақталған қорытындының шынайы өмірден алынғандығында, адамзат дамуының талай-талай сынынан өткендігінде жатыр. Мақал мен мәтел - нақты, шағын форматты афористік публицистика. Журналистиканың кейбір жанры осы мақал мен мәтелден туындап, бауырын көтеріп, өсіп-өркендеп, дамып отырады. Ал, тақырыпты ауқымды қарастырсақ, ақпарат құралдарының жұмыс істеу кестесі (графигі) бүкіләлемдік тартылыс заңына, астрономиялық уақытқа, маусымдық тәртіпке (циклға) мойын ұсынады. Журналистикадағы циклдық материалдар әдісі жанды табиғатпен өзектес. Уақыт, климат, кеңістікке қатысты бұл ғылыми дәйектің қазақтың мақал-мәтелдеріне әбден сіңіскенін, дүниетаным логикасына, қанатты сөз талғамына сай ой қорытқанын атап өткен жөн.

Егемен елде ұлттық ядро ұлттық санаға айнала бастайды, ұлттық категориялар бұрынғыдай сыртқы форма, этнографиялық әшекейлер деңгейінде қалып қоймай, ішкі мән-мазмұн, болашаққа бастар жолды анықтаушы, рухани жебеуші ретінде қоғамдық сахнаға шыға бастайды. Сондықтан, кешегідей, билеуші елдің теориялық ұстанымдарының ықпалында, идеологиялық бұйдасының жетегінде кетпей, ұлттық публицистика жанрларының сонау ықылым заманнан бергі даму заңдылықтарын, тенденцияларын бір арнаға салу, ғылыми жүйелеу, оларды жаратылыс және қоғам контексінде қарастыру - жаңа заман зерттеушілерінің төл міндеті. Ондай сүбелі тақырып тек көсемсөз теориясының көсегесін көгертіп қана қоймайды, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен өркениеттің ішкі мазмұны мен кеңістік әлемін анағұрлым ауқымдандыра түседі. Сонымен қатар мұндай зерттеуге зәрулік мемлекеттік һәм ұлттық тәуелсіздік талаптарынан, қоғамдық һәм ғылыми орта сұранысынан, зияткерлік даму сатысы мен қажеттілік теориясы тіленімінен туындап отыр.

5. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ, ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКА

Шын мәнінде публицистика деген сөздің шығу төркіні жайлы айтсақ, бұл латынның «publik» - қоғамдық деген сөзінен шыққан. Бұдан аңғаратынымыз публицистика сөзінің этимологиясы "қоғамдық" деген сөзге тікелей қатысты.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде публицистикаға тұңғыш анықтаманы Ахмет Байтұрсынов өзінің "Әдебиет танытқыш" атты еңбегінде берді. А.Байтұрсынов публицистиканы көсем сөз деген қазақ сөзімен тәркіндестіреді. "Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері - шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады". Шын мәнінде публицистика әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтеретін, көпшілікке сол кезеңдегі басты міндеттерді аңғартып, саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып береді. Публицистика белгілі бір күннің, белгілі бір дәуірдің тарихын сол күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарасымен байланыстыра отырып жасайды. Ол қоғамдық мәселелерді сырттай емес, өмірмен, тәжірибемен ұштастыра отырып баяндайды. Публицистика дегеніміз - заман тарихы, дәуір тынысы, өмір шежіресі. Шежіре болғанда да күнделікті тіршіліктің рухани бейнесі, жанды көрінісі. Публицистика - бұл бөрінен де шығармашылық үрдіс.

Батыс және Шығыс мәдениетінің қайнарынан қанып ішкен ғұлама Абай шығармалары да - қазақтың жазба публицистикасының көрнекті үлгілері болғандығы айқындалған. Абай өлеңдерінде сол заманның - ащы шындығы, қоғам көрінісі, дала қазақтарының бүкіл тұрмыс - тіршілігі көрініс табады. "Стиль идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың карасөздері - *нағыз публицистикалық шығарма*" - деп айқын көрсетіпті профессор Х.Бекхожин.

Бүгінгі қазақ публицистикасының табиғаты да сол ұлылар Шоқан, Ыбырай, Абай ойларынан өріс алып жатыр.

Батырлар жыры - ауызекі публицистика үлгісі:

Қазіргі публицистиканың қайнар көзі жазба әдебиетінен де бұрын пайда болған. Белгілі бір тайпаның көсемі өз сарбаздарының алдында сөйлеп тұрып, оларды ерлік көрсетуге шақырды, батырлық пен батылдықтың нұрын септі, яғни жауынгерлерінің жеңіске деген пікірін қалыптастырды. Елді, жерді қорғауға публицистикалық тұрғыдан әсер етті. Бұл әрине әлдеқайда кешірек пайда болған, кәсіби публицистика емес. Бірақ бүгінгі публицистиканың бастау алған тұстары - сол кездер деп айта аламыз. Дәлірек айтқанда журналистиканың бастауы - фольклорда жатыр.

Ауыз әдебиетінің бір үлкен саласы - батырлық жырлар. Эпос немесе батырлар жыры ерлікті, батырлықты аңыздап жырлайды.

Эпос туралы салмақты ой айтқан академик Мұхтар Әуезов қазақ халқында батырлар жайындағы поэмалардың мол екендігін, бұл поэмалар көбіне, нақты, тарихи оқиғамен байланысып, қатарласып келетінін, мәселен, қазақ пен ноғайлының аралас рулары XVI ғасырда тізе қосып, жау шапқыншылығына қарсы біріге күресуінің нәтижесінде, "Алпамыс" жыры туғандығын атап көрсетеді.

Академик Әлкей Марғұланның тұжырымынша, қазақ эпосы нақты тарихи шындықты ақындық тілмен - өлеңмен жырлап беретін әңгіме іспеттес. Ел есінде қалған, ертедегі халықтың хал-ахуалын көне тұрмысын ұрпақтан-ұрпаққа ауыздан-ауызға ауыстырып келе жатқан шежіре сияқты. Ә.Марғұлан эпоста тарихи шындықтың елесі бар деп есептейді.

Батырлар жырында ой орамдарының поэзиялық шұрайлы тіл кестесінің үзілген жерлері әдетте қара сөзбен жалғастырылады. Осы қара сөздер бір оқиға мен екінші оқиғаны, бір кезең мен екінші кезенді, бір шайқас пен екінші шайқасты жалғастыратын дәнекерлік рөлін атқарады. Батырлар жырындағы публицистикалық белгінің біріншісі - Батырлардың өмірде болған адам екендігі, екіншісі - тарихи шындық оқиғалардың баяндалуы; үшінші - қазақ ру-тайпаларының, жер аттарының айқын көрінуі. Осымен қоса, біз публицистикалық сарынды батырлар жырындағы қара сөздерден іздестердік.

Ал публицистикалық сарын дегеніміз - екінші сөзбен айтқанда көне замандарда жазылған шығармалардағы публицистикалық белгілер жиынтығы екенін айта кетуіміз керек.

Біздің пікірімізше, белгілі бір дәуірдің шындығын көз алдымызға әкелетін батырлар жырындағы қара сөздер үлгісін публицистиканың ауызша сөйлеу тілі ретіндегі пішініне жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, батырлар жырындағы дәнекерлік рөл атқаратын қарасөз стилі - публицистикалық стилдің ауызекі түрі. Олай дейтініміз біз талдап, таразылаған батырлар жырындағы қара сөздердің мазмұны халық өмірінің шындығына құрылатындығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге батырлар жырындағы қара сөз үлгілері көпшілікке мына бағыттарда әсер етеді:

Біріншіден, қара сөздер тыңдаушылардың ақыл-ойына тікелей әсер етіп, оларды белгілі бір қимылға шақырады, іс-әрекетке үндейді. Бұл ең алдымен - ел қорғау, туған жерді сүю, ата-ананы қадірлеу, әділдік үшін күресу, әлеуметтік теңдік мәселесі, бірлікке, ынтымаққа, бейбіт өмірге үндеу; екіншіден, тыңдаушылар үшін қара сөз анағұрлым түсінікті болады; үшіншіден, публицистикалық баяндау тәсілі қолданылады, сөз қайталаушылық көп кездеспейді. Мұның өзі ауызша айтқандықтан болса керек; төртіншіден, батырлар мен басқа да кейіпкерлер өмірде болған адам екендігі де жырдағы публицистикалық сарынды күшейтеді;

бесіншіден, қазірге дейін сақталған жер-су, тау аттары кездеседі; алтыншыдан, қазақ халқының бүгінгі күнде сақталған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни наным-сенімдерінің нақтылы көріністері орын алады; жетіншіден, белгілі бір нақты тарихи кезеңде болған саяси оқиғалар тізбегі кездеседі; сегізіншіден, тындаушылардың күш-жігерін негізгі айтылатын әлеуметтік ойға бағындырып, оларды белсенді іс-қимылға біріктіріп, қатаң бақылауға алып отыру байқалады.

Барлық жырларда да өз елін терең сүю сарыны басым. Сондай-ақ жеке бастың қамынан гөрі әлеуметтік, жалпыхалықтық мүдде алдыңғы шепке шығады. Тындаушыға сол кездегі әлеуметтік маңызы зор мәселелерді қарапайым да түсінікті тілмен, жылдам, тез арада жеткізуге ұмтылу да - публицистиканың басты белгілерінің бірі. Сонымен бірге, ел аузына қараған батырлар сөзі, ойы арқылы батырлар жыры өз кезеңінде қоғамдық пікірді қалыптастырып отырған. Қарапайым халық ішінде белгілі бір елдік мәселелер туралы қоғамдық пікір қалыптастырудың өзі - публицистиканың негізгі ерекшелігі екендігі белгілі. Орыстың ауыз әдебиетін зерттеуші, академик Б.А. Рыбаковтің: "...жылнама да, батырлар жыры да шындық өмір" - деген пікірі ойымыздың дұрыстығына тіреу болады. Сонымен өз заманында ауызша айтылып, ел өміріндегі көкейкесті мәселелерді сөз еткен батырлар жырындаш қара сөздерді публицистиканың ауызша пішіні деуге батыл негіз бар. "Ауызекі публицистика", яғни өмірдің өзекті мәселелерін арқау етіп, сол заман адамдарын белгілі бір әлеуметтік ой, идея төңірегіне топтастыра білген батырлар жыры - қазіргі публицистиканың нағыз бастау, бұлақтарының бірі деп батыл айта аламыз.

Жыраулар поэзиясындағы публицистикалық сарын:

Публицистиканың түп-төркінін зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар: "Публицистиканың тарихына тереңінен үңілу бұл қоғамдық-саяси қызметтің тарихын қарастыруға апаратын бірден-бір жол. Бұл сөз тарихы, ең алдымен ауызша, содан соң негізінен жазбаша сөздің саяси қызметке бағышталған тарихы",- деген пікірге тоқтайды. Егер де біз кешегі өткен шешендерді, жыраулар мен айтыс ақындарын халықтың үні мен тілі болған, қоғамдық пікір қалыптастырған, қоғам кемшіліктерін сынға алған өз заманының публицистері болды десек, құлаққа тосын естілуі мүмкін. Бірақ газет-журнал жоқ кезде сол хандық дәуірдің ақиқатын елге жеткізіп, халық мұңын ханға жеткізіл отырған сол сахараның саф алтын сөзін пір түткдн тұлғалары еді. Олардың кейбіреуі - ел билеушілерін асыра мақтап, дәріптеп, оның саясатын жүрт арасында жүргізуіне бас жәрдемші болса, енді біреулері - қарапайым халықтың жанашыры болып, солардың мақсат - мүддесін жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмсады, тіпті ұлықтардың әділетсіз, зорлықшыл, қиянатшыл әрекеттерін бетіне басып, айтып салды. Тағы бір жыраулар таразының екі басын тең ұстауға тырысып, билік өкілдері мен халық арасындағы дәнекерлік, қарым-қатынас, байланыс қызметін атқарды.

Мұның өзі жыраулар сөзі айтылып қана қоймай, халықты белгілі бір ой төнірегіне топтастырып белгілі бір істі жұмыла шешуге бағыттап отыратын күшке ие болғандығын айғақтайды. "Бізге дейін жеткен ежелгі мәдениет ескерткіштерінен қазір езіміз публицистика терминімен анықтап жүрген дүниені бүгінгі қалыптасқан күйінде таба алмаймыз, бірақ қоғамдық өмірге публицистикалық ықпал ету түрі ерте кезеңдерде де болған, ол ауызекі сөзбен - шешендік өнермен жүзеге асырылған", - деген тұжырымдар да біздің ойымызды бекіте түседі.

Жыраулар поэзиясындағы басты публицистикалық белгі - оның мемлекетті басқару құралына айналғандығы болып табылады. Жыраулар - хан сарайы төңірегінде қызмет етті, көпшілігі әскери жорықтарға бірге шығып, өз көзімен көрген батырлар ерлігін, хандар қаһармандығын, жеңістер мен жеңілістерді, қанды шайқастарды суреттеп жырлады. Аталған жыраулар шығармашылығындағы публицистикалық сарын талдап, таразыланды.

Жыраулар поэзиясындағы публицистикалық сарын туралы сөз еткенде, мынадай қорытындыға келуге болады: Біріншіден, жыраулар дәуір үнін, замана шындығын жеткізеді; Екіншіден, өмірде болған тарихи нақты оқиғалардың, сол кездегі саясаттың, қоғамдық маңызы зор оқиғалардың көрінісі бола білді; Үшіншіден, жыраулар поэзиясының - мемлекетті басқару құралы, мемлекет идеологиясы деңгейіне көтерілуі; Төртіншіден, тарихта болған хан, би, сұлтан, төрелердің атқарған ісінің, жетістік, кемшіліктерінің жырлануы; Бесіншіден, қазақ елінің тұтастығын қорғаған батырлар ерлігіне арналған мадақ, арнау жырлары, жоқтаулардың жазылуы; Алтыншыдан, жыраулар поэзиясында қазақ даласында қазір де бар тарихи жер, су атаулары келтіріледі (Еділ, Жайық, Сарыарқа, Ойыл, Жем, Сағыз, Өзен, Арал, Шаған, Қара Ертіс, Алтай, Алатау, Шыңғыстау, Баянаула, Абралы, Маңрақ, Сырдария, Балқаш, Нарын, т.б.); Жетіншіден, өмірде болған көптеген адамдар жайынан деректер келтіріледі (Сүйініш, Бозтуған, Бәке, Бекболат, Жаукашар, Өтеміс, Жақия, Махмут, Қаныкей, т.б.). Сегізіншіден, жыраулар хан шешімін, жұрт тілегін жеткізіп қана қоймайды, белгілі бір іс-әрекетке жұмылдырады, белгілі бір мәселені шешімін табуға тырысады (Ынтымақ, бірлікке үндеу, ел қорғауға шақыру, орыс отаршылдығынан сақтандыру, азаттық кетерілісіне шақыру, халық мұқтажын өтеу т.б.). Тоғызыншыдан, жыраулар поэзиясында қазіргі публицистиканың дәстүрлі өзегіне айналған сөз қайталау арқылы айтар ойды күшейтіп жеткізу, публицистиканың баяндау тәсілі, оқиғаны көзбен көріп бақылау арқылы суреттеу әдісі, өмір фактілерін контрасты түрде салыстыра отырып мәселе мәнісін ашу, үгіттеу, насихат айту, сатиралық публицистиканың алғашқы үлгілері, памфлет, репортаж, сұхбат, хат, суреттеме сияқты жанрлардың бастау алар белгілері көрініс табады.

Жыраулар поэзиясындағы публицистикалық, сарын арқылы біз өткен ата-бабалар өмірінен, олардың әлеуметтік-саяси тіршілігінен сыр тартып, халқы үшін жанын қиған батырлар ерлігімен танысамыз.

6. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕГІ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕР

"Қиуадан шауып, қисынын тауып" сөз айту - әйгілі қазақ би-шешендеріне төн қасиет. Ғалым М.Балақаев пернелі шешендік сөздерді публицистиканың сөйлеу ретіндегі түрі,- деп айқын көрсетіп кеткен. Бізге керегі де шешендік сөздердің осы қыры.

Әйгілі би-шешен бабаларымыздың айтқан арғы-бергі шешендік сөздердің үлгілерінде қоғамдық маңызы зор мәселелер мол кездеседі. Қазақ би-шешендерінің сөздері өз заманында маңызды қоғамдық рөл атқарған. Көне қазақ мемлекетінің қалыптасып дамуында сөз күдіретінің орны зор болған. Бір мезгілде қалың қауымға әсер етіп және оларды бірігіп іс-қимылға көшуге шешім қабылдауға сендіру, иландыру, керек жерінде ояту дәл сол кезеңде ауызша сөз айту пәрмені арқылы ғана жүзеге асатын еді. Ал қазақ қоғамындағы шешендік сөзге, билік шешімге жүгінудің орны орасан зор болатын. Өйткені қазақ даласындағы басқару ісі ауызша сөз арқылы жүзеге асты. Қазақ хандары да, билері де, елшілері мен батырлары да алмас сөздің қадірін біліп, ер сөзге мән беріп сөйлеген. Айтылған сөзді - атылған оққа теңеген. Ел мен елдің арасындағы кептеген дау-жанжал, түсінбестіктерді ақылмен, парасатпен, жарасымды, жігін тауып айтылған сөз арқылы тігісін жатқызып шешіп отырған. Сөз - қан төгуді болдырмаған. Сөз - бейбіт өмірдің берекесін кіргізген. Сөз – тәрбие құралы болған. Сөз - қазақтың ынтымақты бірлігінің шырайын кіргізген.

Шешендік сөздер халқымыздың дарындылығы мен ақыл-парасатын, тапқырлығы мен әділдігін, кеңпейілдігі мен қонақжайлылығын көрсететін, қазақ халқының сом тұлғасын сөзбен соққан мұқалмас асыл қазынамыз. Сондықтан да бүгінгі қазақ публицистикасының нәр алар бір бастау бұлағы да сол би-шешендерден қалған сөздер. Ағылып айтқан, төгіліп айтқан, екпіндеп айтқан, екіленіп айтқан, сынап айтқан, мінеп айтқан, түйіп айтқан, жығып айтқан, қауып айтқан, тауып айтқан бабалардың інжу-маржан сөздерінде - жалпы қазақ сөз өнерінің таусылмас кені жатыр. Қазақтың шешендік сөздерін жинап, баға берген академик В.В. Радлов қазақ шешендік өнерінің өзіндік ерекшелігін де тап басып көрсетіпті: "Қазақ тілі – исламнің бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай, түпкі таза түрін-түркі сыйпатын сақтап қалған тіл. Рас, мұнда да бірен-сараң жат сөздердің енгені байқалады. Бірақ ол сөздер... қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына қосылған.

Публицистика табиғаты, қазақ публицистикасының бастаулары, фольклордағы және көне түркі жазба ескерткіштеріндегі публицистика

белгілері, алғашқы қазақ басылымдарындағы публицистика, кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ публицистикасы туралы негізгі тарауларда айтылған ойлар мен пікірлер қорытындыланған. Түйіндей келгенде, қазақ публицистикасы алғаш рет кең ауқымды тұтас зерттеу нысанына айналды. Публицистика табиғаты көркем әдебиетпен, журналистикамен байланыста ашылды. Ұлттық публицистиканың пайда болуының уақыттық шегі терендетілді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі публицистикалық сарын туралы тың тұжырымдар жасалды. Көне жазба ескерткіштердегі публицистикалық элементтер нақты текстік үзінділерді талдау негізінде айқындалды. Алғашқы қазақ газет-журналдарындағы публицистика жанрлары, пішіндері, сондай-ақ бұрын беймәлім көрнекті публицистер шығармашылығы, кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік кезеңіндегі публицистиканың ерекшеліктері бүгінгі көзқарас тұрғысынан ғылыми байыптатды. Сонымен, публицистика - белгілі бір уақыт пен кеңістікті қамтитын заман шежіресі, дәуір үні. Өткен кезевдерде қандай қоғамдық-саяси ахуал болғандығын, халық жағдайын, әлеуметтік өзгерістер мен шаруа-шылық бағыттарын сол уақыттан қалған ауызекі мұралар арқылы және баспасөз бетінде жазылып, жарияланған публицистика арқылы бүгін біле аламыз. Ал бүгінгі болып жатқан қым-қуыт оқиғалар публицистиканың алтын арқауы арқылы келер ұрпақ жадына жол тартады.

Көне Қазақ мемлекетінің қалыптасып, дамуында сөз құдіретінің орны зор болған. Бір мезгілде қалың қауымға әсер етіп және оларды бірігіп іс-қимылға көшуге шешім қабылдауға сендіру, иландыру, керек жерінде ояту дәл сол кезеңде ауызша сөз айту пәрмені арқылы ғана жүзеге асатын еді. Ал қазақ қоғамындағы шешендік сөзге, билік шешімге жүгінудің орны орасан зор болатын. Өйткені қазақ даласындағы басқару ісі ауызша сөз арқылы жүзеге асты

7. ЗАМАНСӨЗ. ШЕШЕНСӨЗ. КӨСЕМСӨЗ

«Публицистика» деген сөздің мағынасы латынның «публикус» деген сөзінен тарағандығын бұған дейін бұл тақырып төңірегінде зерттеу жүргізгендер айтып келеді. Оны қазақшалағанда «қауым», «жиналған жұрт», «алқа топ», «қоғам» деген мағына береді. Ал «публицистика» дегеннің мәні сол жиналған жұрттың, алқа топтың, қауымның, қоғамның алдында қажетті сөз айту өнері дегенге саяды. Оны әлем халықтарының бәрі сол латын тіліндегі нұсқадан көшіріп, сол түрінде қолданбайды. Өз тілдерінің ыңғайына қарай аударма-балама жасап, ғылыми айналымға енгізеді. Мысалы, қытайларда «публицистика» деген сөз жоқ екен, оның орнына «шышыжынлун» (уақыт+әрекет+саясат+әлеумет+сөз) дейді; жапондар «рондан» (ал публицистикалық жарияланымды «кокай

хоодо»), моңғолдар «өгүүлэл» деп қолданады. Аталымдарды олар өз ұлтының ұғым түсінігіне орайластырады, ана тілінің ішкі заңдылықтары мен нормаларын сақтай отырып мағыналық жағына баса көңіл аударады. Тікелей аударуға жол бермейді. Біз де «публицистика» дегеннің ең әуелі сыртқы пішіні емес, ішкі мазмұнын іздейміз. Бұл істі бізге дейін де сан ғалым алған тақырыбына қарай қарастырған. Мысалы, В. Даль: «Публицист – көбінесе халық құқығы туралы, қазіргі уақыттың жалпыға ортақ мәселелері жөнінде жазатын газет, журнал жазушысы» дейді. Яғни Даль түсінігінше публицист – қазіргі күннің жалпыға ортақ мәселелерін жазу арқылы қозғайтын қаламгер. Бұл жерде «ауызша» деген сөз жоқ. Дегенмен, орыс ғалымдары бұл мәселеге байланысты пікірлерін ауызша әдебиетке, халық ауыз әдебиетіне (фольклорға) қатысты айтты. Мысалы, В.Ученова: «Устная публицистика» или иными словами, злободневная политическая мысль, обращенная к живому, непосредственному восприятию широкой аудитории, облакалась не только мастерством тщательно продуманных речей, но и мастерством импровизации фольклорных произведений...», – дейді. Мұнда ғалым «ауызша публицистика» деген атауды айтады, бірақ оны тырнақшаға алады. Оның себебі – бұл атаудың орыс ғылыми танымында әлі термин ретінде тұрақталып орнықпағандығында. Осы пікірден тағы бір ұққанымыз – «бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қозғайтын саяси пікір» дегенді ауызша публицистиканың анықтамасы ретінде сабақтай кетеді. Тағы бір байқағанымыз – саяси пікір бірден қалың көпшілікке қаратыла айтылады екен. Келесі аңғарғанымыз – қалың бұқараға тіке қаратыла айтылған сөз тыңғылықты ойластырылған сөз арқылы ғана емес, табан астында суырып салу арқылы дүниеге келетін фольклорлық шығармалар арқылы да жанданып отырған.

Біздіңше, публицистика тек саяси санадан туған туындылар жиынтығы емес. Егер шынымен де жоғарыдағы ғалым айтқандай, ауызша публицистика фольклорлық шығармалардан да өзіне тағылым алса, онда фольклорлық шығармалардан әр кезеңнің өз күн тәртібінде тұрған ел саясатын дәл табу қиын. Дегенмен, ауызша публицистика сөз өнерінің халықтық түрлерін пайдаланады. Бұқараның санасын бүгінгі күннің өзекті мәселелерін ғана айту арқылы оятып қою аз, өткен шақ әңгімелерін айта отырып ұлттық жадын қайта жаңғырту жолымен де санаға қозғау салу мүмкін нәрсе. Оны фольклорлық шығармалар арқылы да және ауызша публицистиканың яғни шешенсөздің халықтық түрлері арқылы да жүзеге асыруға болады. Аталмыш ғалым тағы бірде: «... публицистика баспасөз, радио, телевидение арқылы халықтың пікірі мен ойын және оның күнделікті еркін білдіреді», – дейді. Ғалым бұл жерде ауызша публицистиканы яғни шешенсөзді мүлдем ескермеген. Біздіңше, шешенсөздің түрлері де радио немесе телевидениені, әйтпесе баспасөзді қажетсінбей-ақ алқаманмен (аудиториямен) бетпе-бет тұрып

та қоғамдық пікір қозғау арқылы халықтың санасын оята алады. Оның қызметі сол.

Мына пікірді де тілге тиек ете кетейік: «Ортағасырлар ауқымында дамыған бұқаралық жазба мәдениет және соның бөлініп шыққан қуатты бұтағы – публицистика (біздіңше, көсемсөз – жазба публицистика. С.М.) халық ауыз әдебиетінің бай тәжірибесін мұраланған, өз жанрларының жандануында түпсіз терең фольклорлық қазыналардан мейлінше нәр алған». Бұл ойлардың астарынан мыналарды байқаймыз: Жазба публицистика, яғни көсемсөз жазба мәдениеттің бір саласы екен. Ал ғалымның «жазба мәдениет» деп отырғанының аясына қандай рухани мұралар кіреді? Әдебиет пе, әлде тіл ғылымы ма, болмаса тарих па? Әйтпесе, фөлсафалық ойлар жиынтығы ма? Біздіңше, «жазба мәдениет» ұғымының аясына осылардың, яғни жазбаша дүниеге келген, қағаз бетіне түскен туындылардың бәрі кіреді. Солардың қатарында, әрине жазба публицистика, басқаша айтсақ, көсемсөз де бар. Бірақ көсемсөзбен қатар ол заманда да ауызша публицистика, яғни қоғамдық санаға ауызша айту арқылы қозғау салу өнерінің де болғандығы туралы ештеме демейді. Дей тұрғанмен, сол ортағасырлық жазба мәдениеттің бір бұтағы жазба публицистика өз жанрларын ауызша әдебиеттің бай тәжірибесі мен фольклорлық қазыналардан сусындағандығын орынды айтып отыр. Десек те, біздің ойымызша сол фольклорлық жаратындылар қатарын, ауызша әдебиет туындыларының сапын топ алдында тыңдаушыға бетпе-бет айтылып, кейін уақыт өте келе халықтық мұраға айналып кеткен шешенсөз айтындары да толықтырып отыратынын естен шығармауымыз керек.

Публицистика, яғни замансөз туралы айтылған мына пікір де назар аударуға тұрарлық: «Көсем сөз (публицистика, лат. Publicus – қоғамдық) – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы...». Бұған дейін осылай түсінілген, түсіндіріліп келген ұғымдар мен мағыналарға қайта бір ой сүзгісіне салып көруге болады. Шындығында, осы пікірде айтылғанындай, көсемсөз әдебиеттің бір саласы ма? Әдебиет – көркем ойдың нәтижесі. Көркемдік сапа уақыттың жемісі. Көркем ойдан бұрын өмірге әуелі құбылыс, оқиға, соған байланысты нақты ақпараттар, деректер, мәліметтер келеді. Сол құбылыс, оқиғаға қатысты деректер мен мәліметтер шешенсөз, яғни ауызша публицистика арқылы тарайды да, жалпы жұрттың санасына орныққаннан кейін барып әр түрлі түсініктер, пайымдаулар, көркем сипаттаулар мен суреттеулер, типтік образдар туа бастайды. Көптің көкейіне қонатын көркем әңгіме оқиға болып жатқан сәтте тұмайды. Сол кезде туса, ол әдебиет туындысы болмайды. Әдебиет туындысына образдар сомдамасы, оқиғалар желісі, тілдік бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдар жүйесі, кейіпкерлер даралығы және олардың өзара байланысы, ең бастысы – идея айқын, тақырып бір күндік емес, мәңгілік болуы қажет. Бұлардың бәрін өз орнымен жүзеге асыру үшін жазушыға әжептәуір уа-

қыт керек. Жазушы болған жағдай туралы ақпараттар мен көпшілік көзқарасын өз ойы елегінен өткізіп, өзінше ой түйеді. Төл тұжырымын негізге идеяға бағындырады. Содан кейін жазады. Жазғанын тексереді. Қатесін түзеді. Қайта қарайды. Қайта жазады. Яғни әдебиет туындысының өмірге келуі үшін ұзақ үдеріс жүзеге асады екен. Ал көсемсөздің халық санасына қозғау салар уақыты шектеулі. Көсемсөздің сыңары шешенсөз бұдан да ұшқыр. Өйткені, ол ауызша айтылатындықтан, оған тілден, үннен, ым-ишарадан басқа қосымша құрал-жабдық қажет емес. Ақпарат оқиға болып жатқан сәтте-ақ айтыла береді де қоғамдық пікір тудыра бастайды. Рас, әдебиет те, шешенсөз бен көсемсөз де белгілі бір тіл арқылы дүниеге келеді. Қаруы да, құралы да – сол. Бірақ атқараты (функциясы) мен жүзеге асу жолдары және мазмұны мен пішіні бөлек болғандықтан, бұларды біріне-бірін қосу қисынға келмейді. Шешенсөз бен көсемсөз ең әуелі нақты дерек, дұрыс мәлімет, анық факт арқылы дәл осы сәттегі қоғамдық санаға қозғау салуды көздейді. Және олар нақ осы шақтағы тыңдаушыға, оқырманға, көрерменге бағытталады. Оның осы шақта айтылғандары ертең ескіруі, тіпті мүлдем ұмытылуы да мүмкін. Бұл – шешенсөздің өз заңдылығы. Ал әдебиеттің жаратындысы ертең ұмытылса, онда ол өз қызметін атқара алмағаны. Әдебиет – көркем ойлау жемісі, ал замансөз – нақты ойлау нәтижесі. Жоғарыдағы пікірде публицистика, яғни замансөз «журналистиканың бір саласы» деген ой да айтылған. Рас, публицистің, яғни сөзгердің қоғам тудырған өзекті мәселелерге қатысты ойлары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпы жұртқа жарияланады, демек журналистика жәрдемге келеді. Оның басты қызметі де сол. Мемлекет мүддесі, ұлт тағдыры секілді ауқымды да маңызды мәселелермен қатар, күнделікті ағымдағы атқарылар істерге жұмылдыруға байланысты ойларды кез келген саналы азамат бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, яғни журналистиканың араласуымен көпшіліктің назарына ұсынады. Сол зәурат істерге қатысты газет-журналдарда жарық көрген ойлардың жиынтық атауын «публицистика» деп атау санаға орныққан. Сондықтан да публицистика журналистиканың бір саласы болып көрінеді. Бірақ мынаны да есте ұстаған жөн. Публицистиканың, яғни замансөздің қоғамдық сананы ояту, қоғамдық пікір тудыру, қоғамдық ой қалыптастыру қызметі журналистика дүниеге келмей тұрып та, газет, журнал, радио, телевидение пайда болмай жатып та әр елде, әр мемлекетте ауызша да жүзеге асып келген. Яғни шешенсөз журналистикадан бұрын өмірге келіп, журналистиканың жүгін көтеріп, белгілі бір мөлшерде сол журналистиканың дүниеге келуіне ықпал жасаған. Қоғамдық қатынастар дамып, өнеркәсіптік-өндірістік ілгерілеулер алға жылжыған сайын, адамдардың шоғырлануы мен араласуы артқан сайын бұқараның санасын ел алдында тұрған мүддеге қарай бағыттау өнері – публицистика, яғни замансөз ақпарат таратудың, алмасудың жаңа тәсілін

ойлап табуға итермеледі. Бұрынғыдай ауызша ақпарат жеткізу амалдары енді газет-журналдар таратумен алмасты. Бірақ жұрт алдына шығып түсіндіру, насихаттау, үгіттеу газет сөзінен еш төмендемеді. Жаппай қара танып, түгел газет журнал оқып кеткенше, тіпті солай болған күннің өзінде ауызша айтылғанды тыңдап қалыптасқандықтан да халық шешенсөз ықпалына мұқтаждығын еш кеміткен емес. Шешенсөз журналистикамен бір деңгейде қоғамдық-әлеуметтік қызметін атқарып келеді. Айтпағымыз – замансөз газет-журнал өндірісінен бұрын дүниеге келген, сондықтан оны журналистиканың бір саласы етіп көрсету шарт емес. Публицистика, яғни замансөз журналистикасыз да өз функциясын атқара алатындығын биік мінберден қоғам алдында тұрған елеулі мәселелерді дұрыс шешу жолдарын айтқан ел басқарушылардың ауызша баяны – саясатсөз, академиктің ғалымдар алдында немесе профессордың студент, жастар ортасында ауызша айтқан ұлағаты – білімірсөз, жиындарда, мәжілістерде белгілі бір идеяны қолдау үшін айтылған қошеметсөз, сот залдарында әлдекімді айыптау немесе ақтау үшін айтылған биліксөз, жиналған жамағат алдында дін ақидаларын тарқата түсіндірген уағызсөз дәлелдейді. Бұлардың бәрі журналистика араласпай-ақ жүзеге аса береді. Сондықтан да публицистиканы, яғни замансөзді журналистиканың бір саласы деп кесіп айту қиын. Осы тұста мына тұжырымдарды тілге тиек ете кету де орынды: «Біріншіден, журналистика – әр алуан мекемелердің басын құрайтын ерекше әлеуметтік институт болып табылады... Екіншіден, журналистика қызмет түрлерінің жүйесі болып табылады... Үшіншіден, журналистика – мамандықтар жиынтығы... Төртіншіден, журналистика – шығармалар жүйесі... Бесіншіден, журналистика – ... басылымдар мен бағдарламалардың түрлерін қалыптастыратын арналардың біртұтас жиынтығы... Алтыншыдан, журналистика – БАҚ проблемаларын зерттейтін өзгеше ғылым саласы және оқу пәндерінің жиынтығы». Бұл тұжырымдарда «журналистика – шығармашылықтың бір түрі» деген ой жоқ. Мұнда «шығармалар жүйесі» деген анықтама бар. Ал публицистика, яғни замансөз биік шығармашылық ізденіс нәтижесінде дүниеге келеді. «Сонымен қатар ...өзекті қоғамдық-саяси тақырыпқа көпшілік алдында сөйленген сөздерді де қамтиды... публицистика – белгілі бір нысаны, орны, функциясы, мазмұны, құрылымы мен пішіні бар, белгілі бір жанрлар жүйесі бар және қоғам мүшелеріне әсер ету тәсілдері бар тұтас шығармашылық түрі». Байқап отырғанымыздай, публицистика ұғымы мен журналистика ұғымының аражігі әжептәуір екен. Тегінде журналистиканың қоғам мен сөзгер ортасындағы алтын көпір қызметін атқаратындығын және сол қызметінің өзі қоғамдық болмыстың күретамыры қызметімен барабар екендігі де айнымас ақиқат. Журналистикасыз көсемсөз де, шешенсөз де жарымжан күй кешеді. Жұртқа жария болуы үшін де жазылған дүние газет-журналдарда басылуы керек, ауызша айтылған ой радио немесе теледидар арқылы берілуі керек. Ал публицистика, яғни замансөз

болмаса, газет пен журналдың бетінде жарияланған «от басы, ошақ қасының», болмаса әркімнің қара басының қам-қарекеттері қоғамдық сананы ояту, ортақ іске жұмылдыру, баршаға керек мүддеге бағыттау мұраттарының жүгін көтере алмайды. Заманның сөзін сөйлеп, қоғамның асқақ мақсаттарын, ұлттың ұлы армандарын күйттесе ғана БАҚ-тың бағы ашылады. Ал заманның сөзін сөйлеу шешенсөз бен көсемсөздің ғана міндетінде. Демек, журналистика мен публицистика, яғни замансөз бірін-бірі толықтырып отыратын қоғамдық сананың қозғаушы күштері ретінде өз міндеттерін атқара береді.

Публицистиканы, яғни замансөзді ғылым деп тану да – уақыттың өзі күн тәртібіне қойған қажеттілік. Басқа елді қойғанда өз елімізде осы тақырып төңірегінде қаншама ғылыми ізденістер жасалды, еңбектер жазылды, қаншама ұғымдар мен түсініктер, қорытындылар мен тұжырымдар, айқындамалар мен анықтамалар ғылыми айналымға түсті. Ахмет Байтұрсыновтан бері бүгінгі күнге дейін бір тоқтамаған замансөз жайындағы ғылыми ой ағыны өзін мойындатып келеді. Публицистика айқындамасын жасаудан бастап оның атқаратын қызметін, өмірге келу жолдарын, тақырыбы мен идеясын, құрылымы, сюжеті, тілін, түрлері мен жанрларын, қалыптасуы мен даму жолдарын қарастырған ғылыми еңбектер өз алдына бір теориялық бағыт. Айталық, қазақ баспасөзінің даму жолдарын, тарихын таразылаған Х. Бекхожиннің, Публицистиканың теориясы мен тәжірибесін және жанрларын саралаған Т.Амандосовтың, ұлттық баспасөздің жүріп өткен жолдарын көрсеткен Б.Кенжебаевтың жұмысы бұл саладағы алғашқы ғылыми еңбектердің бірінен саналады. Т.Қожакеевтің журналистика жанрларына жаңаша көзқарас қалыптастырған еңбектері мен журналистика және публицистика тарихының ақтандақ беттерін толтырған зерттеулері, Ш.Елеуқеновтің публицистиканың таралуына негіз болатын насихаттық мәні бар кітаптың тарихын және кітаптану ғылымының ұлттық негіздерін жүйелеген еңбектері мен өз заманының заңғар публицистерін танытатын еңбектері, М.Барманқұловтың телевидение және радио журналистикаға қатысты тосын ойлары мен тың пікірлері болса, жекелеген тарихи тұлғалардың замансөзгерлік қызметін арнайы зерттеген еңбектер де едәуір қомақты және олар тәжірибелік бағытты құрайды. Демек, замансөздің теориясы мен тәжірибесі бір ғасырға жуық тоқтаусыз зерттеліп, зерделеніп келеді екен, олай болса қазақ замансөзтану ғылымы орнықты деп айтатын уақыт өзінен-өзі келді. Осы замансөзтану ғылымының әлі игерілмеген, түрен салынбаған тың тақырыптары баршылық. Солардың бірі – ауызша публицистика, яғни шешенсөз.

Батыстық және орыстық таным мен түсініктерге негізделген ғылыми ойлар ауаны мен тәжірибелердің ықпалында жасалған замансөзтану ғылымының көш басында болған аға буын ғалымдар да замансөзді тек жазба мәдениет саласы деп қарап, соған байланысты ой түйіндеп келгені ақиқат. Радио мен теледидар өмірге еніп, солар арқылы

қоғамдық ойды қозғау әрекеті өмірге енгенмен, эфирдегі уақыт шектеулі болғандықтан және ондағы ой-пікірдің бәрі микрофон алдында ауызша айтылатындықтан, журналистиканың бұл саласында публицистика бар дегенге басында сенімсіз қарап, кейін ғана илана бастады. Ашығын айтқанда, көпшілік публицистиканы жазба әдебиеттің бір отауы санап келгендігі де шындық. Қазақ сөз өнерінде ауызша публицистика бар екендігі Ахмет Байтұрсыновтан кейін енді-енді ғана айтыла бастады. Бұл тақырыпта арнайы еңбек жазылмаса да сол ойды айту пиғылы бар диссертациялар, монографиялар өмірге келді. Бұл бағытта батыл ойларымен көрінген ғалым Б. Жақып өз зерттеуінде қазақ жазба публицистикасының қалыптасуына ауызша сақталған мұралардың ықпалы зор болғандығын айрықша бөліп айтып, нақты мысалдармен дәлелдеді. Батырлар жыры – ауызекі публицистика үлгісі екендігін, жыраулар поэзиясында публицистикалық сарын барын, шешендік сөздерде публицистикалық белгі көп екендігін айта келіп мынадай ой қорытады: «Зерттеу барысында публицистиканың табиғаты айқындалып, оның жалпы адамзат дамуының алғашқы дәуірлеріндегі екі түрі болғандығы анықталды. Оның бірі – халық ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізген ауызекі публицистика. Екіншісі – жазу, сызу пайда болғаннан кейінгі қолданысқа енген жазба публицистика. Қазақ халқының тарихында екеуі де әр алуын деңгейде көрініс тапты». Ауызша публицистиканың айтындарының бірі – айтыстың публицистикалық қырларын арнайы зерттеген Қ.Асанов бұл тақырыпта докторлық диссертация жазды. Онда айтыстың бұрынғы және бүгінгі нұсқаларын мысалға келтіре отырып, олардың ішіндегі қоғамдық сананы оятатын, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қозғайтын, ел мен жер, ұлт тағдыры мен басқа да мемлекеттік мәні бар саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани мәселелерді халықтың алдында батыл да ашық айтатын күрескерлік рухтағы айтындарды (высказывание) алға тартады да, ауызша айту өнерінің бұл түрінің нағыз публицистика екендігін дәлелдеуге тырысады. Бұл екі еңбек те ауызша публицистика – ұлтымыздың сөз өнерінің ерекше түрі екендігін дәлелдеуге бет бұрған келелі де керекті зерттеулер. Тілтанушы А.Мұсабекованың «Қазіргі қазақ публицистикасында экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары» атты еңбегіндегі публицистиканың ауызша түріне, яғни ауызша публицистикаға, дәлірек айтсақ, шешенсөзге қатысты ойлары бұл саланы тіл ғылымы тұрғысынан да арнайы зерттеу қажеттілігін байқатады.

Адамзаттың ақыл-ойы алға жылжыған сайын өткеніне тереңірек үңілетіні – қажеттіліктен туған заңдылық. Өйткені, оның өткен жолы шыққан тегіне алып барады, тегін тапса, нәр алып жатқан топырағында тамырлана түседі. Сол сияқты ұлтымыздың ғасырлар бойы тағдыр талқысында шындалып, сана мен сезім сүзгісінен өтіп барып рухани өмірінің бөлінбес бөлшегіне, ажырамас әдеті мен әдебіне айналған

құндылықтарын іздеу, табу, тану және таныту, сол арқылы бүгінгі ұрпақтың ділін нығайту – ғылымның басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Олай болатын себебі, рухы бостан, жігері азат ел ретінде жұмыр жердің бетіндегі өркениетті өзге жұртпен иық тірестіруге ұмтылған қазіргі жаңару мен жаңғыру заманында қазақ деген ұлттың өзіндік болмысы, дара келбеті болмаса, алпауыт елдердің «ғаламдастыру үрдісі» деген желеумен қолдан жасаған құйтырқы саясатының құрбаны болып кетуі – мүмкін нәрсе.

Ұлтымызды өзгелерге ұқсататын, олардан өзгешелейтін әрі өзіне ғана тән тұрпатын айқындайтын рухани қазынасының бірі – сөз өнері. Оның сөз өнері сан мәрте зерттелген, зерделенген. Соның өзінде ашылмаған қырлары әлі де баршылық. Олардың дені бұрынғы патшалық және кеңестік ұлтсыздандыру саясатының басты бағыты бойынша әдейі еленбеген, еленсе де бұрмаланған. Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғалтқанымызды іздеу қолға алынды. Қолға алынған мұраның бірі – сөз өнері болса, соның ең елеулі саласы – ауызша публицистика, яғни Ахмет Байтұрсыновша айтсақ, шешенсөз еді. Шешенсөздің тамырын тауып, табиғатын тану арқылы біз ұлтымыздың да өзіндік кескін- келбетін танимыз.

Ғылымның мұраты – ақиқатқа жету, сол жолда барды бағалау, жоғалғанды табу, тапқанды тану, танығанды өзгеге таныту. Шешенсөздің өзіндік сипатын танығанда, таныстырғанда біз нені көздейміз?

Тарихтан белгілі қазақ ұлты берісі түрк халықтарымен, арысы адамзатпен қоян-қолтық араласа жүріп, тарих пен тағдырдың сан ғасырлық соқпақтарынан өтіп барып ұлт болып ұйысты, дербес мемлекет болып бой көтерді. Жеке хандығын құрып, өз жерінде өз тілімен өмір сүрді. Бірақ дәл ұлтсыздандыру саясатының соққысындай соққыны көрген жоқ. Ол саясат ұлтты ең әуелі тілінен айыруға бағытталды. Соның зардабынан өз тілінде жазбақ тұрмақ, сөйлей алмайтын ұрпақ өмірге келді. Ұлттың тілі сүттей ұйып тұрған замандарда сөйлеу өз алдына, екінің бірі айту өнерінің шебері деңгейіне көтерілген болатын. Пікірін өрнекті жеткізу, астарлы оймен ақылын асыру қабілеті, бір-бірінің айтқанына имандай сенетін өркениеттілік, имандылық, мәдениеттілік кешегі жиырмасыншы ғасырдың ортасына дейін келді де одан кейін қағазға қарамаса ойын жеткізе алмайтын, айтқанға сенбейтін, ауызша аманатқа иланбайтын деңгейге құлдырады. Қағазбастылық жайлаған әміршілдік-әкімшілдік жүйеде елге тұтқалардың өздері халықтың алдына шығып қаралы сөзін қағазға қарап оқып беруге ұялмайтын, соттың сұрағына жауабын қағазға жазып алып барып оқып беруге қымсынбайтын күйге түсті. Мұның бәрі ұлтымыздың ең озық мәдениеті – айту өнеріне қасақана мән бермей, менсінбей қараудан еді.

Қазір айту мәдениеті қайта бой көтерді. Биік мінберден де, ресми басқосуларда да айтар ойын ауызша жеткізу әдеті мен әдебі ортамызға орала бастады. Ауызша публицистика, яғни шешенсөз қайта қарқын ала

бастаған дәл осы кезде оның болмыс-бітімін саралап, ғылыми көзқарас жолымен талдап, тарқатып беру – күн тәртібіне көтерілді. Жоғалып бара жатқан өнеріміз өмірімізге қайта оралса, оны қуана қолдап, жандандыра, жарқырата көрсету, сол арқылы ұлттық мәдениетіміздің ең озық үлгілерінің бірінің дамуына жол ашу – кезек күттірмейтін мәселе. Шешенсөз арқылы қазақ деген ұлтты өзіне тән болмысымен әлемге танытуға болады. Бұл – жаһандану заманында ұлттық қадыр-қасиетті жоғалтып алмау алғышарттарының бірі. Көтеріліп отырған проблеманың өзектілігінің бірі осында.

Бүгінге дейін қоғамдық санаға қозғау салу өнерінің жазбаша түрін, яғни көсемсөзді сан мәрте зерттедік. Талай еңбектер жазылды, ғалымдардың бірнеше буыны алуан-алуан тақырыпқа бөліп алып, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады. Бірақ «Сөз әлеуметке дегенін істету үшін ауызша айтылса – шешенсөз, жазбаша айтылса – көсемсөз» (Ахмет Байтұрсынов) деген қағидаға біржақты қарау салдарынан тек көсемсөзді ғана ғылыми нысан етіп алдық та, оның төлсыңарын – шешенсөзді назардан тыс қалдырдық. Бұдан кейін де елемесек, Ахаң айтып кеткен шындыққа қиянат жасаған болар едік. «Қоғамдық санаға тек жазу арқылы ғана қозғау салуға болады екен» деген түсінікпен жүре беруге болмайды. Мәселенің тағы бір өзектілігі осында. Шешенсөзді арнайы зерттеу қажеттілігі бүгінгі буынның алдыңғы ұрпақ аманатына адалдығынан, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігінен көрінеді.

Қоғамдық санаға қозғау салу өнерінің бастау-бұлағын кешегі газет-журнал шыққаннан, одан асса, жазу мен сызу өнері тарихынан бастау арқылы да талай-талай шындықтың ауылына ат басын тіредік. Жалпы, зерттеуші ғалымдар «публицистика» дегеннің не екендігіне, оның атқаратын қызметіне, тарихи тамырларына, жанрлық ерекшеліктеріне, тілдік-стильдік сипаттарына, қалыптасу, даму жолдарына уақыт талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігіне орай өз тұжырымдарын ұсынды, айналымға түсірді, кәдеге асырды. Сөйтіп, публицистиканың жазбаша түрін зерттеу ісінің ұлттық мектебін қалыптастырды. Публицистикатану ғылымының ұлттық мектебі дегенде біз Ахмет Байтұрсыновтан бастап бүгінгі публицистикатанушы Бауыржан Жақып, Қойлыбай Асановтарға дейінгі аралықта әр жылдары әр кезеңде зерттеу еңбектерімен ел есінде қалған тұлғаларды айтар едік. Солардың ғылыми ойлары осы саланың ашылмаған жаңа қырларына жол ашты. Олардың еңбектерінің өміршеңдігі де, құндылығы да осында. Дей тұрғанмен, публицистиканың, яғни замансөздің бұған дейін ашылмай келген қыры дегенде біз мынаған баса назар аударамыз:

Адамзат сызу мен жазу және тасқа басу өнерін тапқанға дейін де ақпарат алмасты. Қауымдасты, қоғамдасты, тіршілік үшін күресті. Әуелі қара басының амандығы үшін қарекет етсе, кейін отбасының одан кейін тайпасының, сонан соң одағының, елі-жұртының қамы үшін күресті.

Осының бәрінде бір-бірімен ақпарат алыспай ойын жүзеге асыра алмас еді. Демек, қоғамдық санаға қозғау салу машығының тарихын әріден бастағанымыз абзал бізге. Сол арқылы ұлтымыздың да рухани мұраларының тарихын арғы кезеңдерден іздейтін боламыз. Бұл қазақ деген ұлттың тарихын адамзат тарихымен біртұтастықта қарастыруға жетелейді.

Ауызша публицистиканы, яғни шешенсөзді зерттеу арқылы біз оның табиғатын анықтаймыз. Ауызша ой айту түрлерін, әдістерін, әдеттері мен әдептерін білеміз. Оның айшықты айтындарын қайта тірілтеміз. Халыққа таратамыз. Сол арқылы өшіп бара жатқан өнерімізді, салтымызды, ғұрпымызды қайта өмірге әкелеміз. Сол мақсат орындалса, онда ұлтымыздың ұрпағы кешегі бабалары секілді ойын анық та айшықты етіп айтуға көшеді. Ойынды алдындағы адамға бетпе-бет келіп, ашық айту – шындыққа жол ашады. Ауызша айту өнері дамыған кезде демократиялық үрдістер қайта жанданады. Шешенсөздің құдыреті де осында. Сондықтан да шешенсөздің бар болмысын анықтап алу, оны пән ретінде оқыту, үйрету ұлт ұрпағының болашағы үшін қажет. Бұл пәннің маңыздылығының бірі осында.

Өмірде болып жатқан оқиғалар туралы шын ақпараттар, нақты мағлұматтарды ауызша тарату арқылы қоғамдық санаға ықпал ету өнерінің бірі – ауызша публицистика, яғни шешенсөз болмысын зерттеу ісі тың жатқан саланың ашылмаған қырларын ашады, бұрынғы таптаурын қағидалар мен түсініктерге бүгінгі ұлттық рух талабы мен ұрпақ талғамы деңгейінен қайта қарауға мұрындық болады. Тақырыптың өзі жаңа болғандықтан тың ойлар, тосын пікірлер, бұрын айтылмаған атаулар мен аталымдар және солардың астарындағы ұғымдар мен түсініктер ортаға салынады. Сол тың таным ғылыми ой-сананың бір мысқал болса да алға жылжуына түрткі болады. Пәннің тағы бір маңыздылығы осында.

Әдебиет, тіл, журналистика мамандықтарын арнайы оқытатын жоғары оқу орындары небір тұлғалар тәрбиелеп шығарды. Солардың бәрі – газет-журналдарға қоғамдық сананы оятар мақалаларын жариялау арқылы көсемсөзгер ретінде танылғандар. Яғни бұл оқу орындары да, бұқаралық ақпарат құралдары да жазба публицистика, яғни көсемсөз машығына, жазу шеберлігіне баулу айла-тәсілдерін меңгерген публицистер, яғни замансөзгерлер мектебін қалыптастырды. Осындай оқу орындары енді ауызша айту өнері, яғни шешенсөз арқылы қоғамдық сананы ояту әдіс-амалдарын меңгерген мектеп қалыптастыруына тұғыр болатын ғылыми жолдың бірі – арнайы дара тақырып етіп алып, тереңдете зерттеу деп білеміз.

Бірақ бұл бұған дейін шешенсөз туралы «ешкім еш нәрсе айтқан жоқ» деген сөз емес.

Бұл тақырыпты, яғни қоғамдық санаға ауызша айту арқылы қозғау салу өнері туралы, басқаша айтқанда, шешенсөз жайында алғаш

ғылыми ой айтып, айқындамасын жасап, топқа бөліп көрген бірден-бір ғалым, ұлтымыздың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынов болатын. Оның замандастары Халел Досмұхамбетов, Құдайберген Жұбанов, Шамғали Сарыбаев тілтаным және шешендік өнер тұрғысынан қарады, публицистикалық мәніне назар аударуды басты мақсат тұтқан жоқ. Рас, публицистика туралы Х.Бекхожин, Б.Кенжебаев, Т.Амандосов, Т.Қожакеев, М.И.Фетисов, Ә.Ыдырысов, С.Қозыбаев, Н. Омашев, С.Масғұтов, журналистика және жалпы публицистика туралы келелі ғылыми тұжырымдар айтты. Тіл ғылымының қарқарасы Рәбиға Сыздықова ауызекі сөйлеу мен ауызша айту үлгісін тілдік үрдіс санатында саралады. Тележурналистикадағы ауызша айту пішіндері жөнінде пікірлерді М.Барманқұлов, А.Бейсенқұлов, Ғ.Ыбыраева, С.Барлыбаева, Л.Ахметова, т.б. өз зерттеулерінде таңдаған нысандарының ыңғайына қарай атап өтеді. Радиожурналистикадағы ауызша хабар тарату, жеткізу тәсілдері мен ерекшеліктері туралы ғалым Н.Омашев құнды пікірлерді алға тартты. Әрине, тележурналистика, публицистика туралы кемел ойларды өз еңбектерінде К.Смайылов, Ә.Қалмырзаев, Қ.Сұлтанов, А.Сәрсенбаев, М.Құл-Мұхаммед, т.б. зерттеушілер де ортаға салған болатын. Ауызша публицистиканың, яғни шешенсөздің бұрыннан ұлт өмірінде ерекше орын алғандығын және оның бүгін де өмір сүріп келе жатқандығын Б.Жақып өзінің «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген іргелі еңбегінде айрықша атап өтті. Қ.Асанов айтыс өнерінің шешенсөздік сипатын саралап, бұл тақырып төңірегінде тың ойлар айтты. Шешенсөз айтындарының табиғаты фольклорлық және ауыз әдебиеттік жанрларға жақын. Тіпті, кейбір фольклорлық және ауызша әдебиеттік жанрлар шешенсөз айтындарының орнына жүргендігін атап өтер едік. Мысалы, айтысты фольклортанушылар мен ауыз әдебиетін зерттеушілер фольклорлық, кейде ауызша әдебиеттік жанр дейді. Біз оны шешенсөздің ең ұшқыр айтыны деп есептейміз. Толғауды, термені ауыз әдебиетінің жанры ретінде арнайы зерттеген еңбектер де бар. Біз оларды шешенсөздің әуезді айтындары деп білеміз. Өнді музыкатанушылар музыкалық жанр ретінде қарастырса, біз оны қоғамдық ойды пәрменді жеткізудің тәсілі ретінде қарастырамыз. Әйтсе де, жоғарыда аталған еңбектердің бірде-бірі шешенсөзді жеке зерттеу нысаны етіп алған жоқ. Ендеше болашақта не істемек керек?

Біздіңше, қазақ сөз өнерінде ерекше орын алатын, күнделікті қоғамдық өмірде ауызша айтылып, орындалып жүрген шешенсөз:

- айқындамасы;
- пайда болу, қалыптасу ерекшелігі;
- алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың ақпарат алмасуынан бүгінгі күнге дейінгі өмір сүру сипаттары;
- фольклормен байланысы;
- ауызша әдебиетпен ара-қатынасы;

- журналистік-сөзгерлік шығармашылықтағы орны;
- түрлері мен үлгілері;
- орындалу, айтылу өзгешелігі;
- көркемдік сипаттары;
- тарихи шындық пен көркемдік шындық кестелері;
- мәтіндік болмысы;
- айтушы мен тыңдаушы ара-қатынасы;
- уақыт пен кеңістік мәселелері салыстырыла, байланыстырыла зерттелуі керек.

8. СӨЗ ӨНЕРІ

Кез-келген елдің сөйлеу (тіл) мәдениетінің ажарлы, айшықты, шұрайлы болуы сол халықтың жазу-сызу өнерімен яғни әдебиеті, баспасөзімен тікелей байланысты.

Бұл мәселе өткен ХХ ғасырда да өзекті проблема ретінде ұлт тілінің жанашырларын үнемі толғандырып отырған. Белгілі ғалым Әсет Болғанбаев «Тіл және шеберлік» атты мақаласында Ана тіліне деген журналист жауапкершілігі туралы төмендегідей толғамды ойлар айтқан:

«Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді деген. Әрбір көз ашып дүниеге келген нәрестенің бойындағы барлық жақсы қасиеті анадан тараған. Ана мен тіл бөлінбес бір дүние. Мұны бөліп-жарып, ажыратып қарауға еш болмайды. Ана тілі - өлмес мұра, жоғалмас асыл мүлік. Әр ұрпақ өз ана тілін байытып, жетілдіріп бірден-бірге мирас етіп қалдыру – бәрімізге ортақ парыз. Әр адамның ана тіліне деген қамқорлығы, жанашырлығы, қосқан үлесі, тигізер пайдасы күнделікті сөйлеген өз сөзіне, жазған төл туындысына соншалықты жауапты да ұқыпты қараудан басталады. Демек, әр адам жөргегінен үйренген тілге өле-өлгенше жауапты деген сөз.

Бұл тіл бүгінде сөз байлығы молайған, құрылым-құрылысы жүйеленген, жазу ережелері орныққан, стильдік тармақтары сараланып жетілген, ауызша да, жазбаша түрде де жалпыға бірдей қызмет ететін ұлттық жазба әдеби тіл деген сипат алып отыр. Демек, бұдан былай өз ана тілімізді қалай пайдаланып, қалай дамытамыз десек, бізде барлық мүмкіндіктер жасалған. Бұл ретте журналистер қауымына түсер ауыр салмақ, артылар аманат ерекше болмақ».

Өткен ғасырдың 80- жылдары айтылған бұл пікірдің көкейкестілігі ХХІ-ғасырдың алғашқы он жылдығында да өз қуатын жоғалтпағандығын уақыт көрсетіп отыр. Журналистер қауымына түсер «ауыр салмақ» пен артылар «аманатқа» бүгінгі Б.А.Қ өкілдері лайықты қызмет атқырып жүр ме?

Міне, мәселенің негізгі мәнісін де осы сұрақ төңірегінде өрбітіп, сараласақ шешімі күрделі біраз жайттарға қанығарымыз анық.

Біріншіден, ел тәуелсіздігімен бірге келген сөз бостандығы, ой еркіндігі республикамыздағы Б.А.Қ-ы санының күрт өсуіне алып келді.

Әрине, кешегі кеңестік дәуірдегі санаулы газет-журнал, теле-радионың саны өсіп, бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтеп жатса, оны неге қолдамасқа? Бірақ бір өкініштісі Б.А.Қ-ы саны өскенімен сапасының тым құлдырап кетуі еді. Ұлттық журналистика мамандарын даярлайтын бірден-бір оқу орны ҚазМҰУ-дың түлектері бүкіл республика көлемін қамтып, жұмыс істеуіне сандық тұрғыдан да әлеуметтік-тұрмыстық себептерден де дәл сол уақытта мүмкіншілігі болмады. Әр облыс, қала мен шағын кенттерде ашылған ақпарат көздерінде журналистикадан хабары жоқ басқа маман иелері жұмысқа қабылданып жатты.

Бұл мамандардың көпшілігі ұлттық тілдің уызына жарымаған, әдебиет пен өнерден мақұрым нағыз «асфальтта» өскен азаматтар еді. Сол мамандардың журналистикаға бойлары үйренгені соншалық, қазір кейбіреулері жетекшілік яғни редакторлық, директорлық қызметтерге дейін өсіп көтеріліп алған. Міне, сапаның күрт төмендеуінің басты себептерінің бірі осы.

Екіншіден кешегі кеңестік дәуірдегі ұлттық тілдің өгейлікке ұшырап келуі де, ана тіліміздің белгілі дәрежеде өркендеуіне тосқауыл болды.

Дей тұрсақта, сол дәуірдің студенттері яғни ауылдан келген жастар жоғары оқу орындарына мол қазынамен келетін. Ол қазыналары қазақ әдебиетін яғни көркем шығармалардан, ауыз әдебиеті үлгілерінен мол хабардар болатын. Ал, ол дегенінің тіл байлығының, мәдениетті сөйлеп, жүйелі ойлаудың негізгі қайнар көзі еді. Біз қазіргі кезде сол қазынадан да айырылып қалдық.

Бұлай деп пікір айтуыма төмендегідей мәселелер себеп болып отыр. Өз басым жоғары оқу орнында болашақ журналист мамандарды оқытып келе жатқанымда он екі жылдың жүзі болды. Әсіресе, «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «Б.А.Қ-тың тілі, стилі» сияқты пәндерден дәріс бере жүріп көзімнің анық жеткендігі қазіргі студенттердің тілінің өте жұтаңдығы. Тіл байлығының жұтаңдығы, сөздік қордың тұрмыстық деңгейден аса алмауы, болашақ журналистер үшін аса үлкен қауіп. Тіл жөнінде жоғарыда айтқан санаға түсер салмақ пен арға артар аманатты осы деңгейдегі жастарымыз болашақта қалай алып жүрмек?!

Тағыда сол тіл жанашыры, көрнекті ғалым Ә. Болғанбаевтың пікіріне жүгініп көрелік: «Журналист еңбегінің қыр сыры өте көп, оларға қойылар талап пен талғам да жеткілікті. Біз солардың ішіндегі бір ғана мәселені – насихат құралының

тілі мен стилін, жазу мәдениетін көтеруді сөз етпекшіміз. Ана тіліне деген журналистің жауапкершілігі – бүгінгі әдеби тілдің зор мүддесінен тұмақ.

Бүгінгі әдеби тіл – жетілген, есейген білімдар қауымның қатынас құралы екендігі даусыз. Сондықтан қазіргі оқырмандардың тіл мен стильге деген мұқтаждығы да анағұрлым арта түспек. Ол да заман талабына сай бүршік атып, көктеп гүлденуі керек, өркен жайып, мәуелеп өсуі қажет. Әрбір жазылған мақаладағы айтылмақ ойдың қалай баяндалуына, оның сұлу сөзбен бейнеленген мәдениетіне қатты көңіл бөлінбек.»

Әр халықтың тілі, сол халықпен бірге жасап, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси жағдайларға бейімделіп дамып, өсіп, жаңарып отыруы табиғи заңдылық. Тілдің тоқырауы, ұлттық сана, ой сезімнің күйреуіне алып келеді. Бүгінгі Б.А.Қ-да істейтін көптеген журналистердің «орысша ойлап, қазақша сөйлеуі» жақсы нышан емес. Бұл көрініс әсіресе өздерін тәуелсіз арна, коммерциялық баспасөз санайтын ақпарат салаларында жиі байқалады.

Айтылған проблемалардың алдын алудың негізгі шарты тағыда ақпарат көздерінде қызмет істейтін мамандардың сөйлеу, жазу тілдерінің мейлінше сапалы болуына келіп саяды. Журналист өзі үшін сөйлеп (жазып) немесе өзі үшін толғанбайды. Оның аузынан айтылған, қаламымен жазылған туынды бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтейтіндігін естен шығармағанымыз абзал.

«Газет - әдеби тілдің бірінші баспалдағы. Барлық өнегелілік пен шеберліктің шыңдалып, таралатын жері де осы. Сондықтан осы баспалдақтың тазалығын сақтау үшін журналистер қауымы қажымай-талмай тынымсыз еңбек ете білулері керек. Әрбір сөзге екі шоқып, бір қарауға машықтану қажет.

Қасиетті ана тіліне немқұрайды қарап, бейберекет қылуға ешкімге право берілмеген». Осылай деп ой толғаған тілші –ғалымдар пікіріне жүгіне отырып, қазіргі Б.А.Қ-дағы тіл (сөз) мәдениетін қалыптастыруда төменлегідей мәселелерді ескерген жөн.

Бірінші, журналистика мамандығын қалаушы жас талапкерлерді оқуға қабылдау барысында олардың жазу шеберлігі мен сөйлеу мәдениетіне барынша назар аудару қажет. (Бұл жерде шығарма жаздырып, газет бетіне жарияланған бірді-екілі мақаласына қарап, болашағынан «зор үміт» күтудің қажеті жоқ. Шығарманың мазмұны мен қатар тілдік- стильдік ерекшелігіне баса назар аудара отырып, талапкердің сөздік қор, тіл байлығына тереңірек мән берілуі керек.)

Кейінгі кездері журналистика мамандығын даярлау барысында мемлекеттік стандартта көрсетілмеген деген желеумен оқу бағдарламасынан алынып тасталған «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «Шеберлікке баулу», «Мамандандыру» сияқты тағыда тілге, стильге, сөйлеу, жазу шеберліктеріне қатысты пәндерді

толықтырып, қайта кіргізу қажет. (Себебі бұрындары «Радиохабарлар тіл стилі», «Телехабарлар тіл стилі», «Мерзімді баспас өз тіл стилі» жеке-жеке пән ретінде өткізілетін.

Бұлай өткізу болашақ журналистке БАҚ-тың әр саласы бойынша, еркін дайындалып, аталмыш мамандықтың өзндік ерекшеліктеріне сай сөйлеу, жазу машықтарын меңгеруіне кең мүмкіндіктер беретін.)

Үшіншіден, арнаулы орта мектептерде 10-11 сынып оқушыларын журналистік мамандыққа баулитын факультативтер ашылса. (Бұл әрине біраз мектептерде бар болғанымен, тұтастай дәстүрге айналған жоқ. Өйткені журналистика әліппесімен мектеп қабырғасында жүріп танысқан талапкерлердің мамандықты игеру барысында көп қинала қоймайтыны белгілі.)

Ұлттық журналистика мамандарын даярлау барысында біршама тәжірибиеларді байқай отырып көз жеткізген анық бір мәселе жас талапкердің сөйлеу (жазу) мәдениеті отбасы, балабақша, мектептен қал ыптасып, дамып, жетілетіндігі. Бай ауыз әдебиетіміздің інжу-маржандары аңыз-әфсана, ертегі-әңгіме, жыр-дастандарымен сусындап өскен жеткіншектің көкірегі күмбірлеп, сөз әлемінде қиналмай еркін қанат қағатындығы. Өйтпесе, қазіргі алмағайып заманда кекілі күнге күймей, табаны жерге тимей тас еденде ойнап өскен ұрпақтың сөзі де, ойы да жұтаң болатындығын уақыт көрсетіп отыр.

9. ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ БАСПА ӨНІМДЕРІ

Бүгінде кең қанат жайып отырған ұлттық өнерге қатысты кітаптардың көбі мемлекет тарапынан қаржыландырудың көмегімен жарық көріп жатыр. Олардың көбі оқырман қауымға да таныс. Мәселен, елордадағы беделді баспалардың бірі саналатын «Фолиант» баспасында осы уақытқа дейін ұлттық өнерге қатысты көптеген кітаптар жарық көрді.

Олардың едәуір бөлігі алыс-шалғайда орналасқан ауылдық жерлерге, аудан, облыстарға жетіп үлгерді. Бұл да бір жағынан қуанышты жағдай десе болады. Себебі, айшылық алыс жерлердегі бауырларымызға ұлттық өнер, мәдениет, тәрбие турасындағы кітаптар қажет. Сондай-ақ, ұлттық өнерге қатысты кітаптардың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны біреуі білсе, біреуі біле қоймас. Арнайы дизайнерлердің көмегімен ұлттық қолданбалы ою-өрнектер мен безендіру суреттері аталмыш кітаптарда жиі қолданылады. Бұл да оқырманға кітапты жеткізе білудің қарапайым әрі бірсыпыра қиын түрі. Арнайы колонтитул мен колонцифрлардың, сноска мен шрифттерінің ерекше шығуы да өзіндік сұранысқа ие болып отыр. Бір атап өтерлік жайт: кітап дайын боп шыққанға дейін оқырмандарды арнайы буклет, брошюралармен қуанту болып табылады. Оларды ерекше етіп жеткізе білудің алуан-алуан әдіс-тәсілдері бар. Мысалы, мыңдаған тираждармен

оқырмандарға алдын ала тарату арқылы баспадан жарық көргелі отырған кітаптардың ұлттық нақышта безендірілуі болып табылады. Көбіне брошюралар мен буклеттер жүздеген тираждармен шығып, жарық көргелі отырған кітаптардың сипаттамасы мен ерекшелігінен аз-кем ақпарат береді. Бүгінде баспа-полиграфия саласында көптеген оқулықтар мен ұлттық өнерге қатысты кітаптар барынша ұлттық бояуы қанық ерекшеліктерімен жарық көруде. Мәселен: кітаптардың қатты мұқабасы шетелдерден импортталған терілермен дайындалуда. Сондай-ақ, ішкі форзацтары тығыздығы 120 г/м² қағаздарға басылып, түрлі-түрлі ою-өрнекпен безендіріліп жатыр. Ал ішкі, яғни басты блоктың қағаз түрі түрлі-түрлі боп келеді, мысалы: офсеттік қағаз, борлы қағаз, глянецті қағаздар. Бұл тұста осындай кітаптарды көз қызығарлықтай етіп шығаратын дизайнерлер мен технологтардың атқарар рөлі ерекше. Себебі, жарық көргелі отырған кітаптың болашағы мен өтімділігін тиісті деңгейде анықтайтын осы мамандар. Әсіресе, кітап мұқабасындағы суреттер басты рөл атқаратыны анық. Сондықтан, басылайын деп жатқан кітап қай тақырыпта жазылар болса, мұқабадағы сурет осыны меңзеп тұрғаны абзал. Осы арқылы оқырманда кітапқа деген эстетикалық талғам қалыптасып, ұлттық өнерге деген құлшынысы артады.

Кітап мейлінше көрікті болып шығу үшін тиісті мамандар мен өнертанушылардың басын қосып, оның сүйінші данасын ойлап, екшелеп- текшелеп алғаны жөн. Мәселен, көрші Ресейдің кітаптары мен біздің шығып жатқан кітаптарды салыстыруға мүлдем келмейді. Арасы жер мен көктей. Себебі, көрші елдегі кітаптардың сыртқы формасының өзіндік ерекшеліктері оқырманға бірден әсер етіп, симпатикалық әсер қалдырады. Әдетте, «безендіру» деген сөздің ұғымына макеттік үлгі арқылы қалыпталатын мәтіндік гарнитуралар, кегльдер және бейнесуреттік беттер, баспаханалық жақтаулар, сызықтар, полиграфиялық басқа өрнектеулер кіреді. Яғни, баспа өнімінің оқырманға ұсынылған безендірілуі деген сөз. Демек, басылымды, оның ішінде, ұлттық нақыштағы кітаптар, безендіру дегеніміз – басылымның мазмұнына лайықтап жасалған сыртқы түр, кескін, келбет, көрік, бейне. Баспа және баспахана жағынан ұқыптылықтың және шығарылған нәрсенің әсемділігінің аса маңызы бар. Ал, басылымның мазмұны безендіруде негізгі рөлді атқарады. Сондай-ақ, безендіру ісі басылым мазмұнына өң бергенімен қоса, оған тәуелді болады. Безендіре білу, кітапқа ерекше өң беру – аса жауапты іс. Талғамсыз дайындалған өнім бір жағынан безендірушінің беделін түсірер болса, екінші жағынан оқырманның қабылдау сезіміне, эстетикалық талғамына жағымсыз әсер етеді. Демек, баспа жұмысының жемісі болып табылатын безендіру ісі – кітап мазмұнын түсінуге, ұғынуға, қабылдауға негіз болатын дүние. Безендіру ісіне қойылатын басты талаптар мен міндеттерді орындамайынша, безендіру ісінің тәсілдері туындамайды. Ал, талап-

міндеттерге – мазмұнды айқындап беру және оқырман назарын аудару; материалды түсіндіруге ықпал жасай білу қабілеттері жатады. Безендіруші осының бәрін өнерлік, шығармашылық тұрғыда басылымның мазмұнын, бас тақырыптарын, суреттерін оқырмандарға айқын да айшықты, жарасты етіп жасау керек. Ұлттық өнер тақырыбында басылған кітаптардың мазмұнын айқындау – оқырман назарына ықпал жасау, оқырмандардың мәтінді айқын түсуіне көмектесу боп табылады.

Безендіру ісінің мақсаты – басылым мазмұнын айқындау, оқырман назарына басшылық жасау, оқырманға мәтінді толық түсінуге көмектесу үшін одан әрі әрбір мәтінге тіл бітіре білуі аса маңызды. Ол үшін әрбір мәтінге, оның маңызына, мәніне, сипатына, көлеміне, жанрына лайық оқырманға айқын, ашық, әсерлі көрінетіндей етіп әріптің гарнитурасын таңдай білген абзал. Ересектерге арналған мәтіндерге кіші өлшемдегі әріптер таңдалғаны абзал. Сонымен бірге, басылым мазмұнының ішіндегі ең негізгі ойды, пікірді, көзқарас пен тұжырымды ерекшелеуге болады. Мысалы, ұлы адамдардың нақыл сөздерін, халықтың мақал-мәтелдерін де басқа шрифтпен немесе курсивті, қанық және т.б. етіп жазуға болады. Кітаптағы мәтіндік және суреттік ақпараттарды әртүрлі мәнерлі жақтаулармен, сызықтармен қоршау, оқшаулау, бөлектеу арқылы өзіндік рең бере аламыз. Бүгінде елордалық көптеген баспа мекемелері де соңғы үлгідегі бағдарламалармен және жабдықтармен қамтамасыз етуді негізге алуда. Компьютерлік есептеу қуаты мен жетістіктері арқылы кез келген баспалық операцияларды арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асыруға болатыны белгілі.

Негізгі мәтін-бейне материалдары Microsoft Word бағдарламасында теріліп, ұлттық ою-өрнектер, орнаменттер In Design, Corel Draw, Photoshop бағдарламалары арқылы қалыпталады. Қазіргі кезде баспа-редакциялық жұмысқа қатысты компьютерлік бағдарламалардың саны өте көп және олар қарапайым мәтін теруден бастап, автоматты беттеу, орфографиялық қателерін көрсету, бір тілден екіншісіне аудару, безендіру, фотосуреттермен көркемдеу, түрлі-түсті материалдары әр түске бөлу сияқты күрделі міндеттерге дейін оңай әрі жедел шешіп беруге көмектеседі. Операцияларды басқарып, басылым көрсеткіштерін беріп, реттеп, не шектеп отыратын адам, оның ақыл-ойы, кәсіби машығы болып табылады. Оның басқарушысы да, жетекшісі де білікті маман болуы қажет. Баспагер меңгеретін бағдарламалардың саны жеткілікті. Қазіргі компьютерлік бағдарламалардың интерфейстері ұқсас бағытталғандықтан, бірнеше бағдарламаны жетік меңгерген адамның келесі бағдарламалармен оңай жұмыс істеп-басқарып кетуіне негіз жасалған. Мұны кейінгі жылдардың жетістігі деуге болады. Қазіргі суретті интерфейс бәрін көз алдыға тізіп қояды. Мұның өзі де жаңа технологиялардың кең тарауына ықпал еткен маңызды факторлардың бірі болды. Жаңа ақпараттық технологиялардың баспа саласына байланысты енгізген жаңалықтарын: - баспа ісінде сандық

технологиялар кең қолданысқа ие болып, жаңа сапалық көрсеткіштерге қол жеткізді; - компьютерде көптеген баспаға байланысты бағдарламалар жасалып, олар жадында сақтауға, өңдеуге, қарауға жағдай жасады; - компьютерлік бағдарламалар бір-бірімен еркін жұмыс істеп, бір-бірін толықтыруға мүмкіндіктер туды; - интернет арқылы баспа саласына байланысты және басқа салаларға да байланысты мәліметтер алуға ауқымды арнаға жол ашылды; - мәліметтер ішінен әркім өзіне қажетті ақпаратты, суретті және мәліметтерді іріктеп алуға мүмкіндік бар; - электронды пошта арқылы құжат айналысы дамыды; - білім өрісін кеңейтудің жаңа салалары қалыптасты деп тұжырымдауға болады. Соңғы кездері әлемдік нарықта шағын баспа жүйесі деп аталатын компьютерлік бағдарламалардың индустриясы қалыптасты. Ол кешен газет- журналдың редакциялары мен баспаларда кең танымал болғандықтан, басқа да техникалық құралдармен қатар күнделікті жұмыста пайдаланылуда. Қазіргі баспа ісінде қолданылатын компьютерлік бағдарламалардың атқаратын міндеттерін төмендегідей жіктеуге болар еді: Операциялық жүйелер – компьютердің негізгі басқару жүйесі.

Бұл жүйе бағдарламалардың жұмыс істеуіне негіз қалайды. Windows операциялық жүйесі Қазақстанда кең тараған. Ал Macintosh компьютерлері, әсіресе, баспаларда жиі кездеседі. Оның бағдарламаларының көбі баспа жұмысына лайықталып жасалған. 23 Мәтіндік редакторлар – мәтінді теруге, түзетуге, редакциялауға және сақтауға көмектеседі. Олардың ішінде бізде жиі қолданылып жүргені Microsoft Word бағдарламасы. Сонымен бірге, түрлі орфографиялық, басқа да қателерге көрсететін көмекші бағдарламалар кең тарап отыр. Векторлық редакторлар – әртүрлі безендіру элементтерін, таңбалар мен әріптерді өзгертуге, көркемдеуге мүмкіндік беретін бағдарламалар. Олар газет- журналдардың фирмасын, тақырыптары мен айдарын, тауарлық белгілерін, логотиптерін жасауда кең қолданылып жүр. Графикалық редакторлар – фотосуреттерді компьютерге енгізуден бастап, оларды көркемдеу, әртүрлі ақауларын жою сияқты күрделі операцияларға дейін жүзеге асыратын бағдарлама. Бірнеше суретті біріктіріп, фотоколлаждар жасау соңғы кездері ұлттық өнерге қатысты кітаптарда кең танылып отыр. Сол бағдарламалардың ішінде әлемдік полиграфия мамандарымен стандарт ретінде қабылданған Adobe Photoshop бағдарламасын айтуға болады. Мәтінмен жұмыс істеу кезінде орфография мен функцияларды іздестіру және орналастыру бұйрығы көптеген жеңілдіктер туғызады. Беттеу, макеттеу, көшіру сияқты қызмет түрі сәтті атқарылады. Беттеу бағдарламалары – дайын мәтіндер мен суреттерді газет не журнал пішіміне сәйкестіріп орналыстыру, оларды безендіру, тақырыптарды, айдарларды бөлу сияқты барлық жұмыстарды атқарып, түпнұсқа-макет алуға мүмкіндік береді. Қазақстандық редакцияларда көбіне Adobe Page Maker, In Design бағдарламалары

қолданылады. Баспа маркетингі барлық уақытта екі бағытпен байланысады: оқырмандар аудиториясын, яғни, аталмыш кітап арналып отырған оқырмандар ауқымын зерттеу; кітапты сату жоспарланып отырған басылымдар нарығының бунағын зерттеу. Баспа қызметінің сәтті болуы төмендегі көріністерді есепке алу кезінде ғана мүмкін болады: ресурстар нарығы өз кезегінде – қаржы, жұмыс күші, баспаханалық, техникалық, материалдық, кітап басу жобалары, көтерме сатушылар сықылды бірқатар қосалқы нарықтардан тұрады; кітап өнімдерінің нарығы. Баспа-кітап маркетингі осы екі нарықпен де істес болады. Кітап шығарушының штатын құрайтын адамдар тобын, маркетингтің ішкі ортасы ретінде қарастыруға болады. Сыртқы ортаны ресурстар нарығының құрамына кіретін жоғарыда санамаланған рыноктардың бәрі құрайды.

Бүгін 65% пайызы Ресейдікі, 35-і ғана өзіміздің басып шығаратын кітаптар болып отыр. Қалай болғанымен де, қазіргі кітап нарығымыздың Ресейге тәуелді болып отырғаны рас. Дәл қазіргі уақытта баспа өнімдері тұтынушыға әр түрлі жолдармен жетеді. Егер баспа кітап дүкендерімен тікелей байланыста болса, онда кітаптың сатып алушыға жету жолы да қысқа болады. Алайда, көп жағдайда кітаптардың үлкен бөлігі дүкендерге көтерме сатумен айналысатын кәсіпорындар арқылы жеткізіледі. Сонымен қатар, таралымның көлемінде де үлкен айырмашылық бар. Қазіргі кезде өнімді қазақстандық баспалар екі жолмен жүзеге асырады. Бірінші – мемлекеттік тапсырыс, екінші – баспалардың өз қаржысын кітап шығарып, басылымның сұраныс туғызатынына және табыс әкелетініне үміттену. Мемлекеттік тапсырыс бойынша «Фолиант», «Елорда», «Күлтегін» және басқа да баспалар тарихи-этнографиялық, әлеуметтік әдебиет шығаруға қаржы бөлетін Білім және ғылым, Мәдениет министрліктерінің мемлекеттік тапсырыстарын орындау арқылы, сондай-ақ, жарияланған тендрді жеңіп алу арқылы тұрақты табысқа ие болуға мүмкіндік алуда.

1996 жылы құрылған «Фолиант» әмбебап баспасы қазақ кітап өнімін өндірушілер үздіктері қатарынан өзіне лайық орын ала білді. Баспа жыл сайын әр түрлі жанр мен бағытта 320 жаңа аталымдағы кітаптарды жарыққа шығарады. Көркем, ғылыми-танымдық, балаларға арналған және дамытушы әдебиет, оқулықтар, арнаулы, сыйлықтық басылымдар – «Фолиант» баспасы қамтыған кітап нарығындағы кең таралған салалар. Компанияның кадрлық құрамы идеялық жоба мен оны кітап түрінде ұсынуға дейінгі аралықта кез келген күрделілік деңгейіндегі тапсырысты орындауға қабілетті жоғары кәсіби мамандардан құралған. «Фолиант» баспасының заманауи талаптарға сай жабдықталған өз баспаханасы бар, бұл тапсырыс берушілерге полиграфиялық қызметтің кең ауқымын ұсынуға мүмкіндік жасайды. Баспаның негізгі ұстанымы – оқырманды оның қызығушылығына және баға – сапа – ақпарат көлемінің тиімді арақатынасына сай әдебиет түрлерімен барынша кең көлемде

қамтамасыз ету. «Бабалар сөзі» атауымен «Мәдени мұра» циклінде тұңғыш рет жарыққа шығып отырған қазақ фольклорының 100 томдық жинағы, әлемдік тарихи ойдың озық үлгілерінің «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» атты 20 томдық жинағы, Ұлы Дала туралы көне дәуір авторларының дереккөздеріндегі тарихи дерек-дәйектердің 4 томдық жинағы – баға жетпес қазына әрі ұрпақтардың игілігі болып саналатын бабалар мұрасы. «Нартұлға» сериясы оқырмандарды қазақ елінің және жалпы адамзаттың асыл перзенттерінің, яғни тарихи тұлғалардың өмірімен, шығармашылығымен таныстыратын, ғұмырбаяндық сипатта жазылған әмбебап жинақ болып табылады.

«Таным-дария» сериясы бойынша мән-маңызы зор ғылыми монографиялар мен зерделі зерттеу еңбектер жарық көруде. Бұл орайда академик Р.Нұрғалидың «Казахская литература: концепции и жанры» атты кітабы мен филология ғылымдарының докторы, профессор А.Сейдімбектің еңбектері топтастырылған 6 томдығын айрықша атап өту жөн. Өлкетану тақырыбындағы «Менің Отаным – Қазақстан» тарихи-танымдық кітаптар сериясын шығарудағы мақсат – киелі қазақ жеріндегі қойнауы тұңғыық та тылсым сырға толы өңірлердің бай шежіресін тарқату арқылы туған ел тарихын танытуға, аяулы атамекен қасиетін ұғындыра түсуге қызмет ету. «Фолиант» баспасы коммерциялық негізде кез келген бағыттағы кітаптарды баспаға дайындау және көбейту ісімен де шұғылданады. Көрсетілетін қызметтер: теру, әдеби және техникалық өңдеу, корректура, беттеу, дизайн, кітаптар мен альбомдарды көркем безендіру, полиграфиялық орындалым (таралымды басып шығару). Расында, кітап – тауар. Ол әртүрлі өнімдер тәрізді сатылады, яғни белгілі бір дәрежеде баспаға пайда әкеледі. Жалпы, республикамызда кітап шығарумен айналысып отырған баспалар өте көп. Ал, шығып жатқан кітаптардың аздығын, әрине, оның ішінде қазақ кітаптарының тым аздығын мойындауымыз керек. Бірақ, мемлекеттік тапсырыспен шығып жатқан кітаптардың түгелге жуығы қазақ тілінде екенін ескеру керек. Елімізде кітаптардың небір түрлері шығарылып жатыр.

Олар кітапханаларға жеткізіліп берілуде. Мемлекеттік тапсырыс бойынша шыққан кітаптар облыстық кітапханаларға, Алматы, Астана қалаларының барлық кітапханаларына, жоғары оқу орындарының кітапханаларына тегін жеткізіліп берілуде. Бұл дегеніңіз – кітапқа деген қамқорлықтың бір көрінісі. Сонымен қатар, кітаптың көбірек өтуі үшін оның бағасы арзан болу тиіс. Ол үшін қолайлы жағдай жасалғаны жөн. Сонда ғана көптеп шығарылған кітап арзанға түседі, қолжетімді болады. Кез-келген баспагер өз бизнесінің тезірек өркендеуіне ерекше мүдделі. Өйткені, баспаның әлеуметтік-экономикалық дәрежесінің өсуі кітаптың көптеп өтуіне тікелей байланысты. Баспалардың шығарған кітаптарын оқырманның қолына жеткізу – кітап индустриясының негізгі мақсаты. Шыққан кітаптардың шаң басып, баспа қоймасында немесе кітап дүкендерінде жылдап жатып қалмауы үшін қазір өндірісі мен

экономикасы дамыған елдерде «кітап индустриясы» деп аталатын өз алдына жеке сала бар. «Кітап бизнесі», «кітап индустриясы» деген сөздер бір қарағанда кітапты мәдени құндылық ретінде бағаламай, тауар деп қарап, пайда көзіне айналдыру деген ойға жетелейді. Шындығында, шығарылатын кітаптың перспективасын анықтау, оны сатып алатын, оқитын әлеуетті оқырманды анықтау, соның нәтижесінде басуға әзірленген кітаптың таралымын анықтап, сол таралымды толықтай тарату міндетін кітап индустриясы атқаруы тиіс. Сондықтан, кітап бизнесінің дамуына кедергі болып тұрған жайттардың шешімі табылуы үшін оқырман сұранысын нақты анықтау, баспа нарығын зерттеу және кітап менеджменті мен маркетингін жүзеге асыру қажет. Бұл ретте баспалар іс жүзінде жұмыс жүргізгендері жөн.

Олар шығаратын кітаптарының құндылығына мән бергені абзал. Кітап тарату жүйесін жолға қоюды ойластырған ләзім. Баспа менеджменті – кәсіби қызметтің жеке бір түрі. Оған баспа және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану нәтижесінде қол жеткізіледі. Ол үшін ғылыми тәсілдер және адам факторы жете ескерілуі қажет. Әрбір ұйымның өзінің қызмет ету саласына сәйкес, ол – сауда кәсіпорны, банк, консалтингтік фирма, холдинг, баспа және т.б. болсын, басқару түрі де әртүрлі сипат алады. Өйткені, әрбір кәсіпорынның өзіндік табиғаты болады. Ол шығарылатын өнімдердің түрлеріне байланысты. Мәселен, баспа өнімдерін өндірудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізгі өнім кітап болғандықтан, оны баспаға қабылдап алған сәттен бастап басқарудың алғашқы тетіктері іске қосылады. Бұл ретте қабылданған қолжазбаның болашақта кітап болып шыққан кезде кімге арналатындығы, яғни тұтынушылары назарда ұсталуға тиіс. Себебі, кейбір тақырыптағы кітаптар шағын аудиторияға арналуы мүмкін. Маркетингінің мәні мен мақсаты – экономиканы, жарнаманы, жоспарлауды оңтайлы ұштастыру, яғни тауарларды өндіру мен өткізу туралы ғылым. Өйкені қандай кітап болса да, барлығы адамгершілікті, адалдықты дәріптеп, оқырман санасына гуманистік идеяны сіңіреді.

Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бізге ауадай қажет. Ұлттық өнерге қатысты кітапшалар оқырман қолына түскенде өте ыңғайлы, жоғары сапалы, өлшемдері мен көрсеткіштері адамның жас ерекшелігіне ықшамдалып жасалса, көңілінен шығары сөзсіз. Сондықтан, суретші басылымның құрылымына да баса назар аударуы керек. Кітап құрылымын құрастырушы суретші мен дизайнердің бүгінгі безендірудегі жұмыстары ауқымды, қызметінің жүгі ауыр әрі жауапты. Кітап графикасы – қызық та қиын өнер. Кітап безендіру сырт қарағанда соншама қиын болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, шығарманың идеясын ашып, ойына ой, көркіне көрік қосып ажарландырып, оқырманға ұсыну өте маңызды іс. Мерзімді басылым беттерінде жаңа шыққан кітаптарға рецензиялар, шоу-талдаулар жиі басылып жатады. Бірақ, кітапқұмар қауымның аса мән бере қоймайтын бір қыры да бар. Кітаптың жалпы безендірілуі,

мұқабадағы суреттің кітаптың атына сәйкес келуі ескерілуі керек. Оған кәсіби көзбен қарайтын мамандар қазір тапшы және мұндай мамандарға сұраныс үлкен. Қандай кітап болсын, ол алдымен сыртқы көркімен көз тартады. Әсем безендірілген кітап оқырманын шақырып тұрса, талғамсыз көркемделген басылым оқырманды өзіне тартпайды. Сондықтан, сапалы да көркем, әдемі де әсерлі кітаптар оқырман сұранысына әсер ететінін естен шығармау керек.

10. ҚАЗАҚ КИНОСЫ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Бір кезде қазақ киносы жай ғана қазақ киносы болатын. Соңғы жылдар бедерінде «қазақ киносы» деген анықтама ортақ белгіні бере алмайтыны анық болды. Отандық киноөнімдер бірнеше лагерьге бөлінді. Ол, ең бірінші, көрерменге алдымен жетіп жатқан, көбіне ұсақ студияларда әуесқой режиссерлер түсіретін, кейде «Қазақфильм» қаржыландыратын, коммерциялық не бұқаралық кино. Сәттік көңіл аулауды мақсат қылған олардың көбінің жаңалығы аз, көркемдік құндылығы төмен болатыны түсінікті. Екіншісі – мемлекеттік тапсырыспен, аға буын, не атын қалыптастырып үлгерген орта буын режиссерлер түсіретін, тарихи, идеологиялық кино. Бұл санаттағы фильмдердің негізгі мақсаты – елжандылықты насихаттау, өткеніміздің қандай қиын болғанын, бүгініміздің қандай жарық екенін шегелеу. Үшіншісі – коммерцияның да, идеологияның да қамытына симайтын, суреткерлік ұстанымдарына ғана адал режиссерлер тобы түсіретін авторлық, фестивальдік кино.

Сонымен... Өткен жылы түсірілген осы сипаттас фильмдерді мүмкіндігінше шолып шықсақ...

Коммерциялық кино

Біздің кеңістікте өздерін кәсіби режиссер санайтындарға бұл бейәдеп сөз сияқты естіледі. Қазіргі коммерциялық кино, бір кездегі «Жаралы сезім» емес, өзбек ағайындарға түсірткен клиптекес дүниелер де емес, қазақстандық коммерциялық кино – әзірге Голливуд фильмдерінен үйренуге, шаблондар мен штамптарды сіңіруге тырысу процесін бастан кешіп жатқан өзінше бір әлем. Бірақ, ең өкініштісі, біз Голливуд киносынан техникалық қана емес, тақырыптық тұрғыда шаң қауып келеміз.

Той киноның топыры

Жер бетіндегі барлық халықта үйлену ғұрпы бар: адамдар кездеседі, ғашық болады, той жасайды. Бірақ, басқа ешбір елдің кинотеатрын дәл біздікі сияқты тойдың видеосы жауып кетпеген. Соңғы бір жылда кинотеатрларда жиырма жеті қазақ киносы көрсетілді. Оның екеуі

әлеуметтік драма, екеуі үрей фильм (ужас), үшеуі тарихи драма, бесеуі боевик, қалған оншақтысы той туралы комедия мен мелодрама. Яғни, сіз қазақ киносын көрем деп барған екі күннің бірінде тойдың үстінен түсесіз: үшеудің үйленуі де болды («Свадьба на троих», **А.Бисембин**), он алты қызға үйлену де болды («Он алты қыз», **Қ.Мұстафин**), ауылдан қалаға қашып барып үйленді («Побег из аула», **Н.Адамбай**), қаладан ауылға қашып барып үйленді («72 сағатта үйлену», **Е.Жолдас**), алып қашып үйленді («Мезет», **А.Әбілов** (қосымша линиясында), шымкентше үйленбек болды («Потому что шымкентский», **Ш.Орынбаев**), отызға толып та («Замуж в тридцать», **А.Бисембин**), толмай да үйленді («Супер той или замуж по казахски», **Ғ.Асыллов**). Бәрінің кейіпкерлері не тойға дайындалып жатады, не той жасайды, не тойға қонақ болады, әйтеуір нысанада той маңындағы туысқандарымыздың әрекеті.

Сонда қазақта үйленуден басқа проблема жоқ па дейміз ғой. Болмаса қазақты тойдан басқа ештеңе қызықтыра алмай ма?

Сондықтан той тақырыбының сондай деңгейде сұраныста болғаны қоғам үшін комплимент емес. Қазақ мәдениетінде тойдың орны бөлек екені рас. Той десе қу бастың домалайтыны да рас. Бірақ, одан осыншалықты культ жасауға болмайды ғой. Қазір той тойлап жүретін заман емес.

Ауылдан қалаға «қашу» мен қаладан ауылға «қашу»

Әрине, біз аз ұлтпыз, оны да есепке алу керек, бірақ, қазақстандық коммерциялық кино ауылдан қалаға қашу мен қаладан ауылға қашудың ортасында жүргені өкінішті. Жоғарыда аталған және аталмаған бірсыпыра фильмдердің негізгі мотиві – осы, қос әлемнің кереғарлығына құрылады. Ауылдан келген адам қалаға үйренісе алмайды, орысшаға тілі жетпей елге күлкі болады. Қаладан ауылға келген адам қазақша сөйлей алмайды. Ауыл адамы аңғал, марғау, қарапайым, адал. Қалалықтар әбжіл, қу, ерке, өтірікші, бұзақы. Мұның бәрі бізде тұрақталып қалған стереотиптер. Кейде одан да шаршайсың.

Мысалы, «Гламур для дур» – Асқар Ұзабаевтың «Жұлдызды коктейль» мен «Жолдың» арасында әрі-сәрі күйде жүргенін көрсетті. Жылтырақтан әлі де арыла алмайтын оның «партизандық кино» қозғалысына түбегейлі қосыла алмайтыны, бірақ, коммерциялық киноға өзіндік талабы бар екені белгілі болды. Месседж тұрғысында бәрі дұрыс, «Гламур для дур» біздің адамдардың өзгенің өміріне қол салғыш сұғанақтығын, жаппай сауатсыздығын, өзгені табалауға дайын тұратын тұрпайы мінездерін сынайды. Әлеуметтік желідегі негізсіз танымалдылықтың иллюзия екендігі де уақытылы айтылып отыр. Қос кейіпкер арқылы қыз тағдырына көз салу да бар. Бірақ, фильмнің құрылымы арзан анекдоттардың ретсіз ауысуы сияқты әсер береді. Әрі орысша сөйлей алмайтын ауыл адамын әжуа қылу – ешқандай

тапқырлық емес. Ақбота Нұр Сейтмағамбет пен Әсел Ақбарованың мінез, болмысындағы қайшылықтар фильмді қызықты етіп тұр.

Қ.Мұстафиннің **«Он алты қызы»** да ауылдан қалаға келген бейбақ туралы. Бұл туынды Берік Айтжановты тосын амплуада көрсетуімен ғана есте қалды. Ол жасаған бейне ауыл адамдарын аңғал, таза қылып көрсеткенімен, бүгінгі күннің кейіпкерінен гөрі советтік кинодан көшіп келгенге көбірек ұқсайды. Кейіпкерлер бастан өткеретін қызықты оқиғалар калейдоскопының көбі жасанды. Дәл осыны Ж.Момышевтің **«Бизнес по казахски»** комедиясы туралы да айтуға болады.

Нұртас Адамбай **«Келінка Сабинасының»** жалғасын ұсынды. Қаладан ауылға келіп өз тәртібін орнатқан тапқыр келіннің образы ұнамды болғанымен, карикатуралық мәнерде шешілген басқа кейіпкерлер (ене, ата, күйеу) керісінше әсер етеді. «Келінка екінің» негізгі кемшілігі, бұл бірінші фильмдегі әзілдерді, ситуацияларды қайталау ғана болып шықты. Және түптеп келгенде, мұныңыз әлі кино емес, скетчтердің жиынтығы ғана. Нұртас кәсіби телевизияшы болғанымен, кәсіби киногер емес екенін байқатып қойды. Бірақ, бұл фильмдердің шытырлатып касса жинайтын себебі, сұранысқа сай болып тұр. Бізде кино эстетикалық бірлік ретінде ешкімді қызықтырмайды. Мақсат кино көру емес. Мақсат – көңіл көтеру.

Қылмыстық жанр

Жылдың екінші жартысында Н.Адамбай тағы бір тосындау жанрда фильм ұсынды. **«Тараз» қылмыстық драмасының** тақырыбы, мазмұны ескі, тоқсаныншы жылдары, қазір санасақ, отыз жыл бұрын түсірілуі керек «туынды» еді. Оның үстіне науқас ана, жетім бала, жетім шал, күшпен күйеуге берілген қыз — бақытсыз кейіпкерлердің букетін жинапты. Сормандайдың біреуі де бір киноға жетер еді, ал, мұндағы тотальді дағдарыста кейіпкерлердің ешқайсысы толық ашылмай, бәрі эскиз күйінде қалған. Сюжеттік жүрістер сенімсіз. Мұның бәрі режиссердің тәжірибесіздігінен болса керек, өйткені, схема бар да, қисын жоқ. Экранда драма болып жатса, зал жырқ- жырқ күледі. Шыны керек, мұнда Е.Дайыровтың ойынынан басқа көз тоқтататын ештеңе жоқ.

Нұртас Адамбайдың «Таразының» ізін ала тағы бір қылмыстық драма, А.Сатаевтың **«Районы» фильмін** ерекше ықыласпен қарайсың. Көзің анық жетеді: бәрін де кәсібилік шешеді екен. Ең бастысы нені түсіру емес, қалай түсіру. Мәселе тіпті жанрда емес, стилистика мен қолтаңбада. Сценарист Т.Жақсылықовқа тән көше слэнгінің табиғилығы, «жігіттік» юморы тартымды. Режиссер Ақан Сатаевқа тән мәдениет пен жаңа актерлерді ашу қабілеті ұнамды. Сатаевтың тұрақты операторы Хасан Қыдырәлиев камерасының қисыны да түсінікті. Үш жыл қатарынан «Оскар» алған Эмануэль Любецкидің триумфынан кейін «Районы» фильмінде үзбей түсіретін операторлық жұмысты көргенде еш таң қалғанымыз жоқ. Жалпылай алғанда Сатаев тағы да дәлелдеді:

сексенінші жылдың өзін көзің тоятындай етіп түсіргенде «тақырып ескірді» деп шала бүлінбейсің. Мойындау керек, әдебиетте де, кинода да ауыл, не ауылдан шыққан қазақтың тұрмыс-тіршілігі басты тақырып болады да тұрады. Қалада туып, қалада өскен адам көп зерттелмеді. Осы тұрғыдан қазақтың қаласындағы өмірдің нышандарын О.Сүлейменовтің поэмасына негізделген «Балконнан» көретін едік. А.Сатаев туындысы ондай терең оқиға болмаса да, сексенінші жылдардағы Алматының иісін береді.

Халықаралық жобалар

Қазақстан нарығы тым кішкентай, сондықтан, шұлық тігуші мен кино түсірушіге дейін кез келген өндірушінің өз шекарамыздан шықпай табыс табуы екіталай. Киноны бизнес деп қараған адам құрығанда көрші елдердің кинотеатрларына таралуды ойлауы керек. Жыл соңында сондай ұмтылыстың алғашқы нысандары, жеке студияларда түсіріліп, халықаралық прокатын жариялаған қос туынды болды. Олар **Г.Нұртастың «Тоқалы»** мен **А.Сатаевтың «Хакері»**. Әрине, ниет жақсы. Бірақ, түсірген өнімдері де сол ниет деңгейінде болса еді. «Тоқал» фильміне келейік. «Алғашқы әсеріңізді айтыңыз» дегенде көрерменнің бәрі «бұл қазір маңызды тақырып, өмірде болып жатқан оқиға» дейді. Сосын жеке туынды жайлы емес, тоқал алушылық туралы айтып кетеді. Өйткені фильмнің жалғыз жеңісі – актуальді тақырыпты көтеруі. Бірақ, кейіпкерін зерттеу жоқ, «еркектің бәрі бірдей» деген құрғақ айыптау ғана аңғарылады. Олар неге тоқалды болуға құмар? Мүмкін моногамия адам табиғатына жат шығар? Неге жас қыз біреудің көңілдесі болуға келіседі? Сіз қоясыз сұрақты. Сценаристер сұрақ қоймайды. Тіпті мұны сценарий деп атау қиянат, бір қайнауы ішіндегі, аса қисынды емес оқиғалар тізбегі ғана. Телеарналарымызда қаптаған отбасылық деректі драмалардың бірі сияқты. Ең қызығы, Гауһар Нұртас алдымен «полигамия–норма» деп санайтын қазақ еркегінің танымын көрсетеді (әке, бала, күйеу бала), бірақ, фильмнің соңына қарай кейіпкерлеріне өзінің әйелдік пікірін күштеп таңғысы келеді. Бұл зорлық, еш ізденіссіз айыптау көзге анық ұрып тұрады, сондықтан да қабылдай алмайсыз. «Тоқалды» Қырғызстан, Әзербайжан, Түркия, т.б. бірнеше елде көрсетеміз деген жоспарлар айтылды (көрсетілген де шығар). Касса жинауына шын көңілден тілектеспіз (шынын айтқанда, касса жинайтын потенциалы төмен). Бірақ, көркемдік құндылығы күмәнді «Тоқал» – Г.Нұртастың киногер ретіндегі репутациясына қаншалықты жағымды әсер ететіні сұрақ белгі.

Пікір тудырмайтын фильмдер болады. Жақсы емес. Жаман да емес. Мақтау да қиын. Даттау да қиын. Ақан Сатаевтың тұңғыш халықаралық жобасы, «Хакер» дәл сондай туынды. Бұл Голливудқа шыққысы келетін режиссердің Голливудтық стандарттарға сай түсірілген, сюжеті қызықты ғана туындысы. Бірақ, ол шетелде абырой жинайтынына сену қиын.

Өйткені, Голливудтың көп киносының көшірмесі ғана, суреткерлікті айтпағанда (Иньяритту деңгейіндегі), өзіндік (тіпті Бекмамбетов деңгейіндегі) үлес, қолтаңба жоқ. Ал, Голливудқа өзінің бет-әлпеті жоқ режиссерлер қызық емес.

Идеологиялық кино

Кино бизнеске айналды. Әрі кино түсіру – жұлдыз болудың, жалтырақтың арасында жүрудің бір жолы. Сондықтан дәл қазір телевизиядан, КВН-нан, клиптен, тойдан ағылып жатқан режиссерлер легін ештеңемен тоқтата алмайсыз. Жанрлық киноны жоғары деңгейде түсіретін Сатаевтар мен Бисембиндер көбейіп, экранды түбегейлі тартып алмаса. Соның өзінде «өз ақшама кино түсірем, қыбын тауып кинотеатрдан көрсетем» деген адамның қолын байлап қоя алмайсыз. Сондықтан коммерциялық киноның бізге керектігін ешкім талқыламайды.

Бірақ, мемлекеттің ақшасына түсірілетін идеологиялық киноның қажеттігі туралы көп тартыс бар. Біздіңше, бұл тартыс аталған фильмдердің сапасына байланысты туады. Мойындау керек, мемлекет болған жерде идеология болады, одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз. Мемлекеттің ақшасына түсірілген кино көрерменді елдік, ұлттық мақсаттарға жұмылдыруы тиіс. Әйтеуір, бізде солай түсініледі. Ал, ондай фильмдер халықтың көңілінен шығатын деңгейде түсіріліп жатса, ешкім де қыңқ демес еді.

Идеологиялық кинодан көркемдік жаңалықтар күтпейтініміз анық. Бірақ, ол өте нашар деңгейде жасалуы керек деген сөз емес. Штамптар мен шаблондар шегінде де көрерменге ой түйінін тастай алатын туындылар болады. Әрине, көрермен идеологиялық киноны жақсы көруге міндетті емес. Бірақ, киногерлердің міндеті оны жақсы көретіндей етіп түсіру ғой.

Осы биікке екінің бірі жетпей жататыны өкінішті. Мысалы, аттай қалап Ресейден Сергей Снежкинді алдырып түсірілген «Так сложились звезды» осыған дейінгі **«Көшбасшы жолынан»** асып түскен жоқ. Сонда да әйтеуір шапан жауып, медаль тағып, еліне қайтардық. Есесіне Елбасы туралы үш фильм түсірген Рүстем Әбдірәшев тарихи тақырыпқа бас қойып, қазақы рухани ортаның ерекше ықыласпен күткен жобасы **«Алмас қылыштың»** кинонұсқасын көрсетті.

«Алмас қылыш»

Туынды Керей мен Жәнібектің Әбілқайырдан бөлінуі мен жеке хандық құру кезеңін қамтиды. Тақырыптың маңыздылығында күмән жоқ. Бірақ, о бастан толық метражды фильмге арналып жазылмағандықтан, драматургиясында бүтіндік жоқ. Сценарий авторлары (С.Елубай, Т.Жақсылықов, Р.Әбдірәшев) ал-ғашқы, сарай маңы эпизодтарында интрига тудыруға тырысқанымен, одан әрі фильм сол шиеленісті ұстап тұра алмады. Сериалға түсірілген үзік-жұлық материалды бір жүлгеге

өру үшін кадр сыртындағы дауыстың, баяндаушының қажеттігі түсінікті. Бірақ, «Қайран, аңғал қазағым» деп күңіренген Асан аз болғандай, кадр сыртындағы екінші дауысты қосарлау не үшін керек болды? «Таза мінсіз асыл сөзден» бастап, Асан Қайғының бірталай өлеңін созбалатып оқу дәл осы фильмге неге керек болды? Түсініксіз. Мұның бәрі фильмді көркем туындыдан гөрі деректі шығармаға ұқсатып тұр. Кадр сыртындағы мәтінде де, актерлердің диалогтарында да артық сөз көп.

Кинодастанның негізгі идеясы ешкімге бағынғысы келмеген, «әркімнің қолында қылыш боп ойнаған» батыр қазақтың рухын көрсету еді. Туындының өн бойында бірнеше шайқас сахнасы бар делік. Бірақ, ылғи да қазақтар қоршауда қала береді. Соның бірінде ғана табан астында арбалардан қорған құрып, құндақтаулы сәбиімен садақ кезенген аналар, шауып бара жатқан атқа теріс отыратын мергендер, ойраттың қылышын қақ жаратын алмас қылыштар, жалпы қазақтың мобильді соғысып, шабуылға тойтарыс беру өнері орынды көрсетілген.

Техникалық тұрғыда, бұл бір компьютерлік графика ойлап табылмаған ықылымда түсірілген кино сияқты. Оншақты ойрат оншақты қазақпен соғысады да, кері қашады. Хандықтың негізін қалаймын деп көшіп жатқан жұрт та әрі кетсе жүзшақты адам. Масштаб жоқ. Жұпыны. Түмен-түмен адам жалдап, оларға көне киім тігіп беру қолдан келмейді, түсінікті. Бірақ, «Трояны», не «Батыл жүректі» қарасаңызшы, бес адамды бес жүз мың әскер қып көбейтеді ғой. Біздің графистердің қолдан келері ойға симайтын түстерге бояу ғана. Көрермен соны байқамайды деп ойлай ма?

Сосын фильмнің түсірілу эстетикасында бірізділік жоқ. Алғашқы ұрыс сахнасында кесілген аяқ, шабылған қол, шашыраған қан сияқты натуралистік көріністер басым. Одан кейін бірнеше шайқасты көрдік. Мүлде басқа мәнерде. Неге? Режиссер о бастан «бір жағына шығып», қалай түсіргісі келетінін анықтауы керек еді ғой.

Кейіпкерсіз қаһармандық

«28 панфиловшы» – ресейлік мамандардың, «Қазақфильмнің» қаржылық қатысымен түсірген туындысы. Фильм бір нәрсені дәлелдеді: Ресей халқы мен қазақ билігі кеңестік батырлықты сағыныпты, және оны экраннан көру үшін рубльмен (не теңгемен) дауыс беруге дайын екен. Бұл – Ресейдегі алғаш рет краудфандинг (қазақшалағанда «асар», не «жылу жию») жүйесімен түсірілген фильм.

А.Шальопа мен К.Дружининнің «Жиырма сегіз панфиловшысы» ұжымдық батырлықты көрсетуі тұрғысынан советтік киноның дәстүрлеріне адал. Бірақ, бір жарым сағаттық фильмнен кейін бірде-бір кейіпкердің есімі есінде қалмайды. Өйткені, ешбірі тұлғаланбаған, биографиялары жоқ. Мұндағы жалғыз оқиға – шайқас. Шайқасқа дейін сарбаздардан тұтастық көрмейсіз: әрі кетсе «Жеті самурай» мен Отан, Атамекен туралы, өмір мен өлім жайлы ақылды әңгімелер айтады. Оның

бәрі реалистік мәнерде түсірілген шайқас сахнасына кіріспе ретінде қаншалықты орынды, қаншалықты қисынды, біз білмейміз. Бірақ, шайқаста соңғы демі қалғанша күресіп, тырнағы қимылдап тұрғанда шүріппені басып жатқан кілең ғажайып адамдар. Шетінен батыр. Қорқақтық жоқ, сатқындық жоқ, тек адал достық, қапысыз ерлік қана. Осындай қапысыз ерлік бүгінгі бейбітшілік үшін жанын берген аталарымызға тағзым ретіндегі әдемі ертегі болып елестейді. Бұл аңызбен таныс адамға, контекстінде, ол түсінікті болуы мүмкін. Ал, шетелдің көрермені, мұндай драматургиялық негіздемесі осал «ерлікке» еш сенбейтіні анық. Әйтеуір, «Сталинградқа» ұқсап жасанды бояулармен әуестенбегеніне шүкір. Актерлік ойын туралы айту қисынсыз, өйткені, мұнда ойнайтын материал жоқ.

Қазір советтік мифтер өліп жатқан заман ғой. Мәскеу мұрағатынан қырық бірдің қарашасында қызыл астананы қорғаған сарбаздың саны жиырма сегіз болмапты, төрт жүзге жуық адам екен деген дәлел шықты. Ал, осыған дейін батыр делініп келген жиырма сегіздің ішінде сатқындар да, тұтқынға түскендер де бар екен-мыс. Сөйтіп, қоғам екіге жарылды. Бірі «шындықты бар күйінде қабылдау керек» деді. Екіншісі «қасиетті аңыздан қолыңды тарт» деп тулады.

Бұл фильм, тарих деген өткен оқиға емес, сол өткен оқиғаға деген көзқарас екенін көрсетіп тұр. Фильм авторлары советтік мифтерді қорғағысы келеді. Екіншіден, фильмде кеңестік заман түсірілгенмен, идеология бүгінгі. СССР үшін ешкім де отқа жүгіріп жатқан жоқ, Сталин үшін деп ешкім пулеметтің аузын кеудесімен жаппайды. Орекеңдер туған жер үшін күреседі. Ал, қазақтар, туысқан халық ретінде көмекке келген. «Керек болса, Қазақстанды да барып қорғаймыз» деп роталастар арқадан қағып қояды. Халықтар достығы деген дұрыс, әрине. Бірақ, бұл бізге тым қымбатқа түскен достық еді. Ал, панфиловшыларға келсек, шындық қымбат па, миф қымбат па, әр адам өзі шешуі керек. Иә, Кристофер Нолан айтпақшы, «Ылғи да шындықты айту міндет емес. Кейде адамдар одан жақсырақ нәрсеге лайық». Бірақ, үлкен өлшеммен алғанда шындықтың мифті жеңуге моральдық құқы бар. Біз Дубосеково түбінде Мәскеуді қорғаған жиырма сегіз емес, төрт жүз адам екенін мойындағаннан олардың ерлігі арзандап қалмайды. Қайта аты аталмаған үш жүз жетпіс екі боздақтың аруағының алдында қарыздан құтыламыз. Бұл жағдайда шындық деректерді ғана аздап түзетуі мүмкін, бірақ, мазмұн сол қалпы, кеңес әскерінің ерлігін ешкім де жоққа шығармайды. Тарихын фабрикацияларсыз, бар қалпында қабылдап үйрену – ұлттың өскенінің белгісі. Осы тұрғыдан біз әлі ұтылып келеміз. Шындықтың алдында өтелмеген парызымыз барын естен шығарамыз.

«Анаға апарар жол»

Сол тұрғыдан алғанда шындыққа бір табан жақындау шыққан «Анаға апарар жол» жылдың ең айтулы премьерасы ретінде танылуы орынды.

Бұған дейін жиырмамыншы ғасырдағы қазақ даласының күйі туралы «Аманай мен Заманай», «Жерұйық», «Жат», «Аманат», «Көшбасшы жолы» сияқты фильмдер болды, бірақ, ғасыр тауқыметтерін неғұрлым толық сыйдыра білген отандық туындының бірі – осы «Жол». Бас кейіпкерлер Ана мен Бала. Демек, Ана – Отан, Атамекен, туған жер. Бала – перзент, халық, қазақ. Анасына асыққан Ілияс арқылы туған жерге байланған қазақ туралы айтады. Екеуінің басындағы талайлы тағдыр қатар өріледі, параллель сипатталады. Сол арқылы бүтін бір дәуірдің портреті шығады.

Алтынай Нөгербекова Ілиясты босанатын алғашқы көріністен баласын құшақтап отыра кететін соңғы көрінісіне дейін, ақылды көздерімен, жүзінен төгілген мейірімімен фильмді жылытып тұрды. Әділ Ахметовпен бірге экранымызға «жаным – арымның садағасы» дейтін адамгершілік оралды. Оның бір ғана кемшілігі – кемшілігінің жоқтығы. Кеңес кезіндегі оқулықтардың бетінен түсе қалғандай. Қосалқы рольдердегі Аружан Жазылбекова, Берік Айтжанов, Болат Әбділманов, Еркебұлан Дайыровтар есте қаларлық образдар түзген сыңайлы.

Біз «қазақ киносының тілі өте кинематографиялық» деп мақтанамыз. Бірақ, бұл, «кино лайым классикаға ұқсағысы келіп тұруы керек» деген сөз емес. Мойындайық, өз-өзімізді ұмытып, бәріміз «кинематографиялық» киноның соңынан кетсек, қазақ көрермені Голливудтың жемтігі бола береді. Қазір бұқараның санасы үшін күрес жүріп жатыр. Зеңбірекке қарсы ақберенмен шығуға болмайды. Бұқаралық киноға қарсы авторлық киномен қарулана алмайсыз. Биік өнер, эстеттік кино – ол да керек, бірақ, бұқара үшін «сторителлинг» немесе қарапайым сюжет баяндаушы фильмдер басымдықта болатынын жасыра алмаймыз. Ақан Сатаевтың бұл фильмі – нағыз сол тұрпатты дүние.

Көріп отырғанымыздай, қазақ киносының қазіргі келбеті – бүкіл қазақ қоғамының келбетіндей ию-қию. Мемлекет өзіне ұнайтын киноға ақша бөледі, кейде өзіне ұнамайтын киноға да мүмкіндік береді. Ал, «кино арқылы табыс тапсам, танымал болсам, абырой жинасам» дейтін жеке студиялар, кейде кино еместі кино деп түсіріп, өз бетімен «дамып» жатыр. Жалпы талғамды көтеретін дүниелердің зәрулігі өкінішті. Авторлық фильмдер кинотеатрларға жетпейді, жетпеуіне мұндай сипаттағы киноны көрсеткісі келмейтін билік өкілдері де, көргісі келмейтін көрермен де кінәлі шығар. Бірақ, көрермен көргісі келетін киноны деңгейлі түсіру камера ұстаған ағайынға да серт пе дейміз?!

11. ҚАЗІРГІ ТЕАТР ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Қазақ өнерінің қарашаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрдың құрылғанына 90 жыл толды. Бұл – тек театр үшін ғана

емес, жалпы қоғам үшін, қазақ өнері мен мәдениеті үшін үлкен рухани мереке. Бүкіл халықтың, Алаш ардақтыларының арманы жүзеге асып, қажырлы қимыл-қарекеттерінің арқасында құрылып, халық арасынан шыққан «самородок сары алтын» таланттар іргесін қалаған, өз тарихында елімен бірге дамып-өркендеген театр бүгінгі таңда да дәстүрді лайықты жалғастырып, тәуелсіз Қазақстан сахна өнерінің көшбастары болып келеді. Театр қазіргі тыныс-тіршілігі еліміздің өмірімен бірегей.

Әр кезеңнің өзіндік идеалдары, басымдықтары, идея-мақсаттары болады. Еліміз бүгінде мүлдем жаңа саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік кеңістікте күн кешіп жатыр. Рухани тұғырдың маңызды бөлігі өнерге, оның ішінде «тобырды ұлтқа айналдыра алатын» театр өнеріне, әманда, ерекше көңіл бөлінеді. Алға қойылған мақсат-міндеттер де ауқымды. Бұл міндеттер ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленген ел мәдени саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасында сараланып, айқын көрсетілген.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы театр, музыка және концерт қызметі, цирк өнері, киноиндустрия, мұражай ісі мен археология, бейнелеу өнері, сәулет пен дизайн, әдебиет және кітап басу бойынша Көркемдік кеңестер өнер ұжымдары және шығармашылық одақтармен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, жоғары көркемдік туындылардың бәсекеге қабілетті отандық өнімін және мәдениет пен өнер нысаналарын жасау мақсатында салалық кластерлер нысанында институционалдық бірлестіктердің қызметтерін үйлестіруді қамтамасыз етуге кірісті. Республика өнер ұжымдары Тұжырымдама аясында жұмыстар атқарып жатыр.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театр ұжымы өзінің қазыналы дәстүрлерін жалғастыра отырып, жаңа мәдени саясаттың стратегиялық доминантасы – Мемлекет басшысы ұсынған, Қазақстан халқын өзінің бай мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен Қазақстан Республикасы әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге жұмылдыруға үндейтін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын кезең-кезеңмен жүзеге асыру бағытын ұстанды. Бұл орайда Республика Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан үлкен қолдау көріп отыр.

Театр репертуарында ұлттық және әлемдік классиканың жауһарлары, бүгінгі драматургияның озық туындылары азаматтардың рухани-адамгершілік бағдарларын, отансүйгіштік пен орнықты құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы ролі зор. Бүгінгі идеологияның қазығына айналған «Мәңгілік ел» идеясына қызмет етеді. Бұл ретте тарихи қойылымдар орны бөлек десек, 2015 жылы қыркүйекте Қазақ хандығының 550 жылдығы салтанатында Тараздағы мереке күндері

ашық аспан астында 500 адам қа-тысуымен көрсеткен «Қилы жол» (Ж.Ерғалиев) қойылымын ерекше атауға болады. Тарихи-патриоттық тақырыптағы бұл алаңдық қойылым еліміздің сахна өнері тарихындағы ғана емес, рухани тәжірибесі орайынан да аса сәтті мегажоба деуге болады.

Ұжымның жаңа жұмысы – «Алмас қылыш» қойылымы да (сахналық нұсқа Ә.Бағдат, режиссер А.Кәкішева) осы идеядан бастау алады. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнап тарихи спектакльдер апталығын ұйымдастырып, көрермендерімізге «Томирис», «Қорқыттың көрі», «Қазақтар», «Бейбарыс сұлтан», «Алмас қылыш», «Абай», «Қилы заман» қойылымдарын ұсынамыз.

Көркем әдебиеттің озық үлгілерін сахналау – театрдың қалыптасқан дәстүрі. Көрнекті жазушы Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романы бойынша Е.Жуасбек сахналық нұсқасын жасап, Т.Әл-Тарази режиссерлігімен қойылған спектакль сол игі дәстүрдің жалғасы.

Театр – уақыт айнасы деуге болады. Мәдени саясаттың аса маңызды міндеті ізгі адам тәрбиелеу. Театр репертуарында бұл бағыттағы қойылымдар бұрыннан баршылық. Ал, соңғы көркем қойылымымыз – қазақ режиссурасы жаңа буынының өкілі А.Маемиров сахналаған көрнекті орыс драматургы А.Володиннің «Қоштасқым келмейді...» драмасы. Қоғамдық санада адам өмірі мен қоғам амандығының кепілі ретінде отбасылық құндылықтарды қастерлеуге бастайтын қойылым, әсіресе, жастар арасында қызу талқыланып, әлеуметтік әсері жоғары болды.

Тұжырымдамада көрсетілген ұлттық саналуандықты сақтау және Қазақстан халқы мәдениетін үйлесімді дамыту негізінде бүкілқазақстандық мәдени кеңістікті дамыту бағытындағы жұмысымыз да жеміссіз емес. Репертуарымызға өткен, 89 маусымымызда қосылған «Қаза мен жаза» спектаклі белгілі қазақстандық сценарийші И.Вовнянконың пьесасы бойынша қойылды. Спектакльдерімізге өзге ұлт өкілдері, Алматыдағы орыс мектептерінің оқушылары жиі келеді, Ұлттық орталықтармен тығыз байланыстамыз. Бұл тұста, ең бастысы, қойылымдарымызды өте сапалы, кәсіби аудармамен қамтамасыз етіп отырғанымызды, келген өкілдер театрдың шығармашылық ұжымымен, белгілі сахна қайраткерлерімен кездесулер өтетінін, театр музейімен таныстырылымдар өткізілетінін айтып өтудің артықтығы жоқ.

Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы «Қазақстан жолы – 2050» мемлекеттік стратегиясында басымдық берілетін бағыттардың бірі ретінде – жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беру, қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыру мәселесі атап көрсетілді. М.Әуезов атындағы академиялық драма театры да өз жұмысында осы стратегиялық бағытты басшылыққа алады. Қарашаңырақ театр бұл орайда ұлттық сахна өнерін әлемдік кеңістікке шығару бағытында

еңбектеніп келеді. Оның дәлелі – халықаралық жобаларды жүзеге асыру және халықаралық фестивальдерге қатысу. Атап айтқанда, «Отелло» спектаклі Ресей және Беларусь сахнагерлерімен, ал «Қорқыттың көрі» литвалық сахнагерлермен бірігіп қойылды. Екі қойылым да мамандар және көрермендер тарапынан жоғары баға алды.

Қазақстандық мәдениет жаһандық мәдени диалогтың белсенді қатысушысына айналуы тиіс, бұл бәсекеге қабілетті мәдени орта қалыптастырудың түйінді көрсеткіштерінің бірі. Соңғы жылдары Мәдениет министрлігінің, жалпы Үкіметіміз қолдауымен театр халықаралық фестивальдерге жиі қатыса бастады.

Ұлттық рухты, отансүйгіштікті дәріптеген «Бейбарыс сұлтан» қойылымы Түркияның Кония қаласында өткен халықаралық фестивальдерге қатысып, «ең үздік спектакль» атанып қайтса, ежелгі түркілік танымды қазақы болмыспен шебер шендестіре білген «Қорқыттың көрі» қойылымы Татарстанның астанасы Қазан қаласында өткен «Наурыз» халықаралық фестивалінде көрсетілді. Бұл қойылым режиссурасы өз алдына актерлік ойын шеберліктері тұрғысынан Халықаралық Қазылар алқасы мүшелері тарапынан өте жоғары баға алды.

Бәсекеге қабілетті ментальдікке ұмтылудың бір жарқын көрінісі – театр актерлерінің үштұғырлы тіл талабынан шығып, орыс тілімен қатар ағылшын тілінде сөйлей бастауы. Театр Белорусиядағы «Белая Вежа» халықаралық фестивалінде «Бейбарыс сұлтанды» ағылшын тілінде ойнап, актерлердің қарымы мен мүмкіндігін басқа жұрттың алдында танытып қайтты. Мұның өзі Президентіміздің «Қазақстан – 2050» стратегиялық жоспарында айтылған үш тұғырлы тіл саясатымен тығыз байланысты. Театрдың Кіші залында Өнер академиясының түлектері жұмылдыруымен тағы да екі спектакль ағылшын тілінде сахнаға шықты. Театрымыздағы мұндай қадамдар ұжымның ағылшын және басқа да тілдерді жетік меңгерген жастармен толығырақ түсетініне сендіреді.

Театр «Бейбарыс сұлтан» спектаклімен Атырау қаласында өткен Р.Отарбаев атындағы Халықаралық театр фестивалінде Бас жүлдені жеңіп алды. Ал, талантты жас режиссер Е.Нұрсұлтан сахналаған «Қасқағым» қойылымы Қырғызстанның «Арт-Ордо» халықаралық фестивалінде Бас жүлдені иеленді. Ұжым бұл бағыттағы жұмыстарын тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының, ұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың мықты құралы ретінде жүйелі түрде жалғастырады. Театрымыз Қазақстан мен Орталық Азия театрларының екі жыл сайын өтетін халықаралық фестиваліне табысты қатысып келеді. Республика имиджіне жұмыс істейтін бұл фестиваль Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен биыл күзде VI рет өткелі отыр.

Фестиваль демекші, М.Әуезов театрының төл фестивалі бар. Ол биыл 21-ші рет өткізілмекші, «Театр көктемі» фестивалі жаңа идеяларды

рухани айналымға түсіріп, жаңа есімдер ашуымен бағалы. 24-27 наурызда өтетін биылғы фестиваль қазақ өнерінің көзі тірі аңызы, көрнекті өнер тұлғасы Хабиба апа Елебекованың 100 жасқа толуына арналады.

27 наурыз күні кешке театрдың 90 жылдық мерейтойына арналған салтанат өтеді. Ал, республикамызда осы форматтағы осы бірден-бір фестивалге Республика Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан қолдау көрсетіліп отырады. Министрлік тарапынан театрлардың қандай да бір креативті идеялары қолдау табады. Қазақстан сахна өнерінің әлемдік мәдени үдеріспен ықпалдасу әлеуетін іске асыруға үлес қосу жолында «Театр көктемі» фестивалін халықаралық деңгейге шығарсақ деген жоспарымыз бар. Фестивалімізді «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» кластері аясында да қалыптастыру бағытында жұмыс істейміз.

Қазір қоғамда буын алмасу процесі жүріп жатыр. Бұл үдеріс М.Әуезов театрында да бар. Қазіргі таңда театрда салиқалы аға буын, мықты орта буын және талантты жас буын жарасыммен өнер жасап жүр. Орта және жас буын сахнагерлерді киноэкраннан жиі көреміз. Мысалы, Елбасының тапсырмасымен, Мәдениет министрлігінің қолдауымен түсіріліп жатқан «Қазақ елі» көркем фильмінде, өзге де кинокартиналарда, көптеген телесериалдарда М.Әуезов театрының актерлері лайықты өнер көрсетіп жүр.

Театрға жас буын актерлер, режиссура, драматургия, суретші, композиторлар келді. Демек, бәсекеге қабілетті мәдени орта қалыптастыру сапалана түсіп, сахнаға жаңа таным, жаңа тіл келеді. Мәдениет министрлігі, министр Арыстан Мұхамедиұлы қандай да креативті идеяларға үнемі қолдау көрсетеді.

Театр жас буын үшін былтыр өткізген «Жаңа көзқарас» және «Ашық сахна» идеялары жалғасын табады. Мәдениет тұжырымдамасында көрсетілгендей, қазіргі заманның үздік бейнелерін, атаулы тарихи оқиғалар, мәдени мұра мен дәстүрді білдіретін жарқын көркем бейнелер жасау – театрымыздың да басым бағыты. Тұжырымдамада «2030 жылға қарай біздің еліміз кәсіптік шеберлікті жоғарылату мен шығармашылық өсудің халықаралық жетекші мектебіне айналуы тиіс» деп атап көрсетілген. Осы жолда бәріміз, әсіресе, қарашаңырақ театр ретінде біздер қажырлы еңбек етіп, жаңа серпінді идеяларды жүзеге асырумыз керек.

Президентіміз Н.Назарбаев айтқандай, «...біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз...»; еліміздің стратегиялық даму бағдарламасына сәйкес, «...2050 жылы Қазақстан мәдениетті және прогрессивті идеалдар қоғамы болуға тиіс...». Қазақстан-2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалады, халықтың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін

қалыптастыруда сахна өнерінің де атқарар ролі зор. Демек, 90 жылдық тарихы бар Ата театрдың осы бағыттағы жұмыстары жалғаса береді.

12. ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Қазақ халқы бейнелеу өнерінің мәдениеттанулық негіздерін, рәміздік ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі бірнеше мәдени факторлармен және Қазақстан Республикасында қабылданған мәдени даму бағдарламасымен үндес өтіп жатқан үрдістермен айқындалады. Бүгінгі таңда мемлекет тәуелсіздігін нық ұстау мақсатында жүргізіліп жатқан рухани шараларға қатысты ұлттық философия мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туып, кеңінен жол ашылуда. Оған Республика президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Тарихи құндылықтарымызды барынша зерттеу мен қайта қалпына келтіру, сақтауға, зерттеуге мән беріп, өткен тарихымызды ұрпаққа жеткізуіміз керек. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр, – деген сөзі айғақ.

Соның ішінде, қазақ бейнелеу өнері бір адам ғұмырына ғана жетерлік өте аз мерзімде өзгеру, өсу кезеңінен халықаралық ілтипатқа бөлену шағына дейін бүкіл даму сатыларынан өтті. Түптеп келгенде, бұл ортаға тарихи тұрғыда тән емес көркем ойлаудың жаңаша үрдісі, жаңаша ұлттық мектебі жасалды. Бұл мәдени құбылыс әлде де зерттеліп, саралана жатар, дегенмен, оның пайда болуы Еуропа мен Шығыстың (Азияның) көркемдік дәстүрлерінің өзара байланысының нәтижесінде мүмкін болғаны күмән тудырмайды.

Қазақстанның бүгінгі күнгі өнері туралы сөз қозғағанда, әдетке айналып кеткен қазақ бейнелеу өнеріндегі тұрмыстың мазмұндық мәселелері мен экзистенциалдылыққа тартымдылық тәрізді көріністерінің де жалғасып жатқанын атап өтпеуге болмайды. Кәсіби өнердің дамуының осы сәті суретшілердің осы заманғы тұтынушыға жеткізуге ұмтылатын идеялар кешенінен нақты байқалатыны оның шоғырланушылық сипатында. Бүгінгі күннің бейнелеу және мүсін өнері контекстік жағынан аса толықтырылған күрделі болып келеді, ол өз кезегінде қарапайым көрерменнің түсінбеуін тудырады. Бүгінгі күні суретшілер мектебінің қалыптасу сатысының алдыңғы кезеңіндегі тәжірибелерін толық түсіну болашақтың ісі. Түрлі түстер, композициялар, фактура немесе пластика көмегімен шығу көздері, жылдар бойы шыңдалған, әдеттегі құндылықтар мен түсінушіліктермен тығыз байланысқан, дүниенің құрылуы туралы ұлттық түсініктерді өнерде қалыптастыра, бейнелік шығармалар мен мүсіндік композицияларды қалпына келтіре отырып, суретшілер небір жиынтыққа, біртұтас жүйеге,

шашырап қалған элементтер мен фрагменттерді жинайды деуге болады. Осы процесс барысында шығармалардың нысандарымен атқарылатын жұмыстар да жедел қойылғанын атап өтуіміз керек. Әр алуан түрлі стильдер, тәсілдер, қолтаңбалар бойынша қызмет атқаратын, сол бағыттарда тамаша туындыларды дүниеге әкелетін бейнелеушілер мен мүсіншілердің шығармаларында нысан рөлін әсемдік ерекшелік факторының күшеюі немесе күнделікті эстетикалық өлшемдерді жоққа шығару арқылы қарқындандыру жүзеге асырылуда. Осы үрдіс ұлттық менталитетке қатысты жаңа суретшілер тілін қалыптастырумен тығыз байланысты болып отыр. Ол өзінің сыртқы стильдік көріністерінде айтарлықтай шартты, орташалау, рәміздік, метафоралық немесе тіпті ашықтан – ашық метафизикалық сипатқа ие болды.

XX-ғасырдағы қазақ мәдениетінің басты ерекшелігі жаңалыққа сергектігі мен ашықтығы деу орынды. Мұның айқын бір көрінісі – Республикамызда «contemporary art», яғни қазіргі заман өнерінің тез арада әрі табиғи түрде пайда болуы. Алғашқы кезде бұл бағыттың жақтаушылары Қазақстан үшін ең маңызды және қажетті «contemporary art» деуге басқан. Бірақ, Қазақстанның бүгінгі өнері тек осы бағытпен шектелмейтінін, ол әр алуан және әр түрлі стильдік бағыттардан және әр түрлі шығармашылық ерекшеліктерден тұратынын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

XX-ғасырдың ортасынан бастап әлемдік мәдениеттен өз орнын алған қазіргі заман өнері еліміз тәуелсіздік алғалы бері бізде де қанат жая бастады. «Contemporary art» аталатын қазіргі заманауи өнердің (энвайронмент, преформанс, инсталляция, акция) республикадағы тұңғыштары деп Қанат Ибрагимов, Рустам Хальфин, Ғалым Маданов, Ербосын Мелдебеков, Елена және Виктор Воробьевтар, Юлия Сорокина тағы да басқа суретшілерді атау орынды. Өмірде жоқты жасауға ұмтылатын авангардистер сияқты олар да жаңаны тудыру үшін өнердің қайнар көздерін іздестіріп, қажет тұста көне де қарапайым дүниеге бет бұрады. Мысалы, К. Ибрагимовтың «Құрбандық шалу» акциясын (көгерменнің көз алдында құрбандық шалып, қойды бауыздау, қанын ішу екі тұрғыдан – біріншіден, өмірде жоқты жасау, екіншіден, көне дүниеден үйрену), ұмыт болған діни салт-дәстүрді тірілту деп қарастыруға болады. Аталмыш акция, демек қанша жаңа өнер десек те ата-баба дәстүрінен бастау алар табиғаты бар, өмір жалғастығының көрінісі дерліктей. Ал, Стамбулдағы биенналеге қатысып, шығармашылықтары жоғары баға алған белгілі суретшілер Елена және Виктор Воробьевтардың «Классиканың халықпен қоштасуы», «Мұнда болғандар» акциялары өткен қимастықпен қарап, жеңіл мұңға батуды және өмірде қандай да заттың өз орны бар екенін байқатады. Жалпы Воробьевтар шығармашылығының басты ерекшелігі айнала дүниеге, қоршаған ортаға жіті үңілу және оны қастерлей білуге үндеу деу керек. Қазіргі Заман өнері бағытында «Көпір» ассоциация-сының мүшелері табысты еңбек етіп жүр.

Ассоциация жетекшісі Ғалым Мадановтың «Вавилон мұнарасы» энвайронменті күрделі дүние. Жоба белгілі мәдениеттануші, сәулетші А. Ордабаев пен белгілі өнер

зерттеушісі Б. Барманқұлованың жетекшілігімен және аталмыш ассоциация мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Алматы да 80–90 жылдары саяси ағарту орталығы болған ғимаратта өткен бұл энвайронмент кеңестік кезеңнің келеңсіз тұстарын басқаша бір ракурста көрсетумен қатар қазіргі өміріміздегі қилы құбылыстарды айқындап аша түсті. Ең бастысы «Вавилон мұнарасына» заманауи сипат берілген.

Заманауи бейнелеу өнерінің республикалық көрмесі алғаш рет 1998 жылы болған еді. Соростың Қазіргі Заман Өнері орталығы ұйымдастырған көрмені бұл бағытта жұмыс істеп жүрген әр суретшінің өзіндік қолтаңбасы мен стилін анықтауға мүмкіндік бергендей. Сонымен қатар, қазіргі заман өнері мәдени өзіндігін іздестіру жолында. Бұл бағытта жұмыс істеушілер халықтық салт-дәстүрлерді жандандыруға ден қояды, әрі қазіргі заман өнеріндегі әлемдік процестерден тысқары қалмауға ұмтылады. «Contemporary art»-тың ішінде ең көбірек көзге түсіп жүргені Перформанс. Шет елдерде перформанс концептуальді шығармашылық болып табылмайды. ол әлдеқашан көпшілік қауымның игілігіне айналған ХХ ғасырдағы ақыл-ой жүйесі үшін өзекті стиль сюрреализмнің эстетикасы мен философиясынан нәр алып, галереяларды, театр, кино, теледидарды жаңаша қырынан көрсеткен. Қазіргі заман өнерінің халық ара-сына кең тарағанының ең бір мықты дәлелі деп фэшн индустрия мен перформанс клиптерді жиі көрсететін MTV жаппай комерцияланудың символы болып отырған музыкалық телеарнаға әсерін атауға болады.

13. ҚАЗАҚ ӘН ӨНЕРІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Қазақ халқының ән өнері ерте кезеңнен бері қалыптасып, дамып, тұрақты орныққан асыл қазына. Ежелгі фольклор саласындағы музыканың бір бөлігін құрайды. Ән өнері адамзаттың іңгалап туғанынан бастап өмірден өткенінен дейін құлағында сақталатын дыбысы. Осы орайда Абайдың өзі:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнынан кірер денең», - деп бекер айтпаса керек. Ән - халықтың ұлттық мұрасы. Ән ұлттың ежелден қалыптасқан сарынды да сазды үні. Әннің өзі ішінен ұлттық өнерге қарай негізделіп, әр ұлттың болмысына сай қалыптасып, орын алады. Ән өнері ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Оның дәлелі халық әндерінің ауыздан-ауызға таралып, одан бөлек нотаға түскен әндердің жинақталуы осының көрінісі. Осы орайда бүгінгі таңдағы өнертанушылар қазақ халық әндерінің ұмыт болмауы жолында жұмыс жасауда.

Тұтастай алар болсақ, ұлттық өнер, ұлттық дүние дегеніміз мынадай элементтерден тұрады: ән өнері; күй өнері; бейнелеу өнері; сәндік қолданбалы өнер; театр өнері; кино өнері және т.б. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу кезеңінде өзіне тән ән дәстүрі дүниеге келді. Соның нәтижесінде бай музыкалық мұрасы жасалды, мәдениеті қалыптасты. Қазақ әнінде халық өнерінің әр кезеңіндегі тыныс-тіршілігі, бітім-болмысы, заман үні көркем көрініс тапқан. Халқымыздың бізге жеткен ән-жыр нұсқаларының көпшілігі қазақ дәстүрлі ән өнерінің көшбасшылары, ақын Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, үкілі Ыбырай және т.б. дарын иелерінің мұралары болып табылады. Дарқан даланы той-думанға бөлеген әнші әрі жыршы, ақын әрі батыр қазақ халқының «Ән – көңілдің ажары» деген нақыл сөзі бар. Адам көңілінің әр сәтін ән ноталары арқылы небір әшекей-өрнектермен әсем безендіріп, нанымды суреттелгеніне бізге жеткен халқымыздың бай ән мұрасының кез келгені мысал бола алады. Әдебиеттің, музыканың, театрдың бастауы болып табылатын фольклор өнердегі, көркемөнер шығармашылығындағы өзіндік орнын ешқашан жоғалтпақ емес. Әрбір халықтың фольклоры ұлттық өнер шеңберінде өзіндік және этникалық өзгешелігінің айқындығымен, аумақтық және жергілікті стильдік үлгілерінің молдығымен ерекшеленеді. Қалың көпшіліктің көзқарасын, этностардың әлеуметтік-эстетикалық арман-мұраты мен моральдарының идеялық мазмұнының ұқсастығын білдіре отырып, фольклор барлық ұлттың, халықтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Қазақ халқының тарихында күрделі орын алған үлкенді-кішілі оқиғалардың қай-қайсысы болса да халық әнінің мазмұнынан көрініс тапқан. Халық әндерінің өміршеңдігі де осындай қасиетінде. Әрине, Абай айтқандай: «Әннің де естісі бар, есері бар». Мирасқоры біз болған ән дүниесі халықтың өткен тарихының куәгері саналарлық «есті ән». Мұнда көне заман шындығын шертетін көп деректер мен бірге халық басынан өткерген тарих көшінің де тізбегі секілді мол мағлұматқа кенелетін жайлар бар. Ән – сан ғасырлық тарихы бар, талай-талай ұрпақтан өткен жол-жөнекей жөнделіп, өңделіп, жаңарып бізге жеткен жанр. Ғасырлар елегінен өткен әндер айшықтана, әрленіп музыкалық өнердің інжуіне, асыл қазынасына айнала берген. Кез келген ұлттың өзіндік кескін-келбеті мен болмыс-бітімін айқындайтын ұғымды оның өзіне тән ұлттық мәдениеті дейтін болсақ, қазақ мәдениетіндегі ән өнерінің алар орны ерекше. Данышпан Абайдың “Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең” деген сөздері қазақ өмірінің бүкіл тыныс-тіршілігі өлеңмен өрнектелетінін айқын көрсетеді. Біз бұл өлең жолдарын жоғарыда айтып өттік. Шындығында сәби дүниеге келгенде “бесік жырымен” әлдилеп қарсы алып, адам дүниеден өткенде “жоқтау” айтып шығарып саламыз. Сонау ғасырлар қойнауынан басталатын осы тамаша дәстүр әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Бүгінгі күн жастарының

тойы да “жар-жар”, “беташармен” өтетіні ата-баба салтына адалдықтың айқын көрінісі іспеттес. Орыстың тамаша ғалымы Г.Потаниннің “Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді” деген сөзі қазақ тұрмысының осындай даралығынан туған тұжырым болса керек.

Ол мәдени мұра, тарихи-рухани құндылық, халықтық салт-дәстүрлер, дәстүрлі халық ән өнері түсініктерімен тығыз байланысты болғандықтан, оның ерекшеліктері мен табиғаты қай кезде де халық жанына жақын болған. Халықтың музыкалық шығармашылығы әр халықтың рухани мәдениетінің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, қазақ әнінің өзіндік тағы бір ерекшелігі, ұрпақтан-ұрпаққа, аймақтан-аймаққа тарай отырып, ауызша үйретіліп, дәстүрлі түрде орындалып, орындаушы өнерпаздардың орындау барысында, шабыттана отырып шығарманың кейбір жерлеріне өз өзгерістерін жасап отыруы жиі кездеседі. Қазақ халқы ежелден әншілік өнерімен ерекшеленген. Ұлттық дәстүрлі музыка қорымыздағы ең көп сақталғаны да осы – ән өнері. Өмірдің әр құбылысын әнге қосып, өз шежіресін әнмен жазған халқымызда шығарушысы ұмытылса да, мәтіні мен әуезі ел жадында сақталып келе жатқан бірнеше мың халық әндері бар. Кезінде композитор, музыкатанушы Хасен Қожа-Ахмет «Қазақ әндері қалай космополиттанды?» деген мақала жазып, генетикалық жадымызға жат ырғақтардың жаппай етек алуын тайға басқан таңбадай көрсете отырып, «бұл жағдайымызды түзеуге кіріспей ренжіп, бүлінген күйі бүк түсіп жата беру, түбі, қазақты ұлттық суицидке әкелетіні анық» деп жазған еді. Онда мұндай жат музыканың ұлттық сөйлеу құрылымы мен ырғағын да танымастай өзгертетінін дәйекті дәлелмен шегелеп тұрып айтқан. Бүгін біз сол тұсқа да кеп қалғандаймыз. Кешегі мен бүгінгі әннің сөзі сазын қоса талдап, оның адам жанына, ойлау жүйесіне әсерін ғылыми түрде жіліктеп тұрып алдыға тартар арнаулы еңбектер көптеп жазылса, осы айтып отырған ойымыздың ақиқатына көп адамның көзі жетері еді...

Ең бір өкініштісі, классикалық ән мен күйді қалай айтқысы келсе, қалай тартқысы келсе солай тартып оның әуелгі табиғатынан мүлде алыстатып жүрген өз өнерпаздарымызды ұлттық өнердің насихатшысы ретінде танитын болдық.

Қазақ сөзінің көзге алдымен түсер бір ерекшелігі – астарлылығы. Ол қасиет қарсы жақтың да сол астарды қапысыз түсінуі себепті, тіпті де жетіле түскен. «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деңгейі ұлттың ойлау жүйесінің ұшқыр, бойындағы сөз қуатының күшті, түйсіктің соншалықты сезімталдығын көрсетеді. Қазақтың классикалық әндерінің қай-қайсысын алсаңыз да жалаңаш мәтін жоқ. Сөздердің мәні адам бойындағы небір қалтарыс, бұлтарыс сана сезіміне соқпай өтпейді. Бұл сөздер сол сезім түйсіктерді үнемі шынықтырып, жетілдіріп отырады. Осыдан адамның ойлау жүйесі (формасы) қалыптасады. Ол форма – өте алуан қырлы, сан тараулы, кез келген жерден өзге мағынада ойлап

үлгеретін, тұйыққа тірелмей шығар жол таба білетін әмбебап ойлау формасы. Енді мұнан үлкен мәселе туындайды. Қараңыз!

«Адам жол таппай адаспайды, ой таппай адасады» дейді атақты жырау Алмас Алматов. Ой тұйыққа тіреліп шығар жол таппағанда адам өзін өлімге тірейді екен. Физиканың заңдылығы бойынша электр жүйесінен шығатын өрттің екі сымның қысқа тұйықталуынан болатын секілді, адамның өзін өлімге итермелеуі сол ойдың тұйықталуынан болатыны туралы ғалымдар көптеген зерттеулер нәтижесінде тұжырымдамалар жасаған. Мұндайда, біздің қоғамда кейінгі уақытта қаншама өрімдей жастардың өмірінің қыршынынан қиылып кетіп жатуына бүгінгі жалаң сөз, жалған ырғаққа құрылған есер әндердің де кесірі жоқ деп айта аламыз ба?

«Сен мені іздеме», «аққайыңның түбінде жігіт пен қыз кездесті», «не деген бітпейді, айтпашы өкпенді, саған не жетпейді?», «қателіктерімді менің түсіне алсаң кешір» деген секілді тақырға түскен тарыдай тақылдаған сөздер жастар жанын жалаңаштап, адами сезімдерін семдіріп, түйсіктерін тұмшалап жатқанын байқай алдық па? Түзу барып түзу келетін жол секілді қатып қалған сөздер олардың санасын бір мәселеге тап келгенде еркін ойлай алмайтын, келесі бір жағынан шығар жол тауып кете алмайтын, өмірдің иірім-қайырымына икемсіз, қауқарсыз күйге түсіруде. Ал, біз қызығып айта беретін аталарымыздың ірі мінезі, кең кісілігі, қандайда бір жағдайға тап келгенде аспай-саспай айналып өтер жол табар ерекшелігінің бір себебі өздерінің әндеріндей астарлы, кең, еркін ойлау жүйесін қалыптастырған қазақы сөздің табиғатында жатқан жоқ па? Бұл әннің сөзіне байланысты жағы ғана. Оның арғы жағындағы қара өлең, әуеннің әңгімесі бөлек...

Ендеше біз де жоғарыдағы пікірге сүйене отырып, бүгінгі әндердің тілдік бірліктерін, қолданыс ерекшеліктерін саралай отырып, прагматикасына, стильдік мағынасы мен коннотациясына, жалпылама алғанда прагмастилистикасын қарастырып көрейік.

Қазіргі қазақ тіліндегі ән тақырыптарының қайталамалар арқылы жасалуына «Опмай-опмай», «Зың-зың», «Биле-биле», «Пия, пия», жатқызуға болады. Бұл әндер тақырыптық олқылыққа ғана емес, сол олқылықтың ішінде іннің мазмұны жағынан да ақсап тұр. Мән мен мағына, ұғым мен концепт деген дүниелерді ажырату былай тұрсын, ұйқастың құрылуында деконструкциялық қателіктер өте көп. Ендеше ән мәтініне талдау жасап көрейік:

«Опмай-опмай, опмай-опмай,
Мыналарың қайтеді?
Ал біреулер Астанада жоқ дейді
Ал біреулер Алматыда бар дейді
Шымкенттің қыздары **«ЗЫҢ»** дейді

Ақтөбенің қыздары «**дың**» дейді»- осы жолдардан тек ұйқас қуудағы мазмұн мен көшірме дәстүрді көре аламыз. Көшірме дәстүр дейтін себебіміз, өлеңнің әр тармағындағы жолдың өзі қазіргі әуендердің әр жолының құрандысы. Біз жаргон сөз немесе дисфемизмдік қатарға «зың және дың» сөздерін жатқыза алмаймыз. Әуеннің ырғағына сай ән мәтінінің жеңіл болуы да заңды құбылыс. Десе де стилистикалық мағына бере алмайтынын ескеру керек. Ал осы «Опмай-опмай» әнінің стилистикалық әсер берудегі ықпалы ше? Әннің ақпарат болып таралғанына 5 айдан асты. Ютуб желісіндегі Көрсетілім тұрғысынан 38 миллион қаралым жинаған. Бұл Қазақстан халқының екі есе көрсеткіші. Демек ғаламтор тарамаған аймақтарды есептемегенде әр қазақстандық 7 рет қарап шыққан деген статистиканы көрсетеді. Әннің тыңдарманы осыншалықты көп болуына қарай шыққанына жыл болмаса да бұл ән ғаламторда танымал әндердің қатарында. Өзіл ән есебінде жазылды дегеннің өзіне жанрлық ерекшелікке сай «поп-фолк» бағытын берген. Поптың талаптарына сай келгенімен фолк, яғни фольклорлық туынды болуына не себеп?! Бір сөйлемнің мәтін ішінде 5 рет қайталануы әннің стилистикалық нормасын бұзатыны белгілі. Бұл әннің прагматингвистикада конверсациялық жолы ғана жұрт назарын еліткені белгілі. Сөйлеу актісіне сай, этикалық нормадан ауытқу барысында, жастардың ми қабаттарына эмоция сыйлау барысында ғана жүзеге асқан.

Ақ футболка, жыңды ашки (очки)
Менің «приорам» как с фильма «Тачки»
Қалтамда бар «2 Лесбухи»
«MP3 плеер», «сағыз-фрути».
Біз жылжимыз, қаңғырамыз
Қарасам тұр алдымда қыз

Вашей маме зять не нужен?

Приглашу в донерку тебя на ужин
А так то мен «простой» емеспін
Конкретно тебе выкатил как Элвис Прэсли
Жастар арасындағы жаргон, диалект сөздердің басын біріктіре отырып, жай ғана жеңіл ұйқасқа, жеңіл әзілге құрылған осындай әндер де тыңдарманның назарын өзіне аудартып, танымал болып жүр.

Құдаларым билеп отыр дейді
Құдашалар билеп отыр дейді
Нағашы жұрт билеп отыр дейді
Құдағиым билемейді дейді

Ал класстастар қайда?

Чип, чип, чип магдалена қайда?

Кейбір жігіт **аспанға қарап жұлдыз санай ма?!**

Менімен биле дейді, бұл «дискотека» дейді

Денеңді бос ұста дейді, из девяноста дейді

Ал жетпіс тоғыздар қайда

Әннің әр тармағы мәнсіз, себебі, әр тармағы жекелей бір әннің сөзі емес, бірнеше автордың тармақтық байланыстарынан құрылған. Стилистикалық нормалар өзінің табиғи тілдік құрылымның заңдылықтарының аясынан шығып кетеді. Мысалы: «инверсия» тәсілін алар болсақ, сөйлем мүшелерінің табиғи заңдылық орналасу тәртібін бұзады, соған қарамастан стилистикалық өрнектілік мазмұнын құра отырып, стилистикалық нормаға айнала алады. «Опмай-опмай» әнінде стилистикалық норманың стильдер қатарында да, жанр қатарында да сәйкессіздігін аңғара отырып, оның тұрақты орны жоқ екенін айта аламыз. Сонымен қатар бұл әнде фоникалық амал-тәсілдерде өте көп. Дыбыстың желініп қалуы, дыбыстың ауызекі орфоэпияға сай айтылуы, етістік пен зат есімнің орын алмастыру ерекшеліктері, сөздік қорда жоқ, дыбыстардың біркелкілігін бұзатын дыбыстық тармақтар да орын алған. Соған сай ән мәтінінде әлемнің объективті көрінісін баяндайтын шындық әрі жасандылық критерийлеріне тән метафора, адам санасында жиі ассоциацияланып тұратын стилистикалық фреймдер – теңеу, анықтық-сапалық ұғымды анықтайтын эпитет, эмоционалды-экспрессивтілігімен айрықша мәнге ие ФТ, прагматикалық актінің күрделі үдерісін жеңілдететін дайын сөз орамдарының стилистикалық әсері мүлдем жоқ. Әннің ішінде репликалық қайталамалар тақырыптың шеңберінде ғана емес, ән қайырмасында да түпсанаға жылдам орнығу мақсатында көп қолданылған.

Қазіргі қазақ әндерінің стилистикалық бояуға қанықтығы, ақындардың стиль түзуші прагматикалық факторларды дұрыс қолдана алуы, сөз этикасы мен сөз концептісі, сөз бен сөздің дұрым қарым-қатынас құра алуы жолындағы прагмастилистиканың зерттеу объектісін саралай отырып, ән мәтіндерін жазатын ақындардың ерекшелігі – сөз қолданысында, көркемдігінде екендігіне баса назар аудару керек. Кез келген ән авторының қаламгерлік дағдысында ерекше баяндау формасы болатыны белгілі. Әндерді музыкалық тұрғыдан емес, мәтін тұрғысынан қарастырып, қазіргі әндердің классификациясы мен ішкі дифференциациясын зерделеп, ән мәтіндерінің ішкі құрылымдық ерекшеліктерін анықтап, мәтін өрісіндегі стилистикалық мүмкіндіктерді қарастыру біздің басты міндеттеріміз болу керек. Прагмастилистиканың зерттеу әдістемесі, ғылыми-теориялық негіздері, прагмастилистиканың қалыптасу деректері мен ән мәтіндерінің, соның ішінде қазіргі қазақ әндерінің когнитивті-ассоциациялық, эстетика-стилистикалық, коммуникативті-прагматикалық қызметтерін әлде де ашып зерттеу керек.

Қорыта айтқанда қазақ әндерін текстологиялық тұрғыдан арнайы түрде зерттеп, әр әннің тұрақты мәтінін анықтау қажет. Олай болмаған жағдайда әркім әртүрлі сөз қолданып, әндердің мазмұны эмоциялық күші әлсірейді, ал бұл әннің құдіретін азайтады. Қазіргі шақта жүріп жатқан

музыка саласындағы үдеріс пен үрдістер ұлттық әніміздің әуеніне ғана емес, мәтініне де мұқият болуды міндеттейді. Әр әннің мәтінін тарихи тұрғыда зерттеп, әр дәуірдің өзіне тән сөзі мен сөз саптауын анықтау және оны орнымен қолдану қажет. Сонда біз әннің, оның сөзінің қай дәуірде туғанын, оның қалай дамып, қаншалықты өзгеріске түскенін білуге қол жеткіземіз.

14. КҮЙ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Алла Тағала қазаққа басқа халықтарда кездесе бермейтін небір ғажайып өнер түрлерін тарту еткен. Өзіңіз ойлап көріңізші, буырқанып-бұрсанып суырыла сөйлеп кетсе, қарасөздің қаһарымен небір хан-сұлтандарды қамыстай қалтыратып, мейірленіп мекірене сөйлеп, бүкіл жан әлемінің жылуы мен шуағын тіл ұшынан төгілдіргенде ордалы жыланға би билеткен шешендік, қажет сәтте қаптаған қалың жауға қарсы сермелген ақ семсердей алмас жырды ағыл-тегіл ағындататын суырыпсалма ақындық, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп тастайтын тапқырлық сияқты ғажайып өнер түрлері қазақтан басқа қай ұлтта бар? Осы күнгі қазақ шонжарларын тіліне табындырып қойған орыста бар ма, әлде әлемдегі ең бір жұтаң тіл болса да ағылшын тілін білмейтін адамды адам деп есептемейтін ағылшында бар ма? Мұндай текті де киелі өнер түрлері орыста да, ағылшында да атымен жоқ! Ал күй өнері ше? Күй жанры бар халық – әлемдегі ең бір сезімі сергек, ойы ұшқыр, жан дүниесі өте бай халық.

Күй өнері – қазақ халқының ең басты рухани байлығының, жан дүние байлығының ең бір киелі, қасиетті түрі. Бұрынырақта Арал-Шалқар өңірінде ауылдағы ірілі-уақты той-томалақтарда, шал-шауқанның басы қосылып бір үйде мәслихат, мәжіліс құрып отырғанда солар ортаға ауылдың бір күйшісін алдыртып, күй тыңдайтын. Бұл аймақта екінің бірі дерлік не домбырамен ән салып, не күй тартатын. Сонда сол шалдардың ішіндегі ең бір әу деп ән салмайтыны, дың еткізіп домбыра тартпайтынының өзі (домбырада ойнайды емес) әлгі күйдің ырғағына беріліп, көзін тарс жұмып алып, анда-санда «беу, дүния-ай» деп қойып, енді бірде екпіндеткен, дауылдатқан, жауға қарсы аттандаған ереуіл күйлерге еліріп, отырған орнынан қопандап түрегеп кете жаздайтынын талай көргенбіз. Оның сырын енді ғана түсініп жүрміз. Сөйтсек, күй дегеніңіз қазақтың бүкіл тарихының шежіресі, жүрек лүпілінің жазбасы (кардиограммасы), жабырқаса мұңдасы, жадыраса сырласы екен ғой. Иә, күй – қосыла алмай шерменде боп өткен қос жүректің өкініш пен өксікке толы үздіккен үні, қайғы-қасіретке душар болса, зары мен мұңының, азаттық пен еркіндік (тәуелсіздік, егемендік емес) үшін қан кешіп, жан беріп, жан алысқан арпалысқа толы сәттерінің ең шебер, ең бір сырлы шежірешісі болып келген еді. Ал қазір ше? Қазір қазақтың

қазан ұстағаны қайсы, қалам ұстағаны қайсы, домбыра ұстағаны қайсы, көсеу ұстағаны қайсы екенін ажырату мүмкін болмай қалған, аттының сөзін жаяу сөйлеген мына заманда күй қандай күйге түсті? Бұрын күйді орысша оқыған, орысша тәрбиеленген, жаны қазаққа жат мәңгүрттер ғана түсінбейді, солар ғана күй тыңдамақ түгіл, оны мазақ қылады деп күйінетінбіз. Қазір ше? Қазір небір ұлы ой-сана мен ұшан-теңіз ұлағатқа толы, өне бойы махаббаттың мөлдірлігінен, адамзат атаулымен бірге туып, бірге өлетін зар мен мұңнан тұратын, шабыттанса шартарапқа шадыман шаттықтың шуағы мен шұғыласын шашып, әр алуан күйге түсіретін осынау ұлы өнердің өз еліндегі жағдайына қарап отырғанда ұрпағына өкпелі данагөй қария көз алдыңызға келеді. Өйткені күй-атаңыз бүгінде өзінің ең жақын сырласы, жанын ұғар ең жақын мұңдасы қазақ деп аталатын басты тыңдарманынан айырылып барады. Оның ең басты себебінің бірі – бүгінде Қазақстанның бүкіл өнер сахнасын «ерінбеген етікші боладының» керіне келтіру болып отыр. Қазір төңірегіміз Батыс Еуропа елдерінің, Американың ың-жың, у-шу, даңғыр-дұңғырынан құлақ тұндырып тұр. Ол аз болғандай, Қазақстан телеарналарында көрсетіліп жатқан «Екі жұлдыз», «Бір жарым жұлдыз» сияқтыларға қарап отырып, қазақ өзінің ұлттық өнерінен, ұлттық мәдениетінен, ұлттық санасынан, тілінен мүлде ажырап бара жатқан жоқ па екен деген де ойға кетесің. Оларды өнер туралы көрсетілім – ток-шоу дегеннен гөрі қазақ өнеріне жасалып жатқан қиянат деуге болады. Бұлар туралы әңгіме өз алдына. Әңгіме қазақ ұлтының басқалардан өзгешелігін паш етіп, небір халықаралық ұлы думандарда Құрманғазы атындағы оркестр үнімен аспан астын дүбірге толтыратын күй құдіретінің орнын теледидарда, радиода қазақтың жан дүниесіне, ұғымына, тәрбиесіне жат музыка басып бара жатқаны туралы. Айтпақшы, осы оркестр бұрын қазақтың Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі деп аталатын, қай адамның ойлап тапқанын кім білсін, ол қазір халық аспаптары оркестрі деп аталады. Қазіргі уақытта қазақтың ұлы мәдени мұрасы – күй өнерінен алыстап бара жатқанымыз замана шындығына айналып отыр. Егер қазақ ұлты өзінің ататегінен қанына сіңген күй өнерінен бұдан әрі осылай алшақтап, бұдан әрі Батыстың нәзік сезімнен, ордалы ойдан жұрдай даңғаза, дабыра өнерін теледидар, радио арқылы әлі де шырқата берсе мәңгүрт ұлтқа айналады. Радио мен теледидар арқылы әртүрлі мерекелерде, той-томалақта «Сарыарқаны», «Көңілашар» мен «Адайды» бір-екі рет оркестрмен дүбірлетіп өте шығу өнерді насихаттау емес. Ол қазақты алдарқату ғана, әрі кетсе, экзотикалық бір сәттік көрініс қана. Яғни қазақтың ұлттық мәдени мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сол ұрпақтың қазақы жан дүниесін басқамен былғамаудың бір жолы күй өнерін кеңінен насихаттау болуы керек. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы, тіпті беріректен бастағанның өзінде Қорқыт баба ғұмыр кешкен дәуірден бермен қазақтың жансерігі болып, әрбір қуанышы мен ренішінің, арманы мен мүддесінің, жүрек лүпілінің жазбасындай болып

келе жатқан қобызбен, домбырамен тартылатын әр күйдің шығу тарихы бар екенін де бүгінгі екі қазақтың бірі біле бермейді. Оны айтамыз-ау, бүгінгі қазақтар домбыра тартады, қобыз тартады демей, домбырада, қобызда ойнайды деп орысшадан тұп-тура тәржімелеп сөйлейтін масқараға ұшырады. Мысалы, «Балбырауын» деген күйді Құрманғазы Браун деген әлде графтың, әлде дворянның балына арнап шығарған екен деген сорақы «тарихты» таратып жүргендер де – осындай өзі де, сөзі де будандастырылып кеткен қазақтар. Шындығында, ол кәдімгі «балбырау», «балбырату» дегенді ғана білдіреді. Құрманғазының әр күйінің дерлік тарихы, кейіпкері бар. Мысалы, «Көбік шашқанды» күй атасы алғаш рет Каспий теңізін (Хазар теңізі) көргенде шығарғаны туралы дерек бар. Ал «Қайран шешем» мен «Аман бол, шешем, аман бол» орыс сарбаздары қол-аяғын кісендеп алып бара жатқан сәттегі «сені осындай күйге салып қойдым-ау» деген анасына деген аяушылықтан туса, бір жағынан, «мына кәпірлердің алдында неге көз жасыңды көрсетесің?»– деп жағынан шапалақтан тартып жіберген анасының қажырлылығына, намысқойлығына деген зор ризашылықтан туған екен. Ал көкірегінде жарық түсетін сызаты бар пенде тыңдап отырғанда ара-тұра бір күрсініп қалмай тыңдай алмайтын «Нар идірген» күйін біреулер халықтыкі, біреулер Естөренікі дейді. Бұл күй туралы кезінде жазушы Тахауи Ахтанов аңыз ізімен әңгіме жазған. Бұл күйдегі ботасыз қалған, сүті суалған, өзі де суалып, тірі тулаққа айналған қара нардың шерлі құсасы, шынымен жауқазындай желбіреген жастық шағым мына қаусаған күйші шалдың астында жаншылмақ па деп күйге иіген нардың емшегін қысып, сүтін шығармай тұрған қыздың қара бұлттай қайғы-қасіреті, ақырында шалдың қолынан домбыраны алып, жас жігіттің күйді жалғастыра жөнелгенін көрген қыздың саусағының арасынан сүттің сауылдай жөнелуі – бәрі-бәрі қолмен салған суреттей көз алдыңнан өтіп жатады. Және күйшілер заманында өзі тартып отырған күйдің әр сәтін әңгімелеп те отыратын болған. Мысалы, Арал, Шалқар өңірінде марқұм Бақыт Басығараев, Мергенбай Науанов деген күйшілер сөйтетін. Әсіресе, «Жем суының тасуы», «Шыныаяқ тастар», «Адай» күйлерін тартып отырып: «Міне, толқын жағалаудағы жарлауытқа соғып жатыр, міне, бір уыс топырақ суға шолп етіп құлап түсті» немесе «Адайдың» үшінші бөліміне келгенде «ал енді адайлар мен орыс әскерлері қырылысып жатыр» деп ара-тұра айтып қалып отыратын еді. Иә, күйді қазақтың екінші тілі десе де болады. Күй – махаббат, күй құлдықтың зары мен мұңы, азаттықтың, еркіндіктің жаршысы. Күй бірде «Сарыжайлаудың» салқын сабат, жасыл жазирасы болып көсілсе, бірде «Сылқылдақ» болып үкісі бұлғаңдаған бұраңбел бойжеткендей сылаң қағып шыға келеді. Ал небір от ауызды, орақ тілді шешен, ділмарлар, Шыңғыс ханға баласы Жошының өлімін естіртуге тілі жетпегенде «ақсақ құлан шошыған, хан ием-ау, хан ием, түсінбейсің бе осыған» деп естіртіп берген де «Ақсақ құлан» күйі еді ғой. Қазанғаптың «Шыныаяқ тастар»

деген күйі бар. Ол былай: Қазекем бір үйде мейман болып, дастарқан басында күй тартып отырады. Шай құйып отырған келіншектің күйге әбден елтігені сондай, күйшінің кесесіне шай құюды ұмытып, домбыраға телміріп отыра береді. Сонда домбырашы күйден жаңылып қалмайын деп алақанын дастарқанның үстіне қойып, «шай құй» дегенді ымдап түсіндіріпті. Ол қашан қолын дастарқанға қойып, қайтып әкеп ішектерді қағысын жалғастырғанға дейін домбыраның үні үзілмей, күйді перне үстіндегі саусақтары жалғастыра берген екен. Күй содан «Шыныаяқ тастар» аталыпты. «Ерінбеген – етікші, ұялмаған – өлеңші» болған мына заманда мен күйшімін деп сахнаға шыққандардың көпшілігі әр күйдің орындалу ерекшелігі бар екенін ескермей, нотаға түскен, сірескен күйінде орындап шығады да, күйдің реңі бұзылып, шырайы шықпай қалады. Орындалу ерекшелігі дегеніміз күйші күйдің әр бөлімін, әр сәтін жүрекпен, бүкіл жан сезімімен түсініп, іліп қағатын жерде іліп, күреп қағатын жерде күреп алып, қажет жерінде су жорғаны сипай қамшылағандай қолы шанаққа тиер-тимес қып, қысқасы, күйдің әр тұсын соған сәйкес алуан-алуан қағыспен орындар болар еді. Қазіргі күйшілерге қарап отырсаң, оның бірі жоқ. Жаппай сабалау, шанақтың бетін өші бардай соққылау, тырналау. Бұл, әсіресе, ДЭКОшыларға тән. Кейбір консерватория бітірген домбырашылардың өзі «Көкіл» мен «Домалатпайды» сабалап, тырналап тартып отырғанын көргенде әлде күйшіге, әлде олардың ұстазына, әлде нотасы түспегірге ренжіріңді білмей қаласың. Әділін айтсаңыз, бұл екі күй «Адай», «Сарыарқа», «Жекпе-жек» сияқты едіреңдеп тұрған күйлер емес. Бұл екеуі – тыңдаған жанның жүрегін сыздатып, сай-сүйегін сырқыратып, қайдағы-жайдағысын қозғайтын, өте сыршыл, өте мұңды, небір арманшыл кеудені аһ ұрғызатын терең ойға құрылған сырбаз күйлер. Екіншіден, бүгінгі күйшілер күйдің бұрынғы өз атауын әлде әдейі, әлде білместікпен бұрмалап атайтын болды. Мысалы, Қазанғаптың «Торыаттың бөгелек қағуын» олар «Боз жорғаның бөгелек қағуы» деп жұрттың құлағына сіңіріп жіберді. Ал «Қыз Жібек» фильміндегі Н.Тілендиевтікі делініп жүрген «Жекпе-жек» деп аталып жүрген күй – біз білетін «Күй шақырыс» деген күйдің сәл өзгертілген түрі. Айта берсек, күй тарихы, күй тағдыры туралы әңгіменің шет-шегі жоқ. Бір ғана Дина Нұрпейісованың күйлерін осы төңіректе түгендеп шығу үшін талай-талай ғылыми да, көркем де дүниелер жазылуы мүмкін. Ал Қазанғаптың 62 «Ақжелеңі» – тұтас бір тарих. Жастайымыздан домбыра тартып, ел ішіндегі күйшілердің әңгімелерін тыңдап, бір-екі оркестрге қатысқанымыз болмаса, біз білікті музыка маманы емеспіз. Біздің айтпағымыз, бүгінде қазақтың ұлттық, яғни дәстүрлі өнерінің, оның ішінде күй өнерінің қадірі кетіп бара жатқанын жұртшылықтың, өнер адамдарының қаперіне салу ғана. Оның басты себебінің бірі Қазақ елі Ресейден азаттық алған он тоғыз жылдан бері заманымыздың теледидар, радио сияқты ең қуатты ақпарат құралдарында негізінен орыс және еуропалық өнер туындылары

насихатталып, ұлттық өнер тек экзотиканың бір көрінісі ретінде қалып бара жатқандығынан болса керек. Ал Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториядан бастап, музыка мектептеріне дейін көбіне-көп скрипка, фортепьяно сияқты батыстық музыка аспаптарына күйден гөрі көбірек көңіл бөлінетіні – жасыруға келмейтін жайт. Жапонияда ана тілін білмейтін адам жапон деп есептелмейді. Ал біз қазір қазақша білмейтін қазаққа мұның қалай десек, экстремист, сепаратист атанып кетеміз бе деп қорқатын болдық. Мұны айтып отырған себебіміз, бұрын күйді қазақша білмейтін орыстілді қазақтар түсінбейтін еді. Ал бүгінгі жас өрендеріміз ұлттық дәстүрлі мәдениеттен алшақтап, бірыңғай даңғаз, батыстық, орыстық үлгідегі музыкаға ғана ден қойып, күй атаулыға мұрын шүйіре, тіпті жатырқап қарайтыны – өте қорқынышты жағдаят. Өйткені жастайынан қазақы дәстүрлі ән мен күйдің кәусарынан сусындамай, шетелдің даңғыр-дұңғырын тыңдап өскен жастарды қазақ халқының болашағы деу – үлкен қате. Олардан өз ұлтын, өз елін сүйетін шынайы ұлтшыл, отаншыл азаматтар шықпайды. Және мәдениет атаулының бәрі бірдей пайдалы, мәдениет бірін-бірі байытады деу – барып тұрған жымсықы саясат. Себебі қай халық көп, қай мемлекет күшті болса, сол халықтың, сол мемлекеттің мәдениеті өзі келген екінші бір мемлекеттің мәдениетін жұтып қояды. Біз түгіл, алпауыт Американың өзінде өзге бір елдің мәдениетін уағыздау, насихаттау мемлекеттік сатқындық деп есептеледі. Сонда бізге жол болсын?

15. ҚАЗАҚ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТКА

Қазіргі Қазақстанның кең байтақ территориясы сонау ертедегі өткен шақта елдің мәдени-экономикалық жағдайына өзінің әсерін тигізген қоғамдық ірі қозғалыстардың арнасы болды. Қазақстанның территориясында қазақ халқының және осы территорияда оның алдында жасаған тайпалардың, әр түрлі тарихи кезеңдеріне жататын монументал архитектураның бірталай ескерткіштері сақталған. Сонымен қатар бұл тарихта көп ғасырлар ішінде қалыптсақан құрылыс істерінің тәжірибесі нәтижесінде сәулет өнерінің өзгеше үлгілерін жасап, онда құрылыс тәсілдерін, архитектуралық көркемдік тәсілдерін және дербес келесі үш мақаланы құрайды.

Бірінші мақала Қазақстанның ерте дәуірдегі құрлыс мәдениетіне арналған.

Екінші мақала VIII-XII ғасырлардағы Қазақстанның архитектурасы туралы ұғым береді. Үшінші XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның архитектурасы болп табылан мақала.

Бұл мақалаларда , бұрын жарияланған еңбектермен қатар, қазақ халқының архитектуралық мұрасы туралы түсінігімізді едәуір кеңейте түсетін мүлде жаңа деректер кездеседі. Бұған ең алдымен мазмұны

ертедегі дәуірдің құрылыс мәдениеті және XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас кезіндегі құрылыс ісінің бас кезін сипаттайды.

1. Ерте дәуірдің архитектурасы

Ерте дәуірдің архитектурасы. Қазіргі Қазақстан территориясындағы құрылыс ісінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Бұл өнер Қазақстанның таулары мен жазықтықтарын ертедегі адам бірте-бірте игеріп, бұлар алғашқы қоғамның өндіргіш күштерін дамыту үшін негіз болған заманда болатын. Бұл адам жетілуінің ұзақ жолын басынан өткерген, адамзат мәдениетінің ірнігесі жасалып, құрылыс техникасының негізі қаланған бір ұзақ дәуір еді. Ертедегі материалдық өндірістің бізге келіп жеткен ескерткіштерінің көрсетуі бойынша, алғашқы адам ұзақ уақыт бойы орныға алмай, өзіне азды-көпті қолайлы тұрақ таба алмаған, өйткені ол тіршілік ету қиыншылығымен, табиғатпен күресу қиыншылығымен жаншылып келген еді. Өзінің еңбек ету дәрежесінің алғашқы шағында адам жауын-шашыннан, жыртқыштардың шабуылынан қорғану үшін тек табиғи паналарды ғана пайдаланды. Археологиялық зерттеу соңында Қазақстан мен Оңтүстік Орал жерінде бұрын адам тұрақ етіп ізін қалдырған бірнеше үңгірлер ашылды. Бұлардың ең белгілері: Қазғұрт, Қаратау, Баянауыл, Қархаралы, Ұлытау үңгірлері. Ұлытау ауданындағы үңгірлердің біреуі Айдахарлы деп аталады. Өйткені бұл үңгірлердің көпшілігі адам паналауға қолайлы әрә кең, оған едәуір адам сиятын болған. Қархаралы қаласына таяу тұрған осы үңгірлердің бірінің түрітұрғын үйге жақын болғандықтан, «шатыр» деген ат тағылған.

Ежелгі кездегі Қазақстан сәулті және табиғи-климаттық жағдайы және ландшафтың ерекшеліктері. Ғалым геологтар мен археологтар ертедегі Қазақстанның территориясында палеолит даму үшін өте қолайлы жағдайлар болды,-деп пікір айтады; бұл сілем қазір республиканың оңтүстік және оңтүстік шығысында жолығатын жұмсақ топырақты (лэсс) пейзаждан көрінеді, не болмаса орталық, солтүстік және солтүстік-батыс облыстарында кездесетін лэсс тәрізді сары топырақтардың болуымен сипатталады. Ғалымдар жер алабын мұз қауырт басқан дәуірде Қазақстан территориясы мұз басудан тысқары болғанын атап көрсетеді. Жеке мұз тілімдері тек Батыс Сибирь ойпатына жапсарласа жатқан Солтүстік Қазақстанның шетіне ғана жеткен. Рисс-вюрем дәуірінде мұнда құрғақ қыр-даланың климат режимі болған, ертедегі Қазақстанның аллювиаль жазығында көптеген ірі хаиуанаттар жайылатын еді, оның ішінде моманттар, шудалы носороготтар, бизондар, жылқылар, солтүстік бұғылары, тағы басқалар бар.

Бұл жануарлардың сүйегі қазір Торғай, Есіл, Сарысу, Жетісу өлкесінде және Қаратауда жиі кездеседі. Бұл сүйектердің жойқын түрі Қазақстан музейлерінде сақталып тұр. Бұл жануарлар палеолит дәуіріндегі адамның негізгі аулайтын аңдары болған. Ертедегі

материалдық өндірістің бізге келіп жеткен ескерткіштердің көрсетуі бойынша, алғашқы адам ұзақ уақыт бойы орныға алмай, өзіне азды-көпті тұрақ ала алмаған. Өйткені ол тіршілік ету қиыншылығымен жаншылық еткен. Өзінің еңбек ету әрекетінің шағында адам жауын-шашыннан, жыртқыштардың шабуылынан қорғану үшін тек табиғи паналарды ғана пайдаланды.

Археологиялық зертеулерде адамдардың паналаған үңгірлердің бір ерекшелігі, олардың аузы күн шығысқа қараған. Үңгірлердің бұлай орналасуы күз және қыс айларында күн көзі көп түсіп, жылу берілуіне мүмкіндік тудырады.

Бұғылы, Беғазы, Ақсу-Аюлы кешендері, негізгі құрылыс материалдары мен құрылымдары. Орталық Қазақстанда қола дәуірінен қалған құрылыстардың алуан түрі кездесіп, олардың айқын сызылған жобаларының болғандығы құрылысты ұйымдастырудың алғашқы жарқын көрінісі екенін дәлелдейді. Қола дәуіріндегі тұрғын үй құрылыстарының конструкциясы туралы ашық түсінік беретін әсіресе Атасу, Ақбауыр, Бұғылы (Шопа), Шортанды, Тағыбай (Баянауыл) және Қарқаралы қыстақтарындағы тұрғын үйлер. Қостанай қаласының оңтүстік жағында 40 километр жердегі Тобыл өзенінің басында ертедегі өзен табанында қоныстаған андрон қыстақ орындарын (Алексеев және Садчиков қоныстарын) зерттегенде, тұрғын үй, конструкциясын ашатын көптеген материалдар алынды.

Атасу, Бұғылы және Ақбауыр қыстақтарының тұрғын үйлері өте әсем. Әулие-қызыл таудағы Тағыбай бұлақ (Баянауыл ауданы) тұрғын үйлері де конструкциясы жағынан бұдан кем түспейді.

Бұғылы қыстағындағы тұрғын үйлер конструкция жағынан Атасу тұрғын үйлерімен бүтіндей ұқсас. Бұлардың да қабырғалары тегіс тас тақталармен қапталған іргелес үйлерді жалғастыратын жер коридоры бар. Бірақ Бұғылы үйлері көлем жағынан сәл ірірек, тас қабырғалары аумақты және құрылыстың жобалауында бірталай өзгешелік бар. Бұғылы қыстағындағы тұрғын үйлердің (№ 1, № 2) жобасы өте анық, олардың шаршы не тік бұрышты формасы жазық жер бетінен жақсы көрінеді. Бұғылы тұрғын үйлерінің екінші бір ерекшелігі, мұнда бір жобамен тұтастырған көп бөлмелі үйлер басымырақ, тіпті олардың төбесі де бір шатырмен біріктірілуі ғажап емес. Жалпы бір төбемен жабылған үйлердің саны екіден беске дейін. Тұрғын үйлердің маңында шаруашылық құрылыстар, малға арналған үлкен арандар, мастерліктер орналасқан. Ең үлкен үйлердің көлемі 500 шаршы метр шамасындай.

Бұғылы қыстағы (№1) Қарағанды облысы, Шет ауданы, Бұғылы тауының шығыс бөктерінен ағатын Шопа өзенінің кең аңғарын алып жатыр. Құрылыстың осы көрсетілген түрлерінен басқа бұл кезде үлкен тас құрылыстар да пайда болады, оларды сол замандағы құрылыстардың негізгі түрлері деп айтуға болады. Бұл айтқандар жер астына көмілген не үстіне зәулім оба орнатқан белгілі қабырханалар.

Бұлардың ішінде құрылыс конструкциясы жағынан ең ірісі және қызықтырағы Ақсу-Аюлы құрылысы. Ол Қарағанды облысы, Шет ауданының орталығында 1952 жылы ашылды. Дәл осындай бір құрылыс 1933 жылы Нұра өзені бойындағы Дәндібай аулында ашылып зерттелген еді. Мұнда қола мәдениетінің бірталай қызықты ескерткіштері ашылған соң ол ғылымда мәлім бола бастады .

Ақсу-Аюлы кешені ертедегі сирек құрылыстардың бірі. Бұл аумақты құрылыстың тұрғызылған уақыты қола дәуірінің өркендеген кезіне жатады (біздің заманымызға дейінгі XII-XI ғасыр). Бұл құрылыс жер астында, диаметрі 30 метр, биіктігі 1,8 метр үлкен жер обаның астында болған, топырақ астында келген; оның бүтін тұрған детальдары сол заманғы тас конструкцияны айқын бейнелейді.

Өзінің көлем композициясы бойынша Ақсу-Аюлы кешені бұрыштары дөңгелене жасалған тік бұрышты үй. Бұл екі тас қабырғадан тұрғызылған бір ғана үй, Қабырғалардың арасындағы кеңістік айналып өтетін коридор түрінде салынған (30-сурет). Дәндібай аулындағы құрылыс сияқты Ақсу-Аюлы кешенінің төбесі сатылап шығарған бөренемен жабылып, ұзынша осі батыстан шығысқа қаратылған. Бірінші (ішкі) қабырғаның көлемі 2,5X3,4 метр, сыртқы (екінші) қабырғаныкі 8X7,4 метр. Ішкі үйдің дәл ортасында үлкен тас жәшік немесе тас қабыр (Саркофаг) орнатылған. Оның аумағы 2,5X1,45 метр, биіктігі 1,6 метр жерден қазып шығарған. Ішкі қабырғасы ортадағы жәшік қабірден 1-1,2 метр қашық келсе, сыртқы қабырға одан 3,5 метр алшақ салынған. Айналып өтетін коридордың (екі қабырға арасындағы кеңістіктің) ені 1,8 метр.

Қабырғаның екеуі де жерге тік көміп үлкен гранит тастардан тұрғызылған сыртқы шеңберлі дуалмен қоршалған. Шығыр дуал үйілген топырақ іргесін жағалай орнатылған, оның диаметрі 24,5 метр, тік тұрған тастардың биіктігі 1,2-1,6 метр. Қапқа тастар тұп-тура тікесінен емес, бас жағы алаңның ішіне қарай біраз еңіс қойылған. Бұл негізінде жабатын төбенің екі арасын қысқарту мақсатымен қолданған өзгеше тәсіл. Алайда бүкіл комплексе тек екі орталық үйдің ғана төбесі жабылған.

Тас кешендердің осы айтылған конструкциясы Орталық Қазақстанда соңғы жылдарда ашылған көптеген ескерткіштеден жақсы мәлім болып отыр.

Қабырғаны мықты етіп қалау үшін оған ерекше беріктік және тұтастық беретін өте ірі тақта тастар пайдаланған. Тастар тік бұрышты, шаршы және параллелипипед түрінде өңделген, бұлардың көлемі 40X35X5 сантиметрден 120X80X7 сантиметрге дейін болады.

Сақталған қабырғаларды тік жарып зерттеу ең ірі тақта тастар төменгі қатарларды қалау үшін қолданылғанын көрсетті. Қабырғалардың жоғары көтерілуіне қарай тас тақталар бірте-бірте кішірейе береді, жоғарғы қатарда олардың көлемі 45X35X6 сантиметрден аспайды.

Алаңның ірге негізі балшықтың, қиыршық тастың, құмқайырдың және ұсақ тастардың қоспасымен құйылған. Бұлардың қосындысы қалау

мен бутовканың берік әрі цементтелген ірге негізін жасаған. Қалыңдығы 50 сантиметрдей бутовка құрылыс алаңының орталығын тегіс қаптап, тірек қабырғаға тура жал-ғасады, сөйтіп ол шын мәнінде контрфорс ролін атқарады. Бұл техника сатылы төбе жабу салмағын көтеріп тұратын қабырға мен басқа да тіректердің беріктігін сақтау үшін қолданылған.

Қабырғаны қалау техникасы ерекше болып келеді. Олардың төменгі жағы екі қатар етіліп тура жер бетіне қаланған үлкен қапқа тастан құралған. Екінші қабырғаны оның қалыңдығын тегіс қабатын ұзын жалпақ тастармен екі ұшын шығара көлденеңінен қалаған.

2. Сақ, үйсін және қаңлы кезеңдердегі Қазақстан сәулеті (2 мың жылдықтың басы)

Антик тарихшыларымен археологиялық материалдардың деректеріне қарағанда, сақтар өзінің дамуында едәуір дәрежеге жетіп ірі қыстақтары болды: бұл қыстақтардың кейбіреулері тайпа одақтарының топтасқан жері болып, сақ тайпа шонжарларының ордаларына айналды. Б.з.б V-IV ғасырларда Сырдария бойында отырықшы қоныстардың көпшілігі сақ тайпалары болған, сонымен қатар Талас және Шу өзендерінің бойында отырықшы мәдениетінің қалдықтары сақталған. Жарты көшпелі сақтардың қыстақ қалдықтары Қаратау, Жетісу оның ішінде Алматы тауларының солтүстік баурайындағы сайларында кездеседі. Б.з.б III ғасырда сақ тайпалар одағынан Қытай шежірелерінде үйсін және қаңғы (қаңлы) деген атпен мәлім болған, экономикалық жағынан бірталай күшті тайпалар бөлініп шығады. Үйсіндер Жетісу мен Тянь-Шань тауының Сырдария мен Талас, Сарысу Қаратау төңірегін мекендеген. Қаңғы мен үйсіндердің шаруашылық тіршілігінде мал шаруашылығы қой, сиыр және әсіресе жылқы өсірді. Үйсін мен қаңғылардың мәдениет ерекшеліктері өте көп деуге болады ең көп тараған өнерінің бірі өрнек. Ал тұрғын үйлерге келетін болсақ ол үлкен патриархат жеке шаруашылық топтарына бөлініп салынған үйлердің құрылысы кепіл бола алады.

Қазақстан территориясында ертедегі құрлыстардың едәуір сораптары сақталған, бұлардың, көпшілігі сақтардың, үйсіндердің, қаңғылардың, қыпшақтардың тағы басқа тайпалардың тарихымен байланысты. Өзінің негізгі қола дәуірінің құрылыс дәуіріне жататын ірі қорғандар Қазақстанның оған іргелес Оңтүстік Сибирь, Орал және Орта Азияның облыстарының бүкіл территориясына кең тараған. Өзінің негізгі сипаттары жағынан алғанда қорған ескерткіштер ру коллективінің өлген мүшелерін еске түсіруге арналған бейіттер болып келеді.

Мемориалдық ғимарат пен қорғандар. Қола дәуірінің соңы кезеңінде жасалған ең ірі мемориалдық құрылыстардың бірі Беғазы тас кешені (Тақта-тас) қорғаны болады. Бұл-Қазақстандағы мегалит құрылыстардың онан әрі дамуы негізінде болған ескерткіштердің ерекше бір тобы. Беғазы монолиттері ертедегі ең қызық және сирек кездесетін

құрылыстар қатарына жатады. Беғазы монолиттері шаршы жоба мен бір бірін енгізе орнатқан екі қабырғалы құрылыс, олар бір немесе бөлмеден және бүйірі төрт құбылаға қараған. Бұлардаң басқа қорғандар қоғамның қандай жігіне жататындығына қарай, қорғандар көлемі жағынан әртүрлі болады. Мысалға Тайпа көсемдерінің қорған табытханалары өте үлкен. Бұлардың диаметрі 40 метрден 150 метрге дейін, биіктігі 18-20 метрге (бес шатыр) дейін жетеді. Қорған ішіндегі жер камераға не тас табытқа тайпа көсемінің сүйегі қойылған, оның өзіне тән қаруларымен және тірі кезінде пайдаланған заттары өзімен бірге көмілген. Кейбір қорғандарда мінген атты қоса көметін арнаулы камералар болған. Ал қоғамның жай мүшелерінің қорғаны бұған керісінше барынша қарапайым болып келеді. Архитектура тарихы үшін қорғандардың әсіресе төрт түрінің үлкен маңызы бар.

«Мұрттары» яки ұзын жалдары бар қорғандар (Орталық Қазақстан), бұлардың болуы қоршау керегелерінің салына бастағандығын аңғартады. Өзінің жобасы жағынан алғанда «мұртты» қорғандар тауетегіндегі үлкен алаңды алып жатқан әдеттегі тас құрлыстардың ерекше ансамблін құрайды.

Жерге тіке қадалған үлкен гранит тақталардан қаланып айнала қоршалған зор тас қорғандар – бұл тәсіл қола дәуіріндегі мегалит құрылыстарының дәстүрімен жалғасады (Іле өзенінің аңғарындағы бес шатыр).

Қорғаныс құрылыстарының жобасы сияқты концентр жүйесінде қаланған тас қорғандар (Берікқара, Қаратау жағы).

Жоғарыда көрсетілген қорған типтерінің ансамбінен тұрғызылған тас қорғандар (Орталық Қазақстан, Қанаттас)

3. Түрік қанағаты мен Қараханид мемлекеті кезеңіндегі Қазақстан сәулеті

Түрік қанағаты мен Қараханид мемлекеті кезеңі. Революцияға дейінгі Қазақстандағы құрылыс ісі мен архитектураның даму тарихында және техника мен мәдениетінің осы саласында ұлттық дәстүрдің қалыптасуы тарихында VII-XII ғасыр басты орын алады. Арихи себептердің салдарынан бұрынғы кезде тоқтап қалған қала құрылысының өсе бастауы, дала мен қалаларда құрылыстардың жаңа түрлерінің жайылуы, кейіннен қалыптасып дәстүрлі ұлттық тәсіл болып алған архитектурадағы формалардың орнығуы осы дәуірмен байланысты. Біздің заманымыздың VI ғасырында таптық қатынастардың даму процесінде Қазақстан территориясында ертедегі феодалдық мемлекет – Түрік қағанаты туғаны мәлім. Бұл Түрік қағанаты біздің заманымыздың VIII ғасырына дейін өмір сүріп, кейіннен шаруалардың бектерге қарсы күресі мен руаралық соғыстардың нәтижесінен құлап, батыс және шығыс қағанаттарға бөлінген. О кезде Қазақстан халқының негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болса да, екінші

жағынан Жем, Жайық, Сырдария, Талас, Шу, Іле, Торғай, Сарысу өзендерінің аңғарында; Қаратау, Алатау баурайларында және басқа жерлерде егіншілік болады. Шеберлік ісі ел қоныстанған қалаларда өркендеді, соның бірі батыс қағанаттың астанасы болған Суяб қаласы еді. Мұны сол заманғы қалалардың орнын қазумен ашқан археологиялық заттар дәлелдейді. Шаруалардың (қара будундардың) көтерілісі мен руаралық соғыстардың нәтижесінде түрік қағанаты ажырап, VIII-X ғасырларда жеке түрік тайпалары – түргештермен қарлұқтардың үстемдік етуіне ауысты. Түргеш – қарлук үстемдік еткен дәірде Қазақстанда феодалдық қарым-қатынастар түбегейлі қалыптасады: сауда өркендейді, әсіресе Қазақстанның оңтүстік аудандарында халықтың отырықшылыққа ауысуы бұрынғыдан да күшейе түседі. Һалалардың және олардағы құрылыс ісінің қауырт өсуі қоғам өміріндегі осы құбылыстармен байланысты болады. Осы кезде арабтар арқылы Қазақстанға енген ислам діні баяу тарады, ол мәдениет пен шаруашылықтың жалпы дамуында реакциялық роль атқарып, ат төбеліндей феодалдардың көзқарасы болып қала берді. Сурет салу өнері саласынан жан-жануарлардың бейне суретін салу бірте-бірте шығып қала береді. Сөйтіп, ескі кісітастар уақыттың өтуіне қарай құлпы тастарға айналады. Жан-жануарлардың бейне суреттерін өрнек суреттерге қосуға тиым салынуына байланысты шеберлік-ою өнерінде схематизацияға артықша орын беріледі. Бұл алғашқы мәнді және бейнені жоғалтуға әкеп соғады.

Қазақстан сәулеті (X-XII ғғ.). Келесі қарақандық дәуірі (X-XII ғасырлар) ең алдымен жаңа қалалардың пайда болуымен емес, бұрынғы қалалардың қауырт өсуімен, едәуір дәрежеде олардың сеауда- кәсіп кварталдары есебімен ұлғаюмен сипатталады.Қарақандық дәуірдегі қалалар барынша алуан түлі типті құрылыстар арқылы(сардобалар) салынды.Ислам діні үстемдігі тарауына дейін сақталып қалған христан шіркеулері мешіт етіліп қайта жасалды. Мысалы, Ертедегі таразда бас шіркеу мешітке айналдырған (б.заманымыздың 893-94 жылдары) .Қалаларда құрылыс жұмыстары аумағының артумен,оларды көркейтумен, монументальды құрылыс типтерінің алуан түрлілігімен қатар, құрылыстың ұзаққа шыдауын, мықтылығын қамтамасыз ету жөнінен де белгілі дәрежеде қамқорлық туады.Бұл жөнінде арша мен қараағаштардан жасалған ағаш байлам элементтерін қолдану және жадағай кірпіштерді (30х30х5 және 26х26х5) пакйдалану,сайып келгенде құрылыс материалдар ы саласында жалпы алға басудан көрінетін антисептикалық шаралар кепілді бола алды.Қарақандықтар дәуірнде қалыптасқан монументалды құрылыстар формасы мен архитектура құрылыс тәсілдерінің негізгі дәстүріне айлады: ашық қарапайым жоба (шаршы), орталық – порталды құрылыстардың төбелері не порталды күмбез, не конус түрінде жасалуы.Бұлар архитектура шығармасывна ислам дінінің реакциялық идеялогисы дәріптеп көрсететін таптық

сипатына қарамастан халықтың суәулет өнері мен дәстүрі , декоратив-жапсырма өнері бұлардың архитектуралық көркемдік бейнесінің негізі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан ескі қала құрылымы (Отрар, Исфиджаб, Кедер, Весидж және т.б.). Қазақстан территориясында феодалдық қарым-қатынас қалыптасуының ең бастапқы кезеңінің өзінде-ақ жаңа отарықшы егіншілік қоныстары пайда болды. Осы жаңа қоныстар сонымен қатар ертеден қоныс тепкен қыстақтардың едәуір бөлігі (қалалармен ауыл шаруашылық тұрақтары), сондай-ақ феодалға айналған шонжарлардың астана орындары өсіп әртүрлі типтегі феодалдық астаналарға айналды. Орда – қалалардан тарихқа белгілі болғандары – Чегу (үйсін ханының ордасы), Суяб (түрік қағандарының орда астанасы), Баласағұн (қарахандылықтардың бірінші астанасы), Қойлық (карлук хандарының астанасы), Янгикент (оғыздардың ордасы) және басқалар: керуен жолдарының үстіндегі және бұлардың түйіскен жеріндегі қалалар – Исфиджаб (Сайрам), Талас (қазіргі Жамбыл), Атлах, Хамукет, Құлан (Луговой станциясы), Мерке фараб (Отрар) және басқалар: ішкі сауда қалалары – Құмкент, Созақ, Алмалық (Хоргос), Сығанақ және басқалар: бекініс қорғандар – Тасақыр, Тасатөбе, Баба-ата, Ақсүмбе және басқалар. Алайда бұлай деп жіктеу белгілі бір дәрежеде шартты түрде алынғанын, қандай да болсын қаланың алғашқы негізгі құралының басым белгілеріне ғана сай келетіндігін атап өткен жөн. Шынына келгенде осы белгілердің барлығы немесе кейбіреулері бір қаланың өзінде-ақ жалғасып ұштасып келе береді. Мысалы, Баласағұн, Суяб және осыларға ұқсас басқа да қала – ордалар керуен жолы үстіндегі негізгі пункттер де болып есептеледі: Тараз, Исфиджаб, Отрар және кейбір басқа қалалар ішкі саудада маңызды рөл атқарады. Демек, отырықшы және көшпелі халықтардың байланысын тереңдете түсті: Сығанақ, Алмалық және сол сияқты қалалар кейінде керуен жолдарының түйіскен жерлері болды. Басқа қалалар жайында да осыларды айтуға болады.

4. Қазақстан сәулеті мен қыстақтары

Андрон қыстақтары өздерінің негізгі сипаттары. Тұрғын үйлердің жобасы мен конструкциясын айыруда Атасу (Жаңа Арқа ауданы), Бұғылы (1, 2, 3), Ақбауыр, Шортанды-бұлақ, Сенкебай (Шет ауданы) және Тағыбай (Баянауыл ауданы) қоныстарының маңызы аса зор.

Ақмола, Қөкшетау және Павлодар облыстарында (Бестөбе, Степняк, Бозшакөл), Жоғарғы Ертіс ауданында (Қанай, Кіші Қызылжар) бірталай қыстақтар зерттелді.

Руда шығарып, металл қорыту ісімен байланысты көзге ерекше түсетін мекендер ертедегі руда қазушылардың тұрақтары, олардың ішінде Жезқазған, Милықұдық, Ұлытау, Жанғабыл, Қарқаралы № 1 және №2 қоныстарға ерекше көңіл аударуға болады. Бұл қоныстарды ашып

зерттеу Қазақстанның кең байтақ даласында және онымен іргелес Оңтүстік-Шығыс Орал маңы мен Оңтүстік Сибирь аудандарында қола дәуірінде кең таралған тұрғын үйлердің конструкциясы мен формасын анықтауға мүмкіндік туғызады.

Бұл қоныстарда Қазақстанның ең ертедегі бақташы-малшылары мен кен қазушылары тіршілік жасап, оларға совет ғылымында «андрондар» деген шартты ат берілген, ал олардың қоныстары «андрон мекені» деп аталды, демек, қола дәуірінің ескерткіштері алғашқы рет Абакан облысының Андроновка селосы ау-данында табылды. Осыдан Андрон қонысы, Андрон мәдениеті деген атаулар шықты.

Андрон қыстақтары өздерінің негізгі сипаттары бойынша өзара өте ұқсас болып келеді. Жергілікті ландшафтың ерекшеліктеріне қарай олардың бірінен бірінің айырмашылығы шамалы ғана.

Қазылып табылған материалдарға қарағанда, қола дәуіріндегі тұрғын үй құрылысының ерекшелігі шаруашылықтың коллектив түрі мен және ру-руға ұйымдасу принципімен анықталатыны байқалады. Бұл уақытта өсіп өрбіген патриархат семьялар жалпы төбесі бір, қазан-ошағы ортақ қауымдық үйлерде тұрған. Өндіріс құралдарына ортақ меншікшіліктің болуы жалпы шаруашылық құрылыстарының, қоғамдық қоймалар мен жалпы; мал қоралардың да меншіктес болуына жағдай жасады.

Қола дәуірінің қыстақтары оннан қырыққа дейінгі мөлшерде кездесетін жер үйлер тобынан құралған. 2-3,5 гектар жерді алып жататын бұдан гөрі де ірі қыстақтардың орны кездеседі, мұндай қоныстардағы тұрғын үйлердің саны бірінеше ондап саналады (Бұғылы, Шортанды бұлақ).

Андрон қыстақ орындарының айқын жоба схемасы жоқ. Ол көбінесе ретсіз, қалай болса солай салынған үйлер тобы. Бұлардың орналасуы көбінесе жергілікті топографияға байланысты болған. Алайда жобасы қоғамдық малды сақтау ісіне бағындырылған қыстақ орындары да аз жолықпайды.

Тұрғын және шаруашылық құрылыстардың тобы орталық алаңы ашық, алқа-қотан түрде орналасқан болып келеді. Орталығы ашық алаң ілал жусату үшін керек болған. Мұндай жоба Атасу, Шортанды бұлақ және Жабай-Қарасу қоныстарында айқын көрінеді. Қыстақтардың іргесін салғанда ертедегі құрылысшылар қолайлы орындарды (таулы жердің сайлары, өзен аңғарын, су қоймаларын сағалап) ақылмен ойластырып пайдаланған. Кейінгі кездердегі қазақтың қыстаулары сияқты қола дәуірінің қоныстары да таудың ық жақ бауырын ала орналасқан; ал ашық жазықтарда қыстың суық боранынан біраз тыныштық алу үшін қораның сыртқы жағын дуалмен қоршаған. Даланың дауыл боранынан тұрғын үйді қорғаған дуалдар Атасу, Ақбауыр, Алексеев және Садчиков сияқты бірқатар қоныстарда сақталған. Боранға қарсы дуал жасау қазақ халқының құрылыс практикасында кеңінен өріс

алды. Қыстауларды қар басып кетпеу үшін, оны долы бораннан қоршау үшін қыстаулардың боран соғатын жағынан тұрғызатын қоршаудың бұл бір түрі. Бұл дуалды қазақтар тұрақты етіп шымнан, тастан, кірпіш: тен, ал уақытша болса қардан қалайтын (аққала). Андрон қыстақ орындарында дуал қоршаулардың кездесуі әрине, адамдар дүлей жаратылыспен күресе отырып, сол қола дәуірінің өзінде-ақ өздерінің үйлерін қысқы бораннан сақтау үшін арнаулы дуал салу керек екенін білген.

Атасу тұрғын үйінің сәулеті. Қазақстанның климат жағдайлары үйлерді қалай қаратып салуда да жаралас алынған: қола дәуіріндегі тұрғын үйлердің ұзын тұрғысы көбінесе батыстан не солтүстік батыстан шығысқа не оңтүстік шығысқа қарай қаратылған демек, Солтүстік пен Орталық Қазақстанда жиі болатын жел өтінің бағытына қарай жасаған. Екінші түрде айтқанда тұрғын үйлердің қысқа қабырғасы көбінше суық желдің бағытына қаратылған. Атасу қыстағындағы тұрғын үйлердің жобасы не шаршы, не тік бұрышты ұзын болып келеді. Олардың бұл айтылған жобасын анықтау 1955 жылы жүргізілген қазулар арқылы мүмкін болды. Олардың конструкциясындағы ерекшелік, олардың қабырғалары жерге тіке қазылып көмілген үлкен гранит тақта тастармен қапталған. Жер қабырғаларды қаптау үшін ұзындығы 150 сантиметрден 180 сантиметрге дейінгі тақта тастар қолданылған, бұлардың түбі жерге 30 - 40 сантиметрге дейін қазылып көмілген Атасу тұрғын үйінің едені жер, оған қалыңдығы 30 сантиметрге дейін топырақ пен құм араластырып төсеп, үстін таптап қойған. Сондықтан, өзінің құрылысы бойынша, ол балшықтан жасалған сәкіге ұқсайды. Бағаналардың қалған орнына қарағанда, тұрғын үйдің іші шарбақпен екі жаққа бөлініп, оның бірінде адамдар тұрып, екінші жартысында мал қораланған. Малға арналған қора бөлігінің едені мүлде басқаша, ол тұрғын үйдің едені деңгейінен 40-50 сантиметр төменіректе жатыр. Бұдан мал қиының көпірленуінен құралған органикалық қалдықтардың қалың қабаты табылды. Үлкен тас ошақ үйдің солтүстік-шығыс бұрышында болған. Есік шығыс жақтан шығарылған. Жалғас үймен жер коридор арқылы қатынасатын екінші есік үйдің, солтүстік-батыс бұрышынан жасалған. Кірер есік екі жақтарына тік қойылған үлкен гранит тастармен жақсы айшықталып белгіленген .

5. ХІХ- ХХғғ. Басындағы Қазақстан сәулеті

Қазақстан архитектурасының ХІХ ғасырдың бас кезіндегі сипаты. БҰЛ алынып отырған дәуір бүкіл ХІХ ғасырды және ХХ ғасырдың алғашқы 15жылын қамтиды. Осы уақыттың ішінде қазақ халқының әлеуметтік экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер болды.

ХVІІІ ғасырдың 30 жылдарында басталған Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылу процесі ХІХ ғасырдың 60 жылдарында аяқталды. Қазақстанның Россиямен саяси экономикалық байланысын бірте-бірте

күшейте түсуге себеп болған осы тарихи уақиға қазақ халқының бұдан арғы дағдырын белгілеп, оны Жонғария мен Орта Азия хандықтары тарапынан құлдану қаупінен азат етіп, еңбекші қазақтардың орыс халқының озат мәдениетімен араласуы үшін нақтылы жағдайлар жасады.

Алайда Қазақстанның Россияға қосылу кезінен басталған алға басу жағдайына қарамастан, ол XIX ғасырдың басында мешеу ел болып қала берді. Мұнда патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастар үстемдік етті. В.И. Ленин өзінің «Россиядағы капитализмнің дамуы» деген еңбегінде көрсеткен шаруашылықтың феодалдық тәсілдерінің барлық белгілері, белгілі дәрежеде, XIX ғасырдың басындағы Қазақстан экономикасына тән еді¹.

Көптеген қазақтардың шаруашылығының негізгі саласы ру арасындағы барымта-тартыстардың, немесе ауық-ауық шөп шықпай қалып, жүт болудың арқасында жиі-жиі құлдырап, кері кетіп отыратын көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып келді. Екіншілік солғын дамыды. Екіншілік техникасы өте төмен болды. Жерді дөрекі соқамен жыртты немесе кетпенмен шапты. Қазақстанда товарды ақша қарым-қатынасының дамымағандығының ерекше белгісі айырбас саудасы болды.

Қазақстанның саяси құрылысындағы өзгерістер — Кіші жүз бен Орта жүзде хандық өкметінің жойылуы еді. Бұлардың иеленген жерлері кейін жеке аймақтарға бөлініп, не дуан-дуанға жіктеліп, оларды Аға-сұлтан басқа-

ратын болды. Кіші жүздің біраз бөлігі мен Ұлы жүз түгелдей Орта Азияның Хиуа және Қокан хандықтарының қол астында болды, Бұл бытыраңқылық XIX ғасырдың 60 жылдарында қазақ жерінің Россияға толық қосылып болуына дейін созылып келді.

Орыс патша өкіметінің, Орта Азия хандықтарының және ат төбеліндей жергілікті феодалдардың ең жақсы жерлерді басып алуы салдарынан туған мал жайылымдарының жетіспеуі өзара соғысуды жиілетіп, еңбекші бұқараның экономикалық жағдайының нашарлауына әкеліп соқты. Осының салдарынан патриархалдық, феодалдық тұрмыс салты бұзылып, қазақ аулында таптық күрес шиеленісе түсті. Қайыршыланып жүдеп-жадаған халық бұқарасы өкі жақтан бірідей езуге қарсы күресті. Сөйтіп өзінің ауыр жағдайын жеңілдетуді көксеп, Россиямен жақындасуға тырысты. Феодалдық, бытыраңқы болған Қазақстан ол кезде саяси-экономикалық жағынан Россиямен де, Орта Азия хандықтарымен де байланысты еді. Осы байланыстың қайсысы болса да Қазақстанда архитектура мен қала салу ісінің өкендеуіне өзінің ерекше ізін қалдырды.

Мысалы, бұрын қолөнершілікті сауда және саяси, діни орталықтары болып келген Оңтүстік Қазақстанның ескі қалалары Әулие-ата, Шымкент, Түркстан, Созақ, Сайрам тағы басқаларын алсақ, олар әлденеше рет

жоңғар шабуылына, өзара соғыс әрекетіне ұшырап, әлденеше рет талқандалды, Орта Азия хандықтарының да 'қоластына түсті, сойтіп күйреп құлдырау халіне жетті.

Осы кезде Оңтүстік Қазақстан жерімен жүріп өткен орыс жолаушылары кілең, қаңырап бос қалудың белгілерін атап көрсетеді. Мысалы, 1800 жылы, сол жерлерде болған Пospelов пен Бурнашев Түркстан қаласы туралы былай деп жазады: «Ертеде бірталай даңқты болған бұл қаланың қаңырап қалғаны. сондай, мұнан кәзір 300 үйді де санап шығуға болмайды, қаланың бұрынғы кең аумағы тек құлап жатқан үйлерден ғана көрінеді»²,.

Бұрын сауда орталығы болып келген айырбас сарайлары XIX ғасырдың алғашқы ширегінде. өзінің маңызын жоғалтады, олардық орнын үлкен товар. айналымдары бар көптеген жәрменкелер басады. Олардың ішін-дегі ең ірірегі Орал, Орынбор, Орск, Тройцк, Атбасар, Ақмола, Семей және Қоянды жәрмен-келері болды.

Қазақстан архитектурасының XIX ғасырдың екінші жартысы. XIX ғасырдың екінші жартысында сауданың өркендеуімен байланысты мал шаруашылығының товарлығы да тез өседі. Егіншілік өріс алады. Байлардың көптеген шаруашылықтарында плугтер, сеялкалар, ат тырмалары; шөп машиналары, молотилкалар және басқа да ауыл шаруашылық құралдары пайда болады. Қолөнері өндірісі товарларының базарда көбірек сатыла бастауы қолөнері кәсібін кеңейтуге себеп болады.

Былғары өндірісі барынша жақсы дамыған қол өнерінің бірі болды. Теріден алуан түрлі аяқ киім, ыдыс, ат тұрмандары, киім-кешек заттары—белдік, шалбар және басқалар жасалатын болды. Теріні өңдеу және етік тігу ісімен арнаулы шебер етікшілер шұғылданды. Терінің өзі сияқты одан істелген бұйымдар сапасында жақсы болды. XIX ғасырдың 70 жылдарының бастапқы кезіне жататын документтердің: бірінде қазақ етікшілерінің шеберлігі жөнінде былай делінген: «Кәзіргі кезде Баянауыл және Көкшетау округтерінің қазіақтары етік шеберлігіне өте ұста, олардың тіккен мәсілері, кебістері ұқыптылығы мен мықтылығы жөнінен Бұхар мен Ташкент шеберлерінен аспаса ешбір кем түапейді».

Қазақ ұсталары мылтық, қылыш, қанжар, балта, қайшы, кетпен, балта шот, күрек, ат-тұрман, қой қырқатын қырықтық, ұстара, ше-ге, құлып және тағы басқаларды жасады.

Қазақтарда зергерлік өнерінің дамуы жоғары дәрежеде болды. Қазақ зергерлері жұқа мыстан ер-тоқымға, жүгенге және мылтыққа алуан түрлі өрнектер қиып орнатты. Күміс және алтын іаіқшіасыян 'әйелдерге білезік, сақина, жүзік, сырға, алқа, қалыңдыққа арнап сәукеле жасайтын еді. Сондай-ақ жоғарыда ікелтірілген документте «Қырғыздардағы бұл шеберлік (зергерлік ісі) барынша дерлік жетілдірілген және өзіне тән жолмен' өокен» делінген.

Қазақстанның орманға бай солтүстік аудан-дарында тұрған қазақтар ағаш ұсталығы өнерімен шұғылданады. Ағаш ұсталарының артелі немесе жекелеген шеберлер тұрғын үй салып,, үйге керекті мебельдер мен басқа да заттарды: кереует, кебеже, сандық, дөңгелек стол, алуан түрлі жүкаяқтар, үй керегелерін, уықтарды,, шаңырақтарды және басқаларды жаоап шыға-ратын болды. Ағаштан қырнап жасаған, сүйектен ойып безеген не көз тартатын, ашық түсті бояумен түрленген үй ішінің заттары зор көр-кемдік қасиетте болды.

Жоғарыда іаталып өткен-дей бұрынғы әскери бекіністер болған Орал, Гурьев, Оренбург, Орск, Троицк, Петропавл, Павлодар, Семей, Өскемен, Верный және бас-қалар оған Қазақстанның кейбір аудандры келіп қосылған мәдени-экономиюалық жаңа ор-талықтарға айналды. Егер ХІХ ғасырдың ба-сықда Қазақстандағы қалалардың саны 10 нан аспаоа, енді, 90 жылдарда олардың саны 16 тен асады.

Сабақтың мақсаты мен міндеттері

Пәннің мақсаты: Болашақ журналистер қазіргі шоу-бизнес туралы теориялық және практикалық білімге негізделген құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Пәннің міндеттері: өнер тақырыптарының қыр-сырын игеруге ықпал ету. Салалық баспасөздің оқырман үшін қажеттігін үйрету. Шоу-бизнес баспасөзінің артықшылықтарын нақты мысалдар арқылы көрсету.

СӨЖ тапсырмалары

Кіріспе. Ақпарат әлемі және арт-журналистика
Көсемсөз бен шешенсөз
Әдебиет және журналистикалағы жанр көрінісі
Публицистика және әдебиет
Баспасөздегі әдеби сын
БАҚ және тіл мәдениеті
Телесценарий жазу өнері
Радиодағы диктор қызметі
Телеарнадағы тақырыптау тәжірибесі
Журналистикадағы шоу-бизнес
Журналистің шығармашылық мәдениеті
Хат – эпистолярлық публицистиканың бастау көзі
Медианарықтағы ұлттық дәстүр мен өнер
Жаһандық ақпарат кеңістіктегі арт-журналистика
Қазіргі қазақ мәдениетіндегі арт-журналистика
Журналистика және өнер
Журналистика және мәдениет
Журналистика және шоу-бизнес
Телевизиядағы ойын-сауықтық бағдарламалар
«Қазақстан» ұлттық арнасындағы ток-шоулар
«Хабар» арнасындағы ток-шоулар
«Қазақстанның бірінші арнасындағы» ток-шоулар
Радионың арт-журналистикасы
Баспасөзде өнер мен мәдениет тақырыбының қозғалуы
Шоу-бизнес журналдары
Жергілікті баспасөзде өнер мен мәдениет тақырыбының қозғалуы

Сабақтарға дайындалуы бойынша білім алушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар

Студиялық сабақ міндетті түрде студияды өтуі тиіс. Сол себепті студенттер қажетті техникалық құралдарымен келуге міндетті (диктофон, фотоаппарат, ноутбук, микрофон, наушник, CD, DVD диск т.б.)

Сабақ қажетті техникалық құралдармен қамтылуы тиіс. Сол себепті студенттер студияға жауапты қосалқы қызметкерлерден техниканың жарамдылығын талап етуге міндетті

Студияда берілген практикалық тапсырмалар сол сәтте орындалуға жатады. Сол себепті студенттер барлық зейінін студиядағы жұмысқа аударуы тиіс

Қажет кезінде студенттер студиялық тапсырманы орындау үшін сыртқы шығып түсіріліп жасауға, аудиожазба басып алуға құқылы

Үй тапсырмасы келесі сабақта орындалып келуге міндетті

Студенттер студияда тәртіп сақтауға, әдеп көрсетуге, қатты сөйлемеге, бір-бірін құрметтеуге міндетті

Сабаққа кешікпей келу және сабақтан қалмау (әр жіберген сабақ «0»-мен бағаланады)

Сабақ үстінде орынсыз сұранбау

Сабақ үстінде ұялы телефонды сөндіріп қою, сабақта белсенді болу

Тапсырмаларын дер кезінде өткізіп отыру

Оқытушымен орынсыз сөзге келмеу, сыйлау

Сыныптас әріптестерін сыйлау

Топ басшысының тапсырмасын бұлжытпай орындау

Студиялық дәрістерді орындау үшін маманмен жоспар бойынша жұмыс жүргізу

Сабаққа қатысуға қойылатын талаптар

1. Сабаққа жүйелі қатысу, кешікпеу, сабақты себепсіз босатпау;
2. Сырқаттанып қалған жағдайда медициналық расталған анықтама көрсету және оқытушы белгілеген уақытта қарыз сабақтарын өтеу;
3. Сабақ уақытында ұялы телефонды сөндіру;
4. Үй жұмысын тиянақты орындау, тапсырма орындалмаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі;
5. Күнделікті қосымша сабақтарға қатысу;
6. Оқу үрдісіне белсенділік таныту;
7. Курстас жолдастарын және оқытушыны құрметтеу, сыйлау, шыдамды, ашық, адал және мейірімді болу;
8. Барлық

сабақтарда кері байланысты үйлесімді қолдау; 9. Оқу құралдарына мұқият қарау. 10. Тыңғылықты және жауапкершілікті болу.

Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар

Интерактивті тақта

Проектор

Фотоаппарат

Сабақтарды өткізу кезінде қолданылатын программалар:

Exsel,

Power Point,

MS Word,

Microsoft Office Outlook

Wordpress,

Nero

Adobe InDesign CS5,

Adobe Photoshop,

Сабақтарды өткізу тәртібі

Сабақтың тақырыбы оқу силлабусына сәйкес қалыптастырылады;

Сабақ тақырыбы телестудияға, радиостудияға, фото лабораторияға, БАҚ-пен жұмыс кабинетіне қатысты басқа оқу пәндерімен және сабақтармен байланысты

Білім алушылардың сабаққа дайындығы студиялық жұмыстары арқылы (бейне жазба, аудио жазба, фото сурет) тексеріледі;

Сабақ тақырыпқа (оқу пәнінің жұмыс бағдарламасына) сәйкес және болжамды оқыту нәтижелеріне, құзыреттерді қалыптастыруға сәйкес өткізіледі;

Сабақтың қорытындылары баға арқылы тұжырымдалады.

Өртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Бағалау:

0-49 Бағдарлама материалдарын толық білмеген жағдайда; негізгі оқу бағдарламасы материалдарын білмеу және өрескел қателіктер жіберу

50-74 Жауап негізінен дұрыс болғанымен толық емес; бағдарлама материалдарын жеткілікті дәрежеде толық түсінбеу; басты идеялар мен теориялық мәселелерді мегеруде жекелеген қателіктер жіберу; өзіндік қорытындылар мен жалпы сипаттау жоқтығы

75-89 Жауап толық және дұрыс; зерттелетін негізгі деректердегі басты мәселелерді игеру. Қоғамдық құбылыстарға дұрыс баға беру. Фактілік материалдар, негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды білу. Оқу пәндері бойынша материалдарды, баспасөз құралдарынан пайдалана білу. Дәлелдеу, өз ойын жеткізу, қорытындылар мен сипаттама бере білу. Бірақ аздаған кемшіліктері бар.

90-100 Жауап толық және дұрыс; зерттелетін негізгі деректердегі басты мәселелерді игерудегі білімін көрсете білу. Қоғамдық құбылыстарға дұрыс баға беру. Фактілік материалдар, негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды білу. Оқу пәндері бойынша материалдарды баспасөз құралдарынан пайдалана білу. Дәлелдеу, өз ойын жеткізу, қорытындылар мен сипаттама бере білу

Айыптық баллдар:

- сабақты босатқаны үшін -10 %
- жұмысты дер кезінде тапсырмағаны үшін -10%
- кешіккені үшін -10%

Ынталандыру баллдары:

- жұмыс жасауда белсенділік танытқаны үшін- + 10%
- сабақты босатпағаны және кешікпегені үшін- + 5%
- ерекше шығармашылық танытқаны үшін- +10%
- тапсырманы мерзімінен бұрын орындағаны үшін- + 5%.

Бағалауда дәлелдеу объектісіне қойылатын талаптар

Дәлелдеу объектісі болуы мүмкін (пәнге қатысты үшеуінің ішінен таңдап алынады):

1) Іс-әрекет өнімі. Бұл жағдайда бағалау өнімнің сапасына негізделеді, ал бағалау критерийлері оқыту нәтижелері жетістіктерінің сапалық белгілері болып табылады.

2) Практикалық іс-әрекет. Бұл жағдайда іс-әрекет үдерісінің сапасы ескеріледі. Бағалау критерийлері тапсырманы орындау үдерісін кезең бойынша бақылауға негізделеді.

3) Меңгерілген білімді жазбаша немесе ауызша растау. Бұл білімгерлер белгілі іскерліктерді қалыптастыру үшін ақпараттардың жеткілікті санын игергенін және еркін меңгергенін анықтау қажет болған жағдайда қолданылады.

ОБСӨЖ тапсырмалары

Ақпарат әлемі және арт-журналистика
Көсемсөз бен шешенсөз
Әдебиет және журналистикағағы жанр көрінісі
Публицистика және әдебиет
Баспасөздегі әдеби сын
БАҚ және тіл мәдениеті
Телесценарий жазу өнері

Радиодағы диктор қызметі
Телеарнадағы тақырыптау тәжірибесі
Журналистикадағы шоу-бизнес
Журналистің шығармашылық мәдениеті
Хат – эпистолярлық публицистиканың бастау көзі
Медианарықтағы ұлттық дәстүр мен өнер
Жаһандық ақпарат кеңістіктегі арт-журналистика
Қазіргі қазақ мәдениетіндегі арт-журналистика

Өзіндік жұмысты орындауға арналған тапсырма нұсқаулары

- оқу пәнінің ең маңызды тақырыптары бойынша білім алушылардың хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабақ жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты сұрақтарын талқылау;
- білім алушылар ұсынған тапсырмаларды және сұрақтарды талқылау;
- оқу пәнінің теориялық қағидалары мен тұжырымдамаларын талдау;
- конструктивтік пікірталастар;
- «дөңгелек стол»;
- «ақылдасу»;
- «топсеруен»;
- «аз топтардың» әдісі;
- «баспасөз мәслихаты» әдісі;
- «түпдеректерді түсіндіру» әдісі;
- іскерлік ойын;
- оқылатын оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сәйкес басқа да педагогикалық іс-әрекет түрлері болуы мүмкін.

Өзіндік жұмыстарды дайындау және оқытушыға оларды беру барысында алатын ұпайы:

- Ең жақсы реферат, аналитикалық талдау- +5%
- Ең жақсы слайд- +10%

Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау (қажет болғанда) ережесі

Студиялық сабақтарды өткізу үдерісінде техникалық құралдар қолдануда техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелері қатаң сақталады.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

- Гайдамакова Б.Д. Основы редактирования телепередач. М.: ИПК, 2001.
- Гаспарян В.В. Работа радиожурналиста. Технология творчества. М.: ИПК, 2000.
- Дмитриев Л.А. Искусство драмы. М.: ИПК, 2006.
- Дмитриев Л.А. Искусство информации. М.: ИПК, 2006.
- Дмитриев Л.А. Искусство публицистики. М.: ИПК, 2000.
- Дмитриев Л.А. Парадоксы художественного образа. М.: ИПК, 2002.
- Дмитриев Л.А. Рынок искусств и искусство рынка. М.: ИПК, 2004.
- Дмитриев Л.А. Законы творчества. М.: ИПК, 2006.
- [Лазутина Г.В. Основы творческой деятельности журналиста. М.: Аспект Пресс, 2004.](#)
- Митта А.Н. Кино между раем и адом. М: Зебра, 2007.
- Пронина Е.Е. Психология журналистского творчества. М.: Изд-во Моск. ун-та, 2002.
- Самарцев О.Р. Творческая деятельность журналиста. М.: Академический проект, 2007.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Қазақтың ауызекі көсемсөзі	5
Шешендік өнер және сөйлеу шеберлігі	6
Журналистикада мақал-мәтелдерді қолдану	10
Журналистің риторикалық әдет-дағдылары мен шеберлігі	11
Көркем әдебиет, журналистика және публицистика	16
Шешендік сөздердегі публицистикалық белгілер	20
Замансөз. Шешенсөз. Көсемсөз	21
Сөз өнері	32
Ұлттық өнер және баспа өнімдері	35
Қазақ киносы және журналистика	42
Қазіргі театр және журналистика	49
Қазақ бейнелеу өнері және журналистика	54
Қазақ ән өнері және журналистика	56
Күй тарихы және журналистика	62
Қазақ сәулет өнері және журналистика	66

Оқу басылымы

Сердали Б.

АРТ-ЖУРНАЛИСТИКА

Оқу құралы

*Шығарушы редакторы А. Сәдібеков
Мұқабасын көркемдеген Ә. Оспанов*

Басуға 26.10.2020 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.

Көшірме басылыс. Көлемі 6,2 б.т.

Таралымы 500 дана

